

Жақсыбай САМРАТ



АБЫЛАЙДЫҢ
АҚ ҮЙІ

Жақсыбай САМРАТ

АБЫЛАЙДЫҢ АҚ ҮЙІ

**Астана
2010 жыл**

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 Қаз)

САМРАТ Жақсыбай. Абылайдың ақ үйі. Астана, 2010. – 160 б.

ISBN 978–601–254–090–1

Журналист – жазушы Жақсыбай Самраттың «Абылайдың ақ үйі» атты бұл кітабы зерттеу еңбегіне жатады. Автор қазіргі Петропавл қаласының аумағында Абылайдың үйі болғанын, ол үй күйіп кеткен соң орнына салынған ғимаратты халық «Абылайдың ақ үйі» атап кеткенін дәлелдеп шыққан. Қазір ол «Мәдени мұра» бағдарламасының шеңберінде қалпына келтірілді. Сонымен бірге еңбекте Абылай ханның қазақ ұлтының сақталып қалуындағы теңдессіз еңбегі, Петропавл қаласының салынуы мен өсуіндегі қазақтар үлесінің зорлығы түрлі дәйектермен өрнектелген.

Кітап тілі жеңіл, қызықты оқылады.

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978–601–254–090–1

© Ж. Самрат, 2010

ТАНЫМДЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ЕҢБЕК

Бұл еңбек Абылай ханның өмірі мен істерінің қазақ халқының тарихындағы орны толмас маңызын көрсете беру мақсатында жазылған екен. Белгілі тарихи құжаттар мен деректерге сүйене отырып автор Абылайдың халықаралық саясаттағы әрекеттеріне байланысты бұрынғы қалыптасқан пікірлерден өзге, жаңа тұжырымдарды да батыл айтқан. Әрине, оларды тереңірек зерделелей түсу қажеттігі айқын. Дегенмен мұндай жаңа идеялардың болғаны жөн және ондай ойлардың да өмір сүру қақы бар.

Еңбектің екінші бөлімінде қазіргі Қызылжар шаһары тұрғанаумақты қазақтардың ежелден қоныстанғаны, қаланың салынуына, өсіп-өркендеуіне олардың тікелей қатысқаны тарихи деректерге сүйене отырып баяндалған. Шын мәнінде Қызылжар өңірін ерте заманнан бері қазіргі қазақтардың арғы ата-бабалары қоныстанып келген. Соның ішінде біздің дәуірімізге дейінгі (БДД) VII – IV ғасырларда Сібір мен Солтүстік Қазақстанда сақ-скиф және сармат тайпаларының рулары тұрған кешкен. Өңірдегі этникалық өзгерістер БДД II ғасырда осы жерлерге гундердің (түркілердің арғы аталары) басып кіруімен басталып, халықтардың Ұлы көші-қонының түркілік кезеңіне дейін жалғасты. V-VII ғасырларда «қыпшақ» этнонимі пайда болды. Олар да Орталық Қазақстан мен Батыс Сібір жазығына қоныстанды, ал XI ғасырдың соңына таман Ертістен Дунайға дейінгі ұлан-байтақ кеңістікте саяси басымдыққа ие болды. Моңғол кезеңінен кейінгі Солтүстік Қазақстанның этникалық тарихы қазақ халқының қалыптасуымен аяқталды. Соның ішінде бұл аймақта Орта жүз құрамына енетін арғындар, керейлер

және басқа рулардың өкілдері тұрды. XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқының негізін құраған этникалық топтардың мемлекетке бірігуі оның шоғырлану үдерісінің аяқталуын жылдамдаты.

Автордың мәлімдеуінше және бұл тарихи факт – қазақ жерінің мал жайлымына, адам қонысына жарайтын отты, сулы өңірінің бос жатқан аумағы мүлде болмайтын, оның барлық пұшпағын иелері жылдың төрт мезгілінде бір келіп қоныстанып, шаруашылық талабына сәйкес бірін жайлау, бірін күзеу, бірін қыстау етіп жайлап кететін. Соның ішінде қазіргі Қызылжар қаласы түскен Есілдің жағасындағы малға да, адамға да жайлы, әрі ықтасын, әрі оты мен суы мол өңірдің де бос жатпағаны белгілі. Осы жерге қорған салу үшін Ресей патшалылығының әкімгерлері Абылайдың келісімін алғаны да анық сияқты. «Алым алып жау жұртқа жерді беріп, Абылайға шықты ма екі мүйіз» деген жолдар тегін айтылмайды. Ал қаланың қорғанның ішінен емес, түбінде өскені, оған қазақ, бұқар, қоқан, татар сияқты мұсылман халықтары өкілдерінің тығыз қатысқаны да тарихтан белгілі. Әсіресе, қазақтың басқа мұсылман халықтарымен жұптасуынан өмірге келген «шалақазақ» атты ұрпақ өкілдерінің сіңірген еңбегі зор. Осы фактілерге терең назар аударған автор көптеген қалаларды, мәдениет пен өркениет ошақтарын қазақ жеріне орыстар әкелді, солар салды деген кеңестік солақай идеологияның шовинистік бағытын әшкерелеген. Осы қатарда Абылайға салынған «ақ үй» де қаланың өсіп-өркендеуінде қазақ халқы өкілдерінің қолтаңбасы барлығын айғақтайтын дәлел ретінде аталады. Оның қалай салынып, артынан қандай тағдыр кешкенін зерттеу жолында автор көп еңбектенгені үшінші тарауда молынан көрінеді.

Шын мәнінде Транссібір теміржолының бойында орналасуының арқасында Петропавлға батыстан көшірілген өзге халық өкілдері көп қоныстандырылды. Олардың көбі

бұл қаланың тарихын білмейді, тек ұлыорыстық көзқарас тұрғысынан жазылған ұшқары еңбектермен ғана таныс болуы мүмкін. Сондықтан олардың арасында Петропавлды орыс қаласы деушілер көп. Қаланың қазақы «Қызылжар» атауын алуына да сондай көзқарастағылар қарсы шығуда. Ал мәселенің шынына келетін болсақ, Иудеядан шыққан Петр мен Павел сияқты апостолдардың славяндарға, соның ішінде орыстарға да еш қатысы жоқ. Петрдің өзі Айса пайғамбардан бас тартқаны да белгілі. Ендеше кейбір орыс жерлестеріміздің жергілікті тарихқа, геосаясатқа еш қатысы жоқ Петр мен Павел (шын есімі Савел) есімдеріне байланып қалулары да дұрыс емес.

Жалпы бұл кітаптың танымдық, білімдік тұрғыдан берері өте мол, пайдалы еңбек деп есептеймін. Оны тарих пәніне қосымша ретінде сыныптан тыс оқуға пайдалану - өлке тарихын ғана емес, қазақ даласының жалпы тарихын тереңдей білуге пайдасын көп тигізеді.

Бүркітбай АЯҒАН,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

АЛҒЫСӨЗ

Осы еңбекте Абылайға қазіргі Қызылжар қаласының аумағында үй салынуының және ханның атын атауға тиым салынған кеңестік идеологияның күш алған жылдарында оның ұмыттырылған тарихының қайтадан жаңғыртылуы жайлы сөз болады. Солақай саясаттың салдарынан ұзақ жылдар бойы Петропавл қаласы салынуының, оның өсуі мен өркендеуінің қазаққа ешқандай қатысы жоқтай, ал оның ішінде қазақтың ханына үй салынуы мүлде абсурд сияқты көрсетілген біржақты, ұшқары ұстаным қалыптасып келді. Осы идеология миларын әбден торлап алған көпшілік «Абылайдың ақ үйінің» Қызылжар аумағында болғанының өзін аңыз, ертегідей көріп, мысқылмен қарайтын.

Біз, шамамыз келгенінше осы пікірдің жалғандығын, Қызылжардың ежелден қазақ қонысы болғанын, оның аумағында қазақ ханының үйі де болғанын, тіпті оның орнына артынан салынған ғимаратты да халық «Абылайдың ақ үйі» деп атап кеткенін дәлелдеп шықтық. Сонымен қатар бұл кітапта Абылай ханның өз өміріне де тоқталып, оның тарих сахнасына қалай келгені мен сіңірген еңбегі туралы да айтылған. XVIII ғасырда әркімнің жетегінде кетіп, жер бетінен халық ретінде жойыла жаздаған қазақты аман алып қалған бір шоғыр ғана атақты ерлер еді. Солардың ішінде де Абылай ханның еңбегі ерекше зор болғанын бәріміз бүгін білеміз. Сондықтан «үй» туралы әңгіменің өзін ханның өз тарихынан бастауды жөн көрдік.

Кеңестік тарихшылар колониалистік өкіметтің іс-қағаздарындағы жазба-сызбаларға, сонымен бірге дүниенің бәрін патша әкімшілігінің мүддесінен бағалап, соның көзімен барлап кеткен «арнайы» ғалымдар ментыңшы, жансыздардың

жазбаларына ғана сүйенетін. Қазақ тарихшыларының ауызша айтылған немесе араб графикасымен жазылған деректері көбінесе көзге де ілінген жоқ. Сондықтан кеңестік Қазақ тарихы барынша бұрмаланған, біржақты болатын. Ал біз өз еңбегімізді екіжақтың да деректерін салғастыра отырып жазған болдық. Оның әділ бағасын ақ жүректі адал оқырман берер деген үміттеміз.

Автор.

І БӨЛІМ

*«Сол күнде ел қорғаған Абылайдың
Қылсаң да аз қанша тәуәп моласына...»*

Мағжан

Қазақ даласының XVIII ғасырдағы тарихын қарап, сол кездегі ахуалға көз салсақ ол кілең шапқыншылық аренасы сияқты. Әсіресе, сол ғасырдың алғашқы 30 жылдығында кең даланың барлық бұрышындағы қырғын, қантөгіс, кілең қайғы мен мұң, жылау мен зарлау адамның төбе құйқасын шымырлатып, жүрегіне салмақ түсіреді. 1723 жылғы құба қалмақтың шапқынын қазақ «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деп атады. Кейбір деректерге қарағанда осы шапқыншылықта қазақтың жартысынан көбі қырылып кеткен. Қожаберген жыраудың мұңлы зары күні бүгінге дейін адамның жан-жүйесін босататын атақты «Елім-ай» жыры да сол кезде дүниеге келген. Елінен, туған жерінен айрылып, ел қорғайтын азаматтары мен басшылары қырылып, жалаңаш табандарымен ақ шанды бұрқыратып, үдере көшкен бейбіт халықтың жауға қарсы тұрар шамасы болмады. Қалмақтың шағын топтарының өзі олардың еркек кіндіктісін сұлатып салып, әйелдері мен қыздарын олжалап, мал-мүлкін талап кете берген. Шығыстан шапқан жоңғарлардан күйзелген елге батыстан Еділ қалмақтары (торғауыттар), Жайықтың казак-орыстары, Орал башқұрттары (естектер), Оңтүстіктен Қоқан бектері, Бұқар мен Хиуа хандары да толассыз шабуылдап, қайта-қайта басып кіріп, ауылдарын шауып, мал-мүлкін талап, жандарын қырып отырған. Діні бір, тілі бір дейтін соңғылардың қазақтарға жасаған бір мазағы

әсіресе естен кетпейді. Қазақ ауылдарына баса-көктеп кіретін қоканның шеріктері түрлі салықтың есебіне деп мал-мүлкін тартып алғанымен қоймай балиғатқа толмаған жас қыздарының төсін басып көріп, «жұмсақ болғаны үшін» деп те салық салған екен... Міне, осындай қорлықтарды да қазақ бастан кешкен...

Ал сол жылдарда құлдық пен күндікке әкеткен жандарда қисап жоқ. Алып кетті, тартып кетті деп аттандаған айғай мен ойбай даланың ажырамас күйі болды. Шоқан Уәлиханов ол жылдарды «было ужасным временем в жизни казахского народа» деп жазды. Кеңестік идеология көлдененді құр жібермей, ұлттық дүниелерді жоқтауға қатаң бақылау орнатып отырған кездің өзінде қазақтың ата тарихын тереңнен қозғап, осы тақырыпқа жалғыз өзі ондаған том кітаптар жазған ғұлама жазушы Ілияс Есенберлин: «Қазақ елі бұл кезде көкпарға тартуға дайындалған серке тәрізді еді. Жан-жағынан анталаған қай жауының тақымында кетеді? Әлде өзара қырылысқан хан, сұлтандар қанын сорғалатып, біреуі – аяғын, біреуі – қолын, біреуі – басын қанжығаларына байлап әкете ме, кім білсін?» деп жазған.

Осылай қырғынға ұшырай берудің негізгі кесірі – елді біртұтас қылып біріктіріп, күшті бір арнаға тоғыстырып ұстай алмаған басшылықтың болмағанынан еді. Өз Тәуке хан өлгеннен кейін үш жүздің басы бірікпей, әрқайсы өз алдына түйе айдап кетті. Бәрін біріктіретін мықты тұлға, көреген қайраткер шықпады. Халық өздерін жауға қарсы жұмылдыра алмай, бас-басына хан болғысы келген төре тұқымына сенімсіздікпен қарай бастады. Сол кезеңнің қарсаңында көз жұмған Әйтеке би өлерінің алдында «хан, сұлтан, төрелердің күні өткенін, олардың

ақыл-айласы алысқа апармайтынын» айтып кеткен екен. Қазақтың үш данасының бірі Төле би де:

Мен боламын дегендер
Ақтамады сенімді.
Көкірек қаққан хандарым
Лауазымға таласып,
Быт-шыт қылды елімді.
Береке-бітім іздеген
Таба алмадым бегімді.
Алауыз болып ағайын
Аз дұшпаннан жеңіліп,
Айтып-айтпай не керек –
Қайыстырды белімді, – деген екен.

Тәукенің орнына хан болып сайланған оның ұлы Болаттың билер мен сұлтандар арасында да, халық арасында да еш беделі болмады. Сол кездердегі сардар, әрі аузына елді қаратқан шешен, жыршы Қожаберген жырау оны: «Хан деуге аузың бармайды, Тәукенің ұлы Болатты. Неге десең ол сұлтан, Өзбекше тілді қалапты» деп шенеген. Тағы бір жырында сол жырау:

Төрелер Өз Тәукедей бола алмады,
Оларға қазақ көңілі тола алмады.
Батыр, Болат, Сәмекелер дәрменсіз боп
Кері кеткен елдің жәйі оңалмады, – деп жазды.

Ал бұл кезде қазақтың ата жауы құба қалмақтар болса өздерінің ішіндегі қайшылықтарын реттеп, орыс патшалығымен жақсы қатынастар орнатып, олар-

дан отты қару алуға қол жеткізген. Академик Манаш Қозыбаевтың жазғанына қарағанда 1715 жылы орыстарда тұтқында жүрген швед шебері Ренатты да сатып алып, оған зеңбірек құйғызған. Сөйтіп, Севан Рабтан бастаған жоңғар әскері қазақ жеріне басып кіргенде зеңбірек сүйретіп еніп, саны да, қару-жарағы да қазақтардан басым болған. Қожаберген жырау өзінің «Елім-ай» дастанында:

Орыс, Қытай көршіміз,
Ойраттарды жақтаған.
Мылтық алып солардан
Жорыққа қалмақ аттанған.
Мұсылманды қырғанға
Халқи-Жоңғар шаттанған.
Қонысынан айрылып
Халқым болды-ау ақтабан.
Қанға құмар торғауыт
Дәу мылтықты сүйретті.
Үсті-үстіне доп атып,
Даламды тегіс күңіrentті, — деп жазды.

Жырау өзінің осы дастанында қазақтың мылтық таба алмай сандалғанын да жазады:

Хиуа, Бұхар, Қокан да
Қазақтарға қатайды.
Бізден барған елшіге
Мылтық сатпай шалқайды, — дейді ол.

Айта кететін жәйт, қазақтың аса ірі тарихшысы, академик Манаш Қозыбаев Қожабергеннің осы «Елім-ай» дастанын жоғары бағалап, оны «құлтымыздың Илиада

мен Одиссеядай эпикалық өміршең трагедиясы» деп жазды. Сонымен қатар ол осы дастанның иесі Қожабергенді «дүлділ тарихшы» деп бағалап, оның шығармасында «бүкіл дәуір суреттеледі» деп атаған.

Қазақтың өз тарихындағы ұлы қырғынға ұшырауларының басы жоңғардың шабуылынан басталып еді. Енді жоңғардың сол шабуылдарын тоқтатып, қазақ халқын толық жойылып кетуден аман сақтап қалған ерлер жайына келейік.

Сол кездерде ұшы-қиырсыз кең, сары даладан «сайғақ құрлы пана таппай» босып, «шілдің боғындай шашырай» шұбырған елді тоқтатып, басын қосып, жауға қарсы қол жинай білген ерлердің еңбегі орасан зор екенін бүгін біліп отырмыз. Қазақ халқын ұлт ретінде қырылып кетуден солар сақтап қалды. Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Саурық, Шақшақ Жәнібек пен Керей Жәнібек, Бәсентиін Малайсары батырлар, Төле, Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке, Ақсуат билер мен Әбілқайыр сұлтан бастаған ерлер елді ұйымдастырып, жауға қарсы алғашқы соққыны 1727 жылы Бұланты мен Бөленгі өзендерінің жағасында берді. Осы жылы Қаратауды да жаудан босатты. Хан тауында Орда тігіп, үш жүздің қолын біріктірді. Жалпы, жоңғарларға қарсы Отан соғысында аты шыққан батырлар өте көп. Соның ішінде Бұқар жырау жоғарыда аты аталғандардан басқа Сіргелі қара Тілеуке, Қарақалпақ Қылышбек, Тіге Сатай мен Бөлек, Шапырашты Наурызбай, Қаумен Дәулет, Сеңгібай мен Шойбек, Керей Жабай, Уақ Сары мен Баян және т.б. атайды. Көптеген жырларда бұлардан басқа Қыпшақ Қошқарбай, Қоңырат Барақ пен Көбек, Айдабол Толыбай, Қаракесек Жарылғап, Атығай-Қарауылдан Жәпек,

Керей Тұрсынбай, Тарақты Наймантай мен Байқозы, Тама Есет, Табын Бөкенбай, Кете Арал, Жаныс Шақан, Албан Райымбек, Шапырашты Қарасай батырдың баласы Жарылғап және т.б есімдері бар.

1729 жылы (кейбір деректерде 1730) қазақ қолы Аңырақай даласында Ұлы жеңіске жетті. Ол кезде Іленің тау ішімен ағатын жартысын Қыспағай, даламен ағатын ағысын Аңырақай деп атаған екен. Сұрапыл ұрыс осы Аңырақайда болған. Түбегейлі жеңіс болмаса да қазақты жер бетінен жойылып кетуден сақтап қалудың басы болған осы ұлы шайқас туралы толығырақ айта кетелік.

Аңырақай шайқасының аумағы солтүстікте Балқаш, оңтүстікте Отар даласы, Батысында Шу, Шығысында Күртiге дейiнгi аралықты қамтып, ұзындығы 30-35, ені 20 шақырымды, яғни жалпы ауданы 700 шаршы шақырымдай жерді алған. Балқаш көлінен оңтүстікке қарай 120 шақырым жерде Итішпестің Алакөлі деген көл бар, қазір ол Сорқұдық деп аталады. Осы өңір Аңырақай даласы деп аталған. Бұл таулы, жыралы, көп қорымды жерлер. Шайқас Итішпестің Алакөлінің жағасында басталған.

Қазақстандағы ең үлкен көлдердің бірі Балқаштың өзі Алматы, Жамбыл, Қарағанды облыстарының шегіне жайылып жатыр ғой. Соның ішінде Аңырақай шайқасы Балқаштың қазіргі Алматы облысының аумағына қарайтын шегінде болған. Көптеген мәліметтерге қарағанда ол көктемде басталып, 40-45 күнге дейін созылған. Болжам бойынша бұл соғысқа қазақ жағы 35 мыңдай, жоңғар жағы 40 мыңдай әскер шығарған. Ол кезде Ұлы жүздің ханы Жолбарыс, Орта жүздің ханы Сәмеке, Кіші жүздің ханы Әбілқайыр. Ал Үш жүздің ханы

Тәуке ханның баласы Болат еді. Осы хандар және Төле, Қазыбек пен Ақсуат (Әйтеке бұл жылдары жоқ, ол 1700-ші жылы қайтыс болған) билер, батырлар мен сұлтандар қатысқан Ордабасыдағы үлкен жиында үш жүздің қолына Бас қолбасшы болып Әбілқайыр хан сайланған. Жолбарыс пен Сәмеке жоңғардың шапқыншылығына көп ұшыраған жүздердің ханы болғанда Кіші жүз халқы қырғыннан біршама аман қалып еді. Бірақ соған қарамай көп қолмен келген, әрі сол кезде ана екеуіне қарағанда әскери дарыны артығырақ болған соң Ордабасы кеңесі аузы уәлі билердің айтуымен Әбілқайырды Бас қолбасшылыққа сайлайды. Жиынға қатысушы батырлар мен әскербасылар Бас қолбасшыға бағынып, өз қимылдарын үйлестіріп отыруға, жауға біріккен майдан құрып аттануға ант береді. Әбілқайыр да азаттық күресін басқарып, елді жаудан толық босатқанша қолбасшы болып, аттан түспеуге серттеседі.

Шайқас бірден қатты басталмай, өз күштерін сынау тәсілімен жүргізілген. Екі жақ та өңірдің таулы, жыралы бедерлерін өз мақсаттарына ұтымды пайдаланып қалуға тырысқан. Қазақтар арасында ежелден келе жатқан «Ай қораланды», «Құйрық жеу», «Ашамай» деген секілді соғыс тәсілдері бұл шайқаста кеңінен қолданылады. Айта кететін жәйт, жоңғарларда зеңбірекпен қатар мылтық та болған. От қарудың қылыш-найзаға қарағанда көп артық екені белгілі. Гүрс етіп атылғанының өзі ен далада жабайы боп өскен қазақтардың аттарын қатты үркітіп, ұрыс даласынан ала қашқан. Қолдары қылыш пен қалқанында болған сарбаз атының басын түзете алмай, екпінімен өтіп кетіп немесе құлап қалып, қылышын ойдағыдай сілтей алмай, найзасын құшырлана қадай алмай, шоқпарын

қолы сүйсініп ұра алмай өз бармағын өзі шайнап жатқан кезін де көзге елестету қиын емес. Зеңбіректің гүрс еткен даусымен бірге жарқ етіп жарылған добы да нысана-насына іліккен жанды жоқ қылып жатқанын көргенде жүрек шайлығып қалатыны рас қой. Осының бәрі от қаруды бұрын көрмеген жауынгерді қандай қайсар болса да психологиялық тұрғыдан қатты әлсіреткен. Бірақ... қазақтар оңай шағылатын жаңғақ емес-тін. Қарындасын күң қылып, қатын-баласын құл қылып, елін аздырып, жұртын тоздырып, жерін шауып, халқын жойып әбден ығыр қылып, ызасы өткен қалмаққа қандай қаруы болса да бір қарсы тұруды армандап жүрген ержүрек жауынгерлер батырлар мен сардарлардың бастауымен арыстанша арпалысып, қайтпай шайқасады.

Ашынған қазақ қорқып бұға алмады,
 Қалмақтар жекпе-жекке шыға алмады.
 Мылтығы жеткілікті қанішерлер
 Бірме-бір шайқасуды қаламады.
 Лап қойған бетте Қазақ бұзып шықты,
 Қалмақты қоршап тұрған шаншып жықты.
 Қайсыбір жас өндірлер оққа ұшса да
 Қайтпасын біздің жақтың жау да ұқты, — деп
 жазды Қожаберген.

Сөйтіп, қазақ қосындарын бастап жауға кірген Ұлы жүзден шыққан Сиқым Қарабатыр, Жаныс Өтеген, Ботбай Сәмен, Шымыр Қойгелді, Ошақты Саңырақ, Ысты Төлек, Шапырашты Наурызбай, Албан Ханкелді, Орта жүзден Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Керей Жәнібек, Қыпшақ Тілеулі, Абақ керей Жауғашар, Кіші жүзден Тама Есет, Шек-

ті Тайлақ т.б. батырлар бастаған қазақ қолдары тізе қоса қимылдағанда жауға қарсы жолбарыстай жойқын қайрат көрсетіп, қатты тиеді. Қазақтың алапат күшіне шыдамаған жоңғар қолы сөгіліп, қаша бастайды. Ошақты Саурық батыр бастаған қазақ мергендерінің қолы да ерен ерлік көрсетіп, қашқан жауды сұр жебенің астына алады. Сөйтіп, жоңғардың қалың қолы осы жолы үлкен жеңіліске ұшырайды. Есін жия алмаған олар Итішпестің Алакөлінде сортаң судан тағы да шөлге ұшырап, одан әрі соғысуға шамалары болмай, Аягөз, Шарға қарай жеңкіле қашады.

Осы бетпен жауды қуа берсе қазақ қолы түпкілікті жеңіске жетер еді. Бірақ қай күнгі алауыздық, таққа таласқан билікқұмарлық қазақ хандарының басын одан әрі біріктіре алмайды. Аңырақай шайқасының соңғы жағында Болат хан жараланып қайтыс болған соң үш жүздің ханы болмақ үшін таққа талас басталады. Осы жолы бар қазақтың қолына Бас қолбасшы болып сайланған Кіші жүздің ханы Әбілқайыр Ұлы хан болуды армандайды. Бірақ кімнің өресі қандай екенін көріп тұрған билер кеңесі оны да, Орта жүздің ханы - Болат ханның інісі Сәмекені де үш жүздің ханы, яғни Ұлы хан етіп сайламай, таққа Болаттың баласы Әбілмәмбетті отырғызады. Бұған наразы болған Әбілқайыр берген сертін аттап, майдан даласын тастап, Кіші жүз қолын Ырғыз арқылы батысқа алып кетеді. Таққа өкпелегендердің бірі - Орта жүздің ханы Сәмеке де өз ұлысының көп бөлігін елдің солтүстігіне қарай көшіріп әкетеді. Сөйтіп, кешегі қаптаған қазақ қолының ұрыс даласында жартысы ғана қалады. Бірақ соның өзінде Аңырақай шайқасы қазақтардың рухын көтеріп, жауынгерлік құлшынысын

арттырды. Елді ерлікке үндеп, ертеңгі күнге деген сенімін молайтты. Жауды қирата жеңуге болатынын көрген соң елдің еңсесі көтеріліп, мерейі тасыды.

Қазақ елінің Ұлы Отан соғысындағы алғашқы бетбұрысы осылай болып, жауды күйрете жеңген Аңырақай шайқасы қазақ тарихында алтын әріптермен жазылды. Қазақ энциклопедиясы оның маңызын орыстардың Бородино даласындағы, Еуропаның біріккен қолының Ватерлоо, КСРО халықтарының Ұлы Отан соғысындағы Сталинград түбіндегі жеңістерімен бірдей деп баға берді.

1998 жылы Алматы облысының әкімдігі Аңырақай шайқасы болған жерлерге дала экспедициясын ұйымдастырды. Оның басшылары: сол кездегі Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбайұлы мен академик Манаш Қозыбаев болды. Экспедиция жұмысының нәтижесіне қарағанда Аңырақай шайқасының жыр-дастандарда, тарихи деректерде айтылатын мағлұматтарының барлығы да сол жердегі атаулармен, төбе, адырлармен дәл екендігі дәлелденді. Сөйтіп, жоңғарларды жеңу құрметіне осы жерде алып ескерткіш орнатылды. Ал Ордабасыда қазақ халқының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін айрықша еңбек сіңірген атақты үш биге ескерткіш орнатылды.

Ел басқарушы хандарымыздың бастары бірікпей, бірлесе жасаған бір қимылға ғана шыдап, артынан алауыз болып, жерді жаудан толық босатпай жатып, халқын қансыратпаса да қара жамылған шағында таққа таласып, қара бастарының қамын күйттеп кеткен шақта тарих сахнасына **Абылай** бейнесі шықты.

Аңырақай шайқасынан кейін бел алған қазақ жасақтары тұтастығынан ажырап қалса да шағын айқастарда жауға дүркін-дүркін, толассыз соққы беріп, оның күшін азайтып, әлсіретуге тырысты. Соның ішінде Қаракерей Қабанбай, Жанатай, Мүйізді Өтеген, Ер Жәнібек, Қанжығалы Бөгенбай батырлар бастаған қолдар жоңғарларға қарсы түйдек-түйдек жеңісті жорықтар жасады. Бұл кездегі ұлы хан Әбілмәмбет те сол кезде бір үлкен шайқасты ұйымдастырып, жоңғар қолымен бетпе-бет келеді. Жазушы әрі тарихшы Мұхтар Мағауиннің айтуына қарағанда бұл 1733 жылы болған ойраттарға (жоңғар хандығын құрайтын тайпалар одағы) қарсы шайқас екен. Осы айқаста Абылай есімі халыққа алғашқы рет танылды. Жоңғардың сол жолғы бас батыры Шарышпен жекпе-жекке қазақ жағынан батыр шыға қоймаған тұста ешкімге белгісіз, ерен тұлғалы, қапсағай бойлы, екі көзі тостағандай, жанары болат қалқанды тесіп жіберердей өткір, ірі жігіт қолбасшы – Қанжығалы Бөгенбай батырдың батасын алып, жауға қарсы атылады. Өзін жас деп менсіне қоймаған жоңғардың бас батырын шаншып түсіріп, жеңіске жеткен ол қазақ қолына «Абылайлап» қайрат беріп, ұрандата шапқан күйі жалғыз өзі жаудың қалың қолына ұмтылады. Оның жеңісіне рухтанған қазақ қолы да «абылайлап» қосыла ұрандатып, жігіттің соңынан шауып, осы жолы да жауға жойқын соққы береді.

«Жиырмаға жасың толғанда,
Қалмақпен соғыс болғанда,
Алғашқы бақыт тапқанда –

Шарыштың басын қаққанда
Қанжығаға бас байлап,
Жау қашты деп айғайлап,
«Абылайлап» шапқанда,
Сол ерлікпен хан болдын

Барша әлемге дан болдың, - деп жыр
арнаған артынан оған замандасы Үмбетей жырау.

Сөйтіп, осы жолғы шайқаста да қазақ қолы тағы бір тамаша жеңіске жетеді. Бұл туралы қазақ жыршыларының бәрінің де шығармаларында бар.

Енді жауға қарсы «абылайлап» шапқан жігіттің кім екеніне келелік. Бұл жігіттің есімі **Әбілмансұр** еді. Ол туысы хан тұқымынан болса да қорлық пен зорлықты, аштық пен азапты басынан бір кісідей кешкен жан болатын. Сондықтан оны хан-сұлтандардың мәпелеп өсіріп, үкілеп, тұмар тағып әкеліп таққа отырғызған бағлан баласы деп айта алмайсың. Бұқар жырау бір өлеңінде: «Ай, Абылай, Абылай! Сені мен алғаш көргенде, Тұрымтайдай ұл едің, Түркістанда жүр едің, Әбілмәмбет патшаға Қызметші болып тұр едің» деп оның қиын күндерін еске салады. Сондықтан да Абылайды өз есімін ел рухының бостандығы, басының азаттығы, жаттан тәуелсіздігі жолындағы күресте төккен қанымен, аққан терімен арпалыс үстінде шығарған жан деп білген дұрыс.

Әбілмансұр қазақтың ұлы хандарының тікелей ұрпағы. Оның арғы бабасы Қазақ ордасының негізін салған Әз-Жәнібек хан болатын. Одан Еңсегей бойлы Ер Есім, одан Салқам Жәңгір, одан Тәуке хан мен Абылайдың арғы атасы Уәлибақы туады. Жәңгір хан өлгенде хандыққа Тәуке отырады. Уәлибақы жасы

үлкен болса да өзіне тақ бұйырмағанына өкпелеп, сол кезде Үргенішті (бұрынғы Хорезм патшалығының астанасы) билеп отырған нағашысы Қайып ханның қарамағына көшіп кетеді. Тағдырдың жазуымен ол сол жақта ұзақ жылдар тұрып қалады. Уәлибақының жекпе-жекке шыққанда жауларын шақ келтірмейтін Абылай есімді батыр баласы болады. Ол жауынгерлік батырлығымен қоса жауына қатал, кейде асқан қатігез, сонымен бірге әділ жан болған екен. Қолға түскен дұшпанның аяр қылығын білсе ол аямай, тегіс бастарын шабатын болса керек. Сол себепті халық оны «қанішер Абылай» деп атап кеткен екен. 17-ші ғасырдың басында ол Сауран мен Түркістанды билеген. Осы Абылайдан Көркемәлі, одан Әбілмансұр туады.

Үргеніште Әбілмансұр жақсы білім алып, зерек те, ерек көңілмен өсіп келе жатады. Бірақ бұл жерде де төрелер арасында алауыздық болып, өзара қырқысқан ағайындары әкесін өлтіріп, ол жетім қалады. Әкенің жаулары мұны да өлтірмек болғанда оның сенімді жігіті Оразқұл Әбілмансұрды қаладан жасырын алып шығып, қашырып жібереді. Арып-ашып, айлар бойы қиын сапарларды бастан өткізіп, Әбілмансұр ақыры қазақтар қосынына жетеді. Бірақ мұнда қорқып қалған ол қауіпсіздік үшін өзінің шыққан тегін, сұлтанның баласы екенін ешкімге айтпай, қатты жасырып жүреді. Ақылды бозбала бір мықтының ығында болуды қаласа керек, біраз уақыт Түркістан қаласында қызметте болып, одан Үйсін Төле бидің қолына келіп, оның түйесін бағуға жалданады. Аты-жөнін айтпаған соң өсіп кеткен шашына қарап би оған «Сабалақ» деп ат береді. Бірақ

оның қырағы көзі бозбаланың осал адам емес екенін бірден аңғарып қалады. «Төле бидің тарихы» деген бір дастанда ол өзінің отбасына:

«Мына бала көрерсің,
Бір жылы болар хақында.
Нұқыл болат денесі,

Адамның болар төресі...» деген екен. Қазақтың әңгіме-жырларында, аңыз-дастандарында Төле би мен Сабалақтың арасы, бидің оны түрлі жолмен сынауы туралы әңгімелер мен аңыздар өте көп. Әрине, ауыздан-ауызға тараған болған соң олардың қоспасы да, адам айтса нанғысыз сенімсіз жерлері де, анайы тұстары да жоқ емес. Бірақ, әйтеуір, қырағы көзді дана би Сабалақтың жай адам емес екенін бірден танып қалғаны рас болса керек...

Көптеген жырларда Әбілмансұр Төле бидің қосынымен келіп, Аңырақай шайқасына да қатысты делінеді. Бірақ мұның қисынсыз жері көп. Алдымен, 1729 жылы болған Аңырақай шайқасында Абылай әлі 16 жастағы бала (туған жылы 1713 жыл деп алғанда), тіпті 1711 жылы туғанның өзінде 18 жастағы бозбала ғана. Мұндай кезінде жаудың бас батырын жеңе қою оңай болмас. Екіншіден, Әбілмансұрды Шарышты өлтірген шайқаста жоғары бағалап, қасына шақырған Әбілмәмбет хан. Ал Әбілмәмбет Аңырақай шайқасында әлі ұлы хан емес, екінші қатардағы сұлтан ғана болатын. Онда Орта жүздің ханы Сәмеке, ал ұлы хан Әбілмәмбеттің әкесі Болат еді. Әбілмәмбеттің ұлы хан болып сайланғаны осы Аңырақай шайқасының аяғында ғана болғанын жоғарыда айттық. Ендеше, Абылайдың Аңырақайда танылуы мүмкін емес.

Ал енді біз жоғарыда айтқан, Аңырақай шайқасынан көп кейінгі бір айқаста қазақ қосынын Әбілмәмбет бастап келіп, сол шайқаста Абылайдың ерлік көрсетіп, Шарыштыженуі барлық белгілі деректермен, ақын-жыраулардың шығармаларымен дәлелденеді. Әбілмәмбет орасан ерлік көрсеткен жас жігітті қасына шақырып, оның бар сырын сұрап, өзінің жақын туысы екенін біледі. Немесе ағасы Абылайдың атын ұран қылған оның ұрпағына ризашылығын білдіріп, өзінің де ендігі жерде атасы Абылайдың атын алуын қалайды. Хан жарлығы екі емес, сол кезден бастап халық Әбілмансұрды «Абылай» атап кетеді. Хан оған төрден орын беріп, Арғынның Атығай-Қарауыл тайпасын басқаруға тағайындайды. Айта кететін жәйт, ол кезде қазақ тайпаларын хан тағайындаған сұлтандар басқаратын болған. Мәселен, Найманды Барақ сұлтан, Керейді Ералы сұлтан (Әбілқайырдың баласы), Алтай-Қарпықты Әбілпейіз сұлтан (Әбілмәмбеттің баласы) т.б. басқарған. Міне, осы кезден бастап Абылайдың қазақ халқының тарихындағы өзгеше орны басталады.

Қазақ тарихын жырлаған барлық жыраулар мен жыршылардың шығармалары мен өлеңдерінде Абылайдың аты аталады. Өзінің тұстастары Үмбетей, Тәтіқара, Бұқар жыраулардың Абылайға арнаған талай дастандары мен жырлары бар. Абылай қазақ халқының ұранына айналған, оның рухы мен жігерін шындап, елдік пен ерлікке үндей білген ерек тұлға. Бұрын-соңды болған қазақ хандарының ішінде Абылай секілді атаққа, абырой мен даңққа бөленгені кемде кем, тіпті жоқ деуге болады. Өзі қатысқан немесе қол бастаған шайқастар мен ұрыстарда ол керемет қолбасшылық да-

рынымен, сонымен қатар жеке басының ер-ес ерлігімен көзге түскен. Шоқан Уәлиханов: «Полезные советы его и стратегические соображения упрочивают за ним имя мудрого. Абылай действительно перенос много испытаний и борьбы, пока значение его не возросло до того, что киргизы (**қазақтар Ж.С.**) считали его воплатившимся духом (арвах), ниспосланным для совершения великих дел» деп жазды.

Қазақ халқының тарихын білемін деген адам алдымен Абылайдың кім екенін білуі керек. 18-ші ғасырдың басында, Абылай тарих сахнасына шыққанға дейін, жоғарыда айтқанымыздай, қазақ жері тартылған тулақтай болып, әркімнің шапқыншылығына бір ұшырап, халқы жаудан үдере қашуды ғана біліп жүрген болса, ол билікке келгеннен кейін жауына тойтарыс беріп қана қоймай, оны қуып барып, өз жерінде де шапқынға ұшырата алатын мықты елге, көршілері санасатын іргелі мемлекетке айналды. Абылай билік құрған кезде жоңғарлардың қазақ жеріне басып кіруі тоқтатылды. Екі халықтың арасындағы 200 жылға созылған соғыс Абылай бастаған қазақ әскерінің «Шанды жорық» аталған үлкен шайқаста жоңғардың қалдығы торғауыт қалмақтарды (**бұлар да жоңғар мемлекетін құраған тайпаларға жатады**) қирата жеңуімен түпкілікті аяқталды. Қытайдың қазақ жерін басып алуға жіберген басқыншы әскері де тойтарылды. Қағазға мұқият қытай елінің деректері осы соғыстан кейін әскерді бастаған екі қолбасшысын да шендерінен айырып, қатардағы сарбаз қылып жібергенін айтады. Осының өзінен-ақ қытайлардың көздеген мақсаты болмағаны, қазақ жерін күшпен бағындыра алмағанын көруге болады. Баянауылдың батыс жағындағы Ші-

дерті өзеніне жақын жерде қытайлармен болған үлкен шайқаста қазақ қолы тамаша жеңіске жеткен. Осы жерді қазақтар кейін «Шүршітқырылған» деп атап кеткен. Бұқар жыраудың мына өлеңі де сол шайқастың жеңіспен аяқталғанын дәлелдей түседі:

...Оу, халайық, Үш жүзім,
Көріндер бүгін хан жүзін.
Айдынсудың ақ жүзін
Жаз қылды хан құр күзін.
Шимойында күз еді,
Күзі енді жаз болды.
Шүршітті жеңген Абылай
Көңілі көкте мәз болды.
Тасыды көңіл, тасыды,
Дұшпанның көңілі жасыды.
О, Абылай, Абылай,
Қазақ, қазақ болғалы
Керді ме мұндай жеңісті...

(Бұл шайқастарға біз кейінірек, кеңірек тоқталатын боламыз).

Абылай ұзақ жылдар бойы Оңтүстіктен маза бермей, халқымызды қырғынға ұшыратып, құлшылық езгіде болуға мәжбүр етіп келген Қоқан хандығына, одан қырғыз ұлысына да қарсы соғыс ашып, жеңіске жетеді. Түркістан мен Ташкентті босатып алды. Тіпті Жизаққа дейін барып Қоқанның қол астынан жеті қаланы қазаққа қайтарды. Олардың арасында Сайрам, Шымкент, Созақ т.б. бар. Кеше ғана халқымызды қорлап жүрген қоқандықтар енді қазаққа кіріптар болды. Абылай Та-

лас өзенінің жағасына шағын қалашық тұрғызып, баласы Әділге осы аймақты басқартып қойды. Егер Абылай болмаса осы күнгі оңтүстік аймағымыздың талай жері Өзбекстан немесе Қырғыз Республикасының аумағында қалған болар еді...

1770 жылы Абылай қырғыздарды да талқандап, оларды Шу даласына дейін қуып, «Жайыл қырғыны» деген соғыста әскерін түгелге жуық қырып тастады. Көкшетаудағы өзінің ставкасына қайтқанда қолға түсірген қырғыз тұтқындарын қазақ ұлыстарына бөліп беріп отырған. Қазақ арасында сіңіп, осы күні «қырғыз ұлысы» болып жүрген жандар сондағы тұтқындардың ұрпағы. Осы, қазақтың өзінше бір руы атанған тайпаның ақсақалдары өздерін «Абылайдың ақ жолымен Арқаға келдік қой» деген сөздер айтады. Оның мәнісін де біз төменде айтатын боламыз.

Абылай Солтүстік батыстағы жаулардың да сағын сындырып, аяғын тарта басатын қылды. Оның кезінде терістіктегі жауларымыз қазақ жеріне көз алартуын тоқтатты. Абылай қазақ хандығының барлық күшін біріктіріп, оны қуатты мемлекетке айналдыра білді. Абылай өлгелі жатқанда Бұқар жыраудың:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай.
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай,
Үш жүздің басын қосқан, Абылай!

Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,

Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай?! — деп
аһ ұрғаны тегіннен-тегін емес.

Енді Абылайдың билікке қалай келіп, өсу мен қалыптасу жолдарына, Қытай мен Ресей сияқты екі алыптың арасында елдің тұтастығын өз заманында қалай сақтап қалғанына біразырақ тоқтала кетейік.

Жоғарыда біз көптеген деректерге Әбілмәмбет ханның қолдауымен Абылайдың сұлтан атанып, Атығай-Қарауылға басшылық жасағанын жаздық. Абылайдың өмірін зерттеген көптеген адамдардың айтуына қарағанда Абылай осы кезден Атығай-Қарауылға ғана емес, иісі Орта Жүзге ықпалды сұлтан болған.

Бұл кездері «1688-1710 жылдары 22-23 жыл бойы қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен жасағына қолбасшылық жасаған сардарбек, ордабасы, Орталық Азия деңгейіндегі қайраткер» (академик Манаш Қозыбаевтың сөзі) Керей Қожаберген жыраудың қартайып, тұғырдан тайған тұсы еді. Абылай оны арнайы іздеп келіп сәлем беріп, батасын алады. Сонда Абыз оған былай деген екен: «Заман - түлкі, пенде – қыран. Бөктерде жүріп бүркітті көрген түлкі сескеніп, етекке түседі. Сол бөктердегі өзі түстес бір қызыл тастың қиясына құйрығын шаншып тұра қалады. Қыран оның тас емес, түлкі екенін айыруы керек. Бас уәзір болып, ел билігі қолына тиген екен, көреген бол шырағым. Ақылың мен ерлігің, әдіс-айлаң қатар жүрсін. Ханның қарадан өтініші болмас, өкініші болар, осыны ұмытпа. Ер азбай ел азса – айдын көлдің суалғаны, ал ел азбай ер азса – бәйтерегің құлағаны. Бәйтерегің құласа, түп орнынан қайта өсер, айдын көлің суалса, есесі немен толар? Ер бұзылса да ел бұзылмасын».

Кейбір деректер, соның ішінде Шәкәрім Абылай Шарышты жеңген соң Шақшақ Жәнібектің батасын алып,

Әбілмәмбеттің орнына хан болды дейді. Оның жорамалдауынша бұл оқиға шамамен 1735 жылы болған. («Қазақстан» тарихы, III том, 247 б.) Бірақ Абылай іс жүзінде сұлтан ғана болған еді, оны жоғарыдағы дәлелдерден көруге болады.

Қалай десек те, осы кезден Абылай Орта Жүздегі ең беделді сұлтандардың бірі болған, ал Әбілмәмбет хан оның ерлігі мен ақыл-парасатына ден қойып, өзін «кеңесші хан» дәрежесінде шектейді («Қазақстан» энциклопедиясы.» I том, 456). Сөйтіп, Әбілмәмбетті «бедел хан» болып, Абылайды атқарушы биліктің иесі болды дейтін тарихшылар көп. Осы себепті де Абылайды 48 жыл хан болған (Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Міржақып Дулатов т.б.) деген сөздің жаны бар. Орыс тарихшысы А.Левшин де: «1739 жылы Орта жүзде Сәмеке ханның орнына хан сайлаудан бұрын Әбілмәмбет пен Абылай екеуі бірдей хандық билік жүргізген» (Описание киргиз-казахских или киргиз-кайсацких орд и степей», 1832 г.) деп жазды.

Сондықтан өзі қатарға іліккен сәттен бастап қазақ тарихындағы барлық елеулі оқиғаларға Абылай ханның қатысы болып отырады. Барлық тағдыршешті соғыстар мен бейбітшілік істердің басы-қасында Абылайдың жүргенін көреміз. Оның бар мақсаты – қазақ хандығының іргесін нығайтып, сыртқы жаулардың аяқтарын андап басуына қол жеткізу болды. Осы жолда өзінің барлық күш-қайратын, қайталанбас дарынын, бойындағы өнер-білімін аямай жұмсады. Халық оның ел қамы үшін жасап жатқан айтулы істерінің бәрін көріп отырды. Сондықтан да ол халықтың сүйікті басшысына айнала білді. Ақын-жыраулар барлық тарихи, патриоттық өлең-жырларын

Абылайсыз бастамайтын болды. Не бір құдіретті теңеулер, рухты көтеретін, намысты оятатын ұранды сөздер Абылай басымен байланыстырылды. «Абылайдың асында шаппағанда атаңның басында шабамысың» (осыдан үлкен дәреже жоқ, ештеңенді аямай, барынды сал деген мағынада), «Абылай аспас сары бел» немесе «Абылай аспас асу» (тым қиын асу, өте ауыр жол, Абылайдың өзі де өте алмаған деген мағынада), «Абылайдың ақ туы» (күллі қазақтың атынан айтылар ұранның баламасы) т.с.с. теңеулер ханның есімінің халықтың ең құдіретті, ең басты теңеуіне айналғанын көрсетеді.

1738-41 жылдары Абылай бастаған қазақ қосындары жоңғар басқыншыларына қарсы бірнеше жеңісті жорықтар жасап, ес жинатпайтын соққылар берді. Сонымен бірге, ауыр соғыстардан қалжыраған елдің есін жиғызу үшін дипломатиялық әрекеттерді де шебер пайдаланды. 1740 жылы Орта жүз ханы Әбілмәмбет және басқа да елдің беделді сұлтан, ақсақал, билерімен Орынбор қаласына келіп, орыс патшасының «қамқорлығына» кіруге келісім береді. Бұл елге жаугершіліктен тыныстатуға мүмкіншілік берудің уақытша қамы болатын. Осы уақыттарда ол Шың империясымен де қарым-қатынасты суытпады. Орыс өкіметінің «қамқорлығы» болса өзінің мүддесін көздеп, қазақ жеріне сұғынып, ене беруден аспады.

1742 жылы Абылай тұтқиылдан шабуыл жасаған жоңғарлардың қолына тұтқынға түседі. Сол кезде қазақ қоғамында үлкен абыржушылық болып, елдің игі жақсыларының бәрі Абылайды қайткен күнде тұтқыннан босатудың жолын іздестіреді. Еңсесін енді ғана көтеріп келе жатқан қазақ даласы қайтадан қара жамылған күйге

түседі. Абылайды құтқару ел басшыларының үлкен саяси мәселесіне айналады. Ақыры Төле би мен Әбілқайыр хан сол кезде жоңғардың жақсы одақтасы болған орыс патшасының шекаралық әкімшілігіне елші жіберіп, ханды құтқаруда көмек беруін өтінеді. Бұған Орынбордың сол кездегі генерал-губернаторы И.Неплюев пен Әбілқайырдың өзара жазысқан хаттары куә.

Абылайды тұтқыннан Төле би бастап барған 90 адамдық елшілер ұзаққа созылған келіссөздердің нәтижесінде 1743 жылдың 5 қыркүйегінде құтқарады. («Қазақстан» энциклопедиясы, I том., 46 бет). Ұзақ жылдар бойы «орыс өкіметінің көмегімен құтқарылды» деген сөздің жалғандығы тек Қазақстан өз Тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана жария болды.

Абылай билігінің күшейе түсуі 1744 жылдан Әбілмәмбет ханның Түркістанға көшіп кету уақытынан басталады. Бұрын Орта жүздің билеушілері қатарында Әбілмәмбет, Абылай және Барақ сұлтан қатар аталса, енді қартайған Әбілмәмбет Түркістанға қоныс аударып, ал Әбілқайыр ханды өлтірген Барақ сұлтан қашып жүріп, билік жасауға мүмкіндігі болмаған. Сөйтіп, ұлыстың барлық билігі Абылайдың қолында қалады.

Қазақтың «ата жауы» Жоңғарияда Қалдан Серен өлген соң 1750 жылы Лама-Доржы билік басына келген еді. Бірақ хан тағы үшін жоңғар билеушілері арасында да өзара қырқысқан күрестер жүріп жатады. Абылай олардың өзара күресінде әлсіз жағын қолдап, бір-бірімен айкастырып, ата жаудың өзара әлсірей беруін қалайды. Сөйтіп, хан тағынан құр қалған Дабашинойон мен оның жиені Әмірсананы қазақ арасында паналатады.

Осы арада Абылай хан өмірін ұзақ жылдардан бері зерттеп келе жатқан Болатбек Нәсенов ақсақалдың еңбегінен бір дерек келтіре кетелік. Ол өзінің хан туралы кітабында «Исторические известия о киргис-кайсацкой и сношения России съ Средней Азии со времен кончины Абуль-Хаир хана (1748-1765гг)» атты В.Вельяминов-Зерновтың еңбегіне сілтеме жасай отырып, Дабашиді Лама Доржыға ұстап бермеу Абылайға үлкен күш болғанын айтады. Жоңғар ханының 1751 жылғы қоқан-лоққысынан қорққан Әбілмәмет Малайсары және тағы да басқа рубасыларымен бірігіп, Дабашиді ұстап бермекші болады, бірақ Абылай жоңғар тұтқынында болғанда өзіне көп жәрдем еткен оны жауына беруден мүлде бас тартады. Іс насырға шауып қазақ басшылары екіұдай болып келісе алмағанда, Абылай Ұлытауға кеңес шақырып, беделді сұлтандар мен билерге өзінің позициясын мойындатып, ақыры Дабашиді жауына бергізбейді. Осының өзінен Абылайдың басында адамның жақсылығын ұмытпайтын, айнымайтын берік, досының басына іс түссе тайып кетпейтін табанды қасиеті бары көрінеді.

Лама-Доржы Дабашиді паналатқаны үшін қазақ жеріне тағы да басып кіріп, Орталық Қазақстанда көшіп жүрген үйсін, уақ, керей тайпаларына шабуыл жасайды. Оларға қарсы Абылай қазақ әскерін арасына қосып Дабашидің өзін жібереді. Сөйтіп, екі қалмақтың соғысы Лама-Доржының өлтірілуімен аяқталады. Қоңтайшы болып жарияланған Дабаши Абылайға елшілік жіберіп, өзінің ризашылығы мен достығына сендіреді. Алайда Дабаши билікті ұзақ ұстап тұра алмайды, оған өзінің жиені Әмірсана қарсы шығады. Негізгі мақсаты

жоңғарларды бір-бірімен одан әрі өз ара қырқыстырып, әбден әлсіреген шағында қазақтың қоластына мүлде қарату болғандықтан Абылай бұл күресте енді Әмірсана жағын ұстанады. Абылай тұтқында болғанда оның да жақсылығын көрген деген деректер бар.

Бірақ Абылайдың ата жауларының өзара соғысын қолдап, оларды әлсірете беруді қалаған қулығын Шың императоры Цянь-лун сезіп қалып, жоңғар жерінің қазақ қоластында кеткенін қаламай, өз әскерін Жоңғария жеріне кіргізу туралы бұйрық береді. «Егер әскерді дереу жорыққа шығармасақ, қазақтардың жолы болады да, олар жағдайды өз пайдасына шешеді» деген сөздер бар екен сол бұйрықта. («Қазақстан тарихы», III том, 248 бет).

Сөйтіп, Қытай әскері Әмірсананы қолдап, Дабашиді талқандайды. Бірақ Әмірсана мен Қытай жағының мақсаттары екі басқа еді, біріншісі күшті, бір орталыққа бағынған жоңғар мемлекетін қайтадан орнына келтіруді мақсат етсе, соңғылары оларды жойып, жерін тартып алуды көздеген еді. Соны білген Әмірсана енді Қытайларға қарсы соғысады. Бұл күресте де оған Абылай көмек береді. Өйткені, бүгін жоңғарды басып алған Шың империясы ертең қазақ жеріне басып кіретінін ол біледі. Қытай жағы Әмірсананы қолдауды тоқтатуды талап етіп, Абылайға бірнеше елшілер жіберген. Абылай болса өзінің Шың империясына адалдығын айтып, үнемі сендіріп отырған, бірақ іс жүзінде Әмірсанаға көмек беруін тоқтатпаған. Саны да, сапасы да әлсіз Әмірсананың қолы ұзақ шайқасқа шыдай алмай, жеңіліс тауып, қазақтарға қашып келіп, паналайды. Сөйтіп, жоңғар мемлекеті түпкілікті құлап, жер бетінен жоғалды... Тек

батысқа ауып кеткендері ғана әлі өзінің елдігін сақтап қалған еді.

Енді тарих сахнасында осынау шығыс аймақта қытайларға қарсы қазақтар ғана қалады. Әмірсананы ұстап бермедіңдер деген сылтаумен Қытай әскері қазақ жеріне басып кіреді. Жоңғария түп орнымен құрыса империяның қазақ жерін де жалмайтынын ойлаған қазақ билеушілері ең бастысы өз жерін қорғау үшін, әрі жоңғар билігін қалпына келтіру үшін қытаймен соғысуға мәжбүр болды. Бұл 1756 жылы болған оқиға еді. Біз жоғарыда бұл соғыстың қорытындысын бір-екі ауыз сөзбен айтып кеттік. Енді оған толығырақ тоқталуға көшеміз.

Қазақ жеріне басып кірген қытай әскері екі ірі топқа бөлініп, оларды генералдар Хадаха мен Дардана басқарады. Қару-жарағы сай, от ататын зеңбіректері мен мылтықтары жеткілікті, соғыс ісіне әбден жатыққан кәсіби армия қазақ қосындарын алғашқы ұрыстарда жеңілуге мәжбүр етеді. Алғашқы шайқас Шаған Оба ауданында болды. Одан кейінгі ірі шайқас Қарқаралы тауларындағы Жарлы өзенінің жағасында өтті. Бұл екеуінде де қазақ қолдарының жолы болмады. Айтқандай, соңғы соғысқа жоңғар әскерлерінің қалдықтарын жинап алған Әмірсана да қазақ жағында қытайлармен соғысқан еді. Бірақ бәрібір қытай әскері жеңісті жорығын жалғастыра берді. Бұл кезде Абылай Баянауыл тауларында әскер жинап жатқан еді. Күзге қарай Абылайдың Бөгенбай батыр бастаған мол қолы Баянауылдағы Шідерті өзенінің жағасында қытайлармен үлкен шайқасқа шықты. Осы жерде қазақ қолы қытайларды мол шығынға ұшыратып, күйрете жеңді. Ұрыс болған осы аймақты қазақтар кейін «Шүршітқырылған» атап кет-

кенін жоғарыда айттық. Бірақ қытай деректерінде үлкен жеңілісті «күннің суып кеткеніне, аттардың болдырып, азық-түліктің азайып қалғанына» сылтауратады. Шың империясының қазақ жеріне кірген екі армиясы белгіленген уақытта қосыла алмай, жоспарлаған мақсаттарын орындай алған жоқ. Сөйтіп, көп шығынға ұшыраған өз әскерлерін Шың империясы кері шақырып алуға мәжбүр болады. Қытайдың қазақ даласын оңай ұйпап тастамақ болған мақсаты орындалмады, оған Абылай бастаған ерлердің жанқиярлық ерлігі мен табанды қарсылығы қарсы тұра алды. Император басып алуды іске асыра алмаған екі генералды да орнынан алады.

Келесі жылдың жазында қазақ-қытай соғыстары қайтадан жалғасты. Бұл жолы бастапқы жорықтан сабақ алған қытайдың әскербасылары Ертіске дейін жетіп, қанды соғыстар жүргізе берді. Осы жерде Абылай Жоңғарияны қалпына келтіруді мақсат етіп басталған соғыстың келешегі жоқ екенін ескеріп, енді елді аман сақтау үшін Қытаймен келіссөздерге келеді. Сөйтіп, Шың империясымен саяси және экономикалық байланыстарды жолға қоюға тілек білдірді. Қытай әскерінің басшысы қазақ қолының негізгі ұйымдастырушысы Абылайға Бейжіңге елшілік жіберуді ұсынды. Абылай оған келісіп, 1757 жылдың қыркүйегінде Ханжігер мен Өміртай бастаған елшілік аттандырады. Шоқан Уәлихановтың айтуына қарағанда Абылай боғдыханның вассалы екенін мойындап, одан князь атағы мен мол сыйлықтар алады. Осыдан кейін қазақ елшіліктері Қытаймен келіссөздер жүргізу арқылы бұрын жоңғар басып алған Тарбағатай, Ертіс пен Іленің жоғарғы ағысындағы тамаша мал жайылымдарын қайтадан өз иелігіне өткізді.

Бұл уақыттарда орыс империясының Қазақ жеріндегі ықпалы барынша әлсіз еді. Әсіресе, Ұлы және Орта жүз жеріне олардың ешқандай ықпалы болған жоқ. Абылайды 1740 жылы Орынборда бодандық ант қабылдады дегенімен іс жүзінде ол өзін орыс империясының қарамағындағы адам санамады. **Қазақ даласына Қытай басып кіріп жатқанда орыс патшалығы да ешқандай қарсылық әрекет жасаған жоқ. Сондықтан Кеңес кезіндегі әдебиеттің, ресми тарихтың қазақтың барлық даласы 1740 жылдан орыс империясының қол астына өтті деген дерегінің жалған екенін көрсетеді.** Қайталап айтар болсақ, 1751 жылы Лама Доржы бастаған жоңғар нояндары шабуыл жасағанда да, одан кейін 1756 жылы Хадаха мен Дардана бастаған қытайлар басып кіргенде де Абылай бастаған қазақ елі өз Отанын өзі қорғап, басқыншыларға қарсы өздері соғысқан. Орыс патшалығының ешқандай көмегі де, қолдауы да бұл кездерде болған емес, керісінше «олар бірің өліп бірің қал» деген ұстаныммен тыныш жатқан. Осы және басқа да фактілер Қазақстанның XVIII ғасырдың 40-шы жылдарынан орыстың қоластына кірді дегенді теріске шығарады. Орыс экспансиясы XVIII ғасырдың аяғынан, жоңғар толық құрыған соң, Абылай хан өмірден өткен соң ғана күшейген.

Дегенмен Абылай өзі өмір сүрген уақытта орыс патшалығынан түбегейлі қол үзіп кеткен жоқ. Ол Ресей протекторатын танудан да бас тартпай, сонымен қатар екі державаның да қазақ жеріне басыбайлы билік құруына жол бермеуге тырысты. Сондықтан да ол орыс империясынан өзін күзету үшін «10 мың адамдық немесе кем дегенде 1 мың адамдық қол» беруді сұрады. Оның

орнына өзінің бір ұлын аманатқа алуды ұсынды. Орыс әкімшілері бұл ұсынысты қалай қабылдап, не деп жауап берерін білмей жүргенде Абылай Шың империясынан өзін «барлық қазақтар мен сұлтандардың бастығы» деген атақпен тануына қол жеткізді. Ал өзі қазақ хандығын ішкі әрекеттерімен күшейте берді.

Шың агрессиясына тойтарыс беруді ұйымдастырғаны, одан елдің шығысындағы жоңғар басып алған жерлерді қайтартуы, қала берді қалмақтарға, қырғыздарға т.б. қарсы жеңісті жорықтары Абылайдың беделін Орта жүзде ғана емес, иісі қазақ даласында арттырып, оның билігін нығайтты. Бірақ осы кездері қырғыздардың Сауыр, Есенғұл, Атеке-жырық деген манаптары бастап барып, Жетісудағы семіз-найман, албан рулары мекен еткен қоныстарды тосыннан шауып, біраз мал-жандарын айдап әкетеді. Осыған ызаланған Абылай Жауғаш, Көкжал Барақ, Шынқожа сияқты батырларды бастап барып, оларды күйрете жеңіп, халықтың кегін қайтарды. Қайтарында қазақ пен қырғыздан бір ұлыс жасау ниетімен біраз қырғыз ауылдарын Арқаға көшіріп әкеледі. Біз жоғарыда айтқан қазіргі қазақ арасындағы «қырғыз» аталатын ағайындардың ата-бабалары біздің жерге осылай келіп, сіңіп кеткен.

Осы шайқас болған оқиға жер атымен «Жайыл қырғыны» деп аталған. Сөйтіп, Абылай Іленің сол жағасын, Шу даласын қазақтардың иелігіне қайтартады. «Елге ел қосқан, жерге жер қосқан» деген сол, эне.

1752 жылы Орта жүз билеушілерінің бірі аталып жүрген Барақ сұлтан қайтыс болды, ал Әбілмәмбеттің бұл кезде әбден қартайған шағы еді, сондықтан Орта ұлыстағы барлық билік Абылайдың қолына толық көшеді.

Барлық ішкі мәселелер, өзара үлкен даулар, соғыс немесе шетелдіктермен келіссөздер жүргізу сияқты маңызды сыртқы саясат мәселелері Абылайдың алдында ғана шешілетін болды. Қазақ даласына сол кездерде барған М.Шихов, М.Асанов т.б. сияқты орыс жансыздарының айтуына қарағанда әлі де Үш жүздің ханы саналатын Әбілмәмбет іс жүзінде барлық билікті өз қолымен Абылайға беріп қойғанын көрген. Бұл кездерде Ұлы жүздің нақты билігі Төле бидің қолында болған. Бірақ әбден қарттық шағына жеткен би де өз ұлысының Абылай ханның басқаруына қарағанын қалайды.

18-ші ғасырдың 60-шы жылдарының ортасында Орталық Азиядағы мұсылман мемлекеттері бірігіп, Шығыс Түркістанды «дінсіз» қытай билігінен азат етуді көздеген одақ құрған еді. Ақырзаман боларда қытайлар бүкіл әлемді басып алады деген лақаптан мұсылман елдері қатты түршігетін. Алайда Абылай бастаған қазақ билеушілері бұл одаққа кіруге асықпады. Өйткені, ұзақ жылдар бойы бейбіт жатқан қазақ даласына үстін-үстін басып кіріп, үстемдік көрсеткен, жаны мен малын айдап алып немесе қырып кетіп отырған қоқандықтар да бұл одаққа енетін. Осындай жауының қатарында өзі вассалдығын мойындаған Шың империясымен соғысу ханға тиімсіз еді. Сондықтан Абылай, керісінше, Қоқан бегі Ерданаға қарсы өзінің соғысында Бейжіңнен дипломатиялық жолмен көмек сұрады. Бірақ қытай жағы барынша майда жауаппен көмек беруден бас тартты. 1767 жылы Абылай өз қолымен-ақ Ердананы талқандап, ол барып тығылған Пішпек қорғанын қоршап, жау жағы кішілік келісімге келген соң ғана қоршауды босатқан. Сөйтіп, Абылай Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік

батысында да өз билігін бекемдеп алды. Осы жолы ол Түркістан, Сайрам, Шымкент қалаларын қазақ иелігіне қайтарды. Ұлы жүз қазақтары оны өздерін қорғаушы ханымыз деп мойындады. Кіші жүз қазақтары да Абылай ханды мойындай бастады. Ал оның билеушілері Батыр хан мен Ералы сұлтан Абылаймен қыз алысып, қыз беріскен құдандалдық жағынан жақын болды. Ресей әкімшілігінің қолдауына сүйенген Нұралы хан да Абылайдың келісімінсіз бірде-бір маңызды мәселені жеке өзі шеше алмайтын. («Қазақстан тарихы», III том., 251 б., А-ты, «Атамұра», 2002 жыл).

Абылайдың жоңғарларға қарсы соңғы жеңімпаз ұрысы халық арасында «Шанды жорық» деген атпен белгілі екенін жоғарыда айттық. Енді соған толығырақ тоқталайық. Дәл осы жолы Абылай қазақпен жоңғар арасындағы 200 жылдық соғысты жеңіспен аяқтап, олардың мол қолын қақырата жеңеді. Орыс империясының тепкісіне шыдамай, қайтадан Шығысқа қарай үдере көшкен Еділ қалмақтары (**жоңғар империясын құраған тайпалар, оларды ойраттар деп те атайды**) әскерін Абылай Балқашқа жақындаған кезінде түгін қоймай шапқынға ұшыратады. Жоңғар қолының басшылары Ұбашы мен Серен бітімдік сұрап, өздерін қазақтың бодандығына алуды өтінеді.

Сөйтіп, жоңғар хандығымен болған **1771 жылғы соңғы соғыс жеңіспен аяқталады**. Осыдан кейін жоңғарлар бас біріктіріп, қазақ жеріне қол сұға алған жоқ.

Дәл осы, 1771 жылы Әбілмәмбет хан қайтыс болды. Дәстүр бойынша оның орнына туған інілерінің бірі немесе үлкен ұлы Әбілпейіз сайлануы керек еді. Алайда

Әбілпейіздің өзі кең сахарада атағы дүрілдеп тұрған Абылайдың пайдасына тақтан бас тартады, содан қазақ даласының игі жақсылары мен жайсандары, сұлтандары мен билері Абылайды ақ киізге көтеріп, **Үш жүздің ұлы ханы** етіп сайлайды. Осы оқиғаға байланысты Бұқар жырау «Алтын тақтың үстінде, Үш жүздің басын құрадың» деген жыр жолдарын жазды. Оның жырларын көп келтіргендіктен біз осы арада осы оқиғаға байланысты Шәді төре Жәңгірұлының да мынадай жыр жолдарын келтіре кетелік: «Ұлы жүз: Үйсін, Қаңлы, Ысты, Дулат,

Орта жүз: Арғын, Найман, Керей, Қоңырат,
Кіші жүз: Байұлы, Әлім, Тана, Табын
Ақыры Абылайдың хан болуын –
Бәрі де бір ауыздан алды қалап.
Әкеліп ақ киізді жайып салып,
Үстіне отырғызды ханды апарып...».

(Ж.Қасымбаев., «Государственные деятели казахских ханств XVIII в.», А., «Білім», 1999 г., 103 с.).

Өзінің бойындағы шексіз мол қайраты, көсемдік, шешендік үлкен дарынымен, дипломаттық өнерімен қол жеткізген хан тағында Абылай он жыл бойы отырып, қазақ даласын сыртқы елдер санасатын, сыйлайтын мемлекет қатарына көтере білді. Әз Тәукеден кейін тұңғыш рет қазақ халқын бір орталыққа бағындырған Абылай барынша көреген және ақылды да еді. Шоқан Уәлихановтың айтуынша ол өзінің ұрпағына: «...советовал **более сближаться с Китаем, но хранить согласие с Россией**» деген өсиет айтып кеткенін жазды. Осының өзі де үлкен көрегендік еді. Өйткені, халық бо-

лып сақталып қалу үшін орыстардан гөрі қытайлармен жақындасқан анағұрлым тиімдірек екенін біз өмірден өз көзімізбен көрдік. Қырылып-жойылып, саны мүлде өспей қалғанды айтпағанның өзінде орыс қоластында болған қазақтардың көбісі өз Отанында отырса да өктемдіктің зорлығынан орыстанып кетті. Соның ішінде, әсіресе, орыс еліне қарап кеткен жерлерде қалғандарының көбі өз халқына мүлде жат болып қалды. Олар ана тілінде оқу, жазу сияқты құқығынан мүлде айрылып, амалсыздан сауатын тек орысша ғана ашты, сондықтан ана тіліндегі әдебиетті оқудан мүлде мақұрым қалды. Тіпті, Қазақстанда, өз жері, өлең төсегі – үлкен Отанында отырғандардың да көбісі мәнгүрттеніп, өзінің ұлттық қасиетінен айрылып қалғанын күнделікті өмірде көріп жүрмыз. Ал Қытай еліндегі қазақтардың бәрі де ана тілінде оқып қана қоймай, ұлттық рухын да сақтап қалды. Олардың ана тілінде бірнеше газет-журналдары да бар, хабар тарататын бірнеше теле-радио арналары да бар. Алайда, осындай артықшылықтарды көріп тұрса да Кеңес өкіметінің өктем саясаты миларын әбден улап тастаған, оның үстіне көршілерінің көбі орыс ұлтының өкілі болғандықтан көңілжықпастықтан шықпайтын қазіргі қазақтар орыс бодандығын қытайдікінен «артық» деп деп айтуға дағдыланған... Әрине, “қайыс ноктаның темір ноктадан артықшылығы шамалы”. (Жазушы Қ. Жұмаділовтың сөзі). Дегенмен айырмашылықтары бар.

Абылайды үш жүздің ханы, бүкіл қазақ даласының ұлы әміршісі деп Қытай императоры, Орталық Азия мемлекеттерінің басшыларының бәрі ресми түрде таныған. Тек оның беделінің өсіп бара жатқанынан сескенген орыстың «қатын патшасы» Екатерина II-ші ғана оны Орта жүздің ханы ретінде ғана танитынын айтып, грамота жіберген. Абылай өзін қазақтардың ұлы хан

сайлағанын айтып, мұндай бөлшектеуді мойындаудан бас тартады. Сөйтіп, орыс патшасының «бөліп ал да билей бер» саясатына ол көнген жоқ. Ал патшалыққа қазақ даласында бір-біріне бағынбайтын «хандардың» көбейіп, оның бір орталыққа бағынбай ыдырай бергені керек еді. Бұл ойды бекіте түсу үшін патшайымның Орынбордың генерал-губернаторы фон Игельстромға жазған мына хатын да келтіре кетелік. Онда: «Хандық дәрежені алғысы келгендерге тартыншақтамай, олардың санын арттыра беру үшін бәрін де танып, емексіте берген дұрыс. Ондай хандар көбейсе, қырда құдіреті күшті әмірші болмай, бізге тәуелді болып, жалтақтайды да отырады» делінген.

Шоқан Уәлихановтың айтуына қарағанда қазақтың бірде-бір ханы Абылай секілді шексіз билікке қол жеткізе алмаған. Ол тіпті өлім жазасын да өз билігімен бере алатын болған. Бұрын мұндай жаза билер кеңесінде ғана беріледі екен. Халық мұндайға әуелде үрке қарағанымен артынан ханның әділеттігін, не істесе де халықтың жақсы өмірге жетуі үшін жасайтынын көріп, оның әміріне мойынұсынған. Абылай әскері мен халықтың арасында да қатаң тәртіп орната білген, соның арқасында оның жауынгерлерінің рухы мықты, ұзақ жорықтарға шыдамды, тегеуріні қатты болды. Халық арасында беделі зор болуымен қатар Абылай өз әскерлерінің сүйікті басшысы, ержүрек сардары, көреген көсемі бола білген. Бір жорықта жаудың қоршауында қалған ханның атына оқ тиіп, жаяу қалады. Сонда Керей ер-Жәнібек батыр өз атынан түсіп, оны ханның алдына тартады. Өзің қайтесің дегенде батыр: «Сіз қолға түссеңіз ел басшысыз қалар, ал мен қолға түссем қазақтың бір қатыны тағы да бір ұл табар» деген екен. Абылай ханға байланысты мұндай

әңгімелер, аңыз-ертегілер халық арасында өте көп тараған. Абылайдың өмірі мен ерлік істерін, қазақтың ба-сын құрау жолында жасаған дана қайраткерлігін, шебер дипломаттығын өзінің замандастары Бұқар, Үмбетей жы-раулар ғана емес, өзінен кейінгі тарихтағы мықты ақын-жазушылардың, соның ішінде Шәді төре Жәңгірұлының, Шәкәрімнің, Мәшһүр Жүсіптің және т.б. әдебиеттің айту-лы өкілдерінің бәрі де өз шығармашылығына арқау етті. Жаңа заман ақындарының ішіндегі әлі күнге ең атақты болып есептелетін Мағжан ақын ғой. Ол да қазағының жоғын жоқтап, жүрегі қан жылаған жанның бірі. Өзінің «Қазағым» деген өлеңінде:

Қазағым, таянды ғой қылта мойын,
Жер, мал кетіп, бос қалды біздің қойын.
Қарашы өзіңе-өзің көз жүгіртіп,
Жараспас бұдан былай күлкі-ойын.
Жетті енді қам жер мезгіл, жатпа бекер,
Ойламау келешекті түпке жетер.

Надандық қоршап алған тұс-тұс жақтан,
Жан қорқып, дене тітіреп, есің кетер... — деп
жырлады. Халқының осындай қасіретке жеткенін көрген
және оған жан жүрегі өрттеніп, шырылдаған ақын Абы-
лайды жырына қоспауы мүмкін де емес еді. Сондай
жырларының ішінде мынадай жолдары бар:

...Күндерде сонау қара — тапсырған ел

Тағдырын Абылайдай данасына... Бұл жерде ақын
Абылайдың XVIII ғасырда тарих сахнасына шыққанын
айта келіп:

Сол күндерде ел қорғаған Абылайдың
 Қылсаң да аз қанша тәуәп моласына.
 Күніреніп ойлағанда Алаш жайын
 Жанымды орай берер ұлы уайым.
 Кеудемде күннің нұры толғандай боп
 Жырлаймын алты Алаштың Абылайын, – дейді.

Кеңес заманына дейінгі әдебиет пен шежірелерде тарихи тұлғалардың ішінен Абылай есімі бәрінен де биік тұғырда тұрып, ауыз және жазба деректерге ең көп жазылған. Бұл халықтың, оның ішінен шыққан абыз жандардың, ақылды адамдардың оған деген риясыз көңілінің көрінісі еді.

Абылай өзін Қытай мен Ресей империялары сияқты екі киттің арасында екенін жақсы түсініп қана қоймай, сол екеуінің арасында елін қалай тәуелсіз сақтауды үнемі жадында ұстағаны барлық амалдары мен әрекеттерінен көрініп тұрады. Ол императорлардың атына жазған хаттарында бағынатынын айтып екі жақты да емексітіп, сонымен бірге екеуінің бір-біріне бата алмайтынын өз пайдасына жаратуды бек ойлайды. Сондықтан да олардан кейде орындалмайтын көмектер талап етті. Мәселен, 1772 жылы өзінің сыртқы және ішкі жауларымен күресу үшін ол Ресей патшасынан тағы да әскер сұрайды. Сондағы хатында Қытай туралы: «Қай жақтан және қандай да бір патша бізге дұшпандық әрекет немесе опасыздық жасайтын болса Шың оған қарсы тұратын болады және богдыханнан мен күш сұрасам ол он мыңға немесе жиырма мыңға дейін болса да маған әскери адамдар берер еді...» деп жазған. («Қазақстан тарихы», III том., 255 б., А-ты, «Атамұра», 2002 жыл).

Бірақ орыс патшасы Абылайға әскери көмек беруді ойлаған емес, керісінше оны қаптаған жауларының ортасына жалғыз тастап, барынша әлсіреуін күткен еді. Дегенмен дипломатиялық қатынастар үзілген жоқ. 1777 жылы орыс патшасы хан өз билігін тануды жазбаша өтініп, елшілік жіберсе оның өтініші орындалатыны туралы хабар береді. Егер орыс империясы өз билігін танып жатса, саяси аренадағы беделінің арта берерін түсінген Абылай Петерборға баласы Тоғым бастаған елшілік жібереді. Оны 1778 жылы Екатерина II-ші қабылдап, Абылайды Ұлы және Кіші жүздің ханы емес тек Орта жүздің ханы деп танитындығын көрсеткен жоғарыда айтылған грамотаны екінші рет жібереді. Бұған қатты ызаланған Абылай орыс империясының қазақ билеушілерін бір-біріне қарсы қойып, өзара қырқыстыруды ғана көздейтінін әбден таниды. Сондықтан да ол «қатын патшаның» грамотасын орыс бекіністерінің біріне келіп қабылдаудан үзілді-кесілді бас тартқан. Алайда патшалық Абылайдан қол үзгісі келмеді, өйткені қазақ даласын өзіне қаратудың бір кілті ханды өз ықпалында ұстау екенін біліп отырды. Оның үстіне Абылай Пугачев көтерілісіне теріс қарамай, онымен бірлесе отырып, орыс бекіністеріне шабуыл жасауға да ниеттенген. Орта Жүз қарамағынан 100-ге жуық сарбаз Пугачев көтерілісшілерімен бірге Орынбор қаласын алуға да қатысқан. Олар князь Голициннің әскеріне қарсы шайқаста ерекше көзге түседі. («СКО: страницы летописи родного края», стр. 28., А-ты, «Казахстан», 1993 г.) Пугачев дүмпуінің әсерімен және басып алған жерлерін қайтару мақсатымен қазақ жігіттері «Қасірет белдеуінің» бойындағы Қабан, Звериноголовск (Бағлан), Пресногорьков т.б. бекіністер мен редуттарына да жиі

шабуылдап тұрған. Тіпті «Әулие Петр» қорғанына да қауіп төніп, сол жылдардағы қорғанның коменданты Сумароков жоғарыға: «ведомства крепости св. Петра к отпору безнадёжно, а регулярной команды по нынешним открывающимся обстоятельствам совершенно недостаточно» деп жазған. (Бұл да сонда, 29 бет). Міне, қазақтар тарапынан осындай қауіптер болған соң да патшалық Абылаймен жақсы қарым-қатынасты үзгісі келмеген. Сондықтан да оған 1779 жылы жыл сайын 300 сом ақша және 200 пұт ұн мөлшерінде жалақы тағайындаған.

Айта кететін жайт, бұған дейін Абылай мен Ресей патшасы арасындағы қатынастың көбі «Әулие Петр» қорғаны арқылы жүргізілген. Осыған қарағанда патша әкімшілігі «Новоишим» шекаралық белдеуін жүргізуде Абылаймен келіскен сияқты. Соның ішінде «Әулие Петр» қорғаны да ханның келісімімен тұрғызылған болуы керек. Өйткені, 1759 жылы Абылай «Әулие Петр» қорғанының жанынан сауда-саттық ашуды патшадан өтінген. («СКО: страницы летописи родного края», стр. 37., А-ты, «Казахстан», 1993 г). Қорған түбіндегі сауда орны, кейіннен қалаға айналған саудагерлердің, олардың қызметкерлерінің қонысы осылай, ханның өтінішімен пайда болған.

Абылайдың қытай боғдыхандарының біріне жазған хатында мынадай жыр жолдары бар екен:

Россия халқыменен салһы қылып,
Шартнама қағаз жазып елші жүріп:
Ортада саудахана салып қойдык
«Қызылжар» атты қала біз салдырып.

(Г.Мұқанова., «Центральная Азия через призму отношений России-Казахстана-Китая». Петропавловск., 2001 г., с 493). Бұл дерек те Қызылжар қаласының салынуына Абылай ханның қатысы болғандығын және оны салу үшін патшалықпен шарт жасалғаны көрініп тұр.

Ал 1762-65 жылдар аралығында патшалық Абылайға арнап «Әулие Петр» қамалының төңірегінде ағаштан үй салып берген. Оған біз төменде арнайы тоқталамыз. Сібірдің губернаторы Саймонов Абылайдың жылдық жалақысын мың сомға дейін көбейтуді өтініп, осы 1762 жылы Сыртқы істер алқасына хат та жазған. («Қазақстан тарихы», III том.,260 б., А-ты, «Атамұра» 2002 жыл). Бірақ Абылай орыс патшасымен қатынасты 70-ші жылдардың аяғында мүлде үзеді. Оның басты себебі орыс патшалығының өзін үш жүздің ханы деп танымағандығында, яғни қазақ даласын тұтас ел ретінде мойындағысы келмегенінде еді. Абылай орыс колонизаторларының қазақты тұтас ел қылмай, бөліп алып, билігін жүргізгісі келген ашкөздігінен тіксініп қалған сыңайлы. Ал сол кезде Шың империясы оны «қазақтардың жоғары билеушісі» деп ресми түрде танығанын біз жоғарыда айттық. («Қазақстан тарихы», III том.,261 б., А-ты, «Атамұра» 2002 жыл). Осының өзі Абылайдың Қытай басшылығына жақындай түсуіне себеп болған сияқты.

«Қазақстан тарихы»: «Абылай 70-жылдардың аяғына қарай Ресеймен қандай да болсын қатынастардың бәрін мүлде үзді» деп жазғанымен оның толық себептерін ашпаған. Сондықтан бұл мәселе болашақта толық зерттеуді қажет етеді. Көрегендігі де, көсемдігі де өз заманының алды болған Ұлы ханның осы қылығының

сырын ашу міндет. Орыс империясының қанқұйлы саясатының салқынын ерте бастан сезіп қалған хан оған сырт берген сияқты.

Осы, 70-жылдардың аяғына таман ол негізінен еліміздің оңтүстік жағында тұрып, елге басшылық жасады. 1781 жылы 70 жас шамасында Тәшкенттен Түркістанға келе жатқан сапарында дүние салып, сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерленген. Бұл барлық деректерде 1781 жылы болған оқиға екені айтылады. Суық хабарды естіген Қытай еженханы: «Қазақ ханы Абылайдың қазасына белгіленген рәсім бойынша аза тұтылсын», – деген жарлығын шығарып, баласы Уәлиге көңіл айтып, хан рухына ас беру үшін сарай ұлығының бірі жіберілетінін хабарлапты». («100 құжат», құрастырған Қ.Салғараұлы., А., «Санат» баспасы., 1999 ж.). Өкінішке орай бұл жарлықтың қалай орындалғаны туралы құжаттар кездестірмедік.

Ал біз ендігі әңгімемізде «Абылайдың ақ үйі» түскен қазақтың Қызылжар қаласының тарихы мен оның аумағына салынған Абылайдың ақ ордасы туралы баяндауға көшеміз.



II БӨЛІМ

Қызыл жардың етегінде, «әулие Петр» қорғанының түбінде туған қала

Қазіргі Қызылжар қаласының аумағында, бұрынғы «әулие Петр» қорғанына қарсы жерде Абылайға XVIII ғасырда үй салынғаны рас. Ол түрлі құжаттармен дәлелденген. Бірақ біз үйдің тарихын айтпас бұрын қазақтар ежелден «Қызылжар» деп атағанымен орыс патшасы басқыншы өкіметінің кеңселерінде «Петро-павл» деп аталып, өкінішке орай әлі күнге сол атаумен жүрген қаланың тарихына тоқталмақпыз. Оның қыр-сырын саралап шықсақ, осы үйдің қазақ үшін қаншалықты маңыздылығы өз-өзінен таныла береді.

Қазақ сахарасы кең, халқы аз болып, ұланғайыр жері басқа жұртқа бос жатқан, иесіз дала сияқты болып көрінгенімен оның әр сайы мен саласының, әр қыры мен өрінің, төскейі мен беткейінің, көлі мен шөлінің, көбесі мен көдесінің, әрбір суы мен нуының өз иесі, жайлайтын адамдары болған. Өз жерлеріне қазақтар жылдың торт мезгілінде, шаруашылықтың талабына, атап айтқанда мал күтудің қамына байланысты әйтеуір бір рет көшіп келіп, ұзақ уақыт жайлап кетіп отырған. Иелері олардың бәріне, соның ішінде тіпті әрбір бір түп көдесі мен селкеу шыққан бұтасының өзіне дейін лайықты атау берген. Атаулар көбіне сыртқы жағдайына, түрі мен сұрына, пайдасы мен залалына, қасиеті мен кепіетіне қарап беріледі. Кейде атауына қарап-ақ сол жердің қаншалықты пайдалы я зиянды, құтты я қайырсыз екенін білуге болады. Мәселен, қазақ «қара», «сор», «ашылы» сияқты анықтауышты қосып атау берген бол-

са ондай жерлер көбінесе қауіпті, құнарсыз, сорлы болып шығады. «Қараөткел», «Қаратөбе», «Қарақылта», «Қаралы асу», «Қарақыстақ», «Қарасу», «Сорқұдық», «Бозашы» т.б. сияқты жерлердің қауіпті, зиянды болып келетіні барлық тарихи әңгімелерде, жыр, дастандарда, ертегілерде көп кездеседі. Бірақ «қаранор», «қарашаңырақ» т.б. деген атаулар ежелгі, байырғы деген түсініктерді беретіні де бар. Ал енді ақ, кең, ен т.б. сияқты анықтауыштар қосылған атаулары бар жерлердің бәрінен оның қауіпсіздігі, малға да жанға да жайлылығы аңғарылып тұрады. Мәселен, «Ақтөбе», «Ақжазық», «Ақжон», «Ақдала», «Кеңшалғын», «Кеңқыстау», «Ендала», «Енқыстау» т.б. Сөйтіп, қазақ өзінің барлық жеріне ен тағып, енші беріп жүрген. Сол жерлерінің бәрінде оның қорымдары мен зираттары да болып, жер иесінің жаны шыққан, кіндік қаны төгілген немесе сол жер үшін жанын кешкен мекендері екенін айғақтап тұрады. Отырықшы халықтардай қала салып, жердің қара қыртысын айырып, қара жерге жабысып отырмағанымен қазақ жерін иесіз қалдырмай өзінің негізгі тіршілік көзі — мал күтіміне байланысты пайдаланған. Қысқа арнаған шөбін шауып алатын шабындықтарына ол ешқашан мал түсіріп, табанына таптатпаған, сол сияқты жайлауда, күзеуде қонатын жерін де қорып, қалың малды жөнімен бақтырған. Қысқаша айтқанда, бәрінің де тіршілік пен шаруашылықтың ғасырлар бойы қалыптасқан қатаң тәртібіне үйлестірілген жазылмаған заңы, хатқа түсірілмеген тәртібі болған. Соның ішінде әрбір атаның, әрбір рудың жылдың төрт мезгілінде жайлайтын өз жерлері болған, оған басқалар ешқашанда түспейді. Ал жері қуаң немесе жұтаң болып, көк шықпаған аталар болса,

олар басқалардың жерін келісіммен ғана жайлаған. Ол үшін тиісінше «ат майы», «сойыс», «соғым», «ағарған сауғызып» деген сияқты жалдау ақысын (арендалық өтемдер) да төлеп отырған. Алда-жалда басқаның жеріне күшпен кіргісі келгендер болса онда үлкен талас туып, қазақтың ең үлкен – «жер ашуы-жан ашуы» деген дауы басталған. Келісе алмаған екі жаққа ара-ағайын немесе беделді билер төрелік айтып, келеге келтіретін. Әйтпесе, екі жақтың дауы қантөгіске дейін ұласып кететін. Айта кететін тағы бір жәйт, қазақтың қыстауы, жайлауы, күздігі арасында тығыз байланыс болған. Мәселен, жайлауға көшетін жұрт қыстаудағы үйіне артық жүктерін, үлкен жиһаздарын тастап кетіп, оған күзетші қалдырып отырған. Ондайды қазақ «қойма қойып кету» деп атайды. Күздікке балшықтан «қара үй» салдырып, көшіп келгенде оны да жөндеп алып, қоныстанатын болған. «Қара үй» атанатын себебі алғаш от жаққанда жылу шығып кетпес үшін, есік-терезені бітегеннен ішіне түгін шығып, ыс толып, қарайтып жібереді. «Қарашада «қара үй» бар, қарайлай жүр артыңа» деген ақын сөздері осындай үйлерді, қара өзегіңе, өзіңнің шыққан жеріңе қарайлай жүр дегенге меңзеген...

Осының бәрін тәптіштеп айтып отырған себебіміз, қазақ жағдайын, оның тіршілік ерекшеліктерін, жер иелену дәстүрін білмейтін келімсектер жерімізге келгенде оларға бәрі де бос, иесіз жатқан даладай болып көрінгенін білдіру еді. Сондықтан олар бос жатқан жерлер үшін алыс жайлауда немесе күзекте жатқан қазақтардың неге талас қылатынын да көп уақытқа дейін түсінбеген.

Есiлдiң «Қызыл жар» атанған төңірегіндегі ойпаты да қыстық мекен салуға барынша қолайлы, әрі қыстың бора-

нында, күздің қара желінде ықтасын, әрі тіршіліктің нәрі – тұщы суы дәл қасында, жардың басында құрылысқа керекті қалың өскен ақ қайыңды тоғайы да тұнып тұрған аса жәйлі мекен еді. Осы атырапты қазақ «Ен қыстау» деп атаған. «Киргизское хозяйство Акмолинской области» деген жинақта осы аймақта XVII ғасырдың өзінде 117 қазақ ауылы мекен еткен деген дерек бар. (Аталмыш кітап., СпБ., 1910 г., 1 том., 33 стр.). Ал XIX ғасырдың ортасында олардың саны 724 жеткен. (СКО., Страницы летописи родного края., А., «Казахстан», 1993 г., с.26). Ал қазіргі Қызылжар қаласы түскен нақты аумақты Атығайдың Дәулетәлі деген байы қоныс қылыпты. Бұл туралы Сәбит Мұқанов та жазған. Ал одан бұрынырақ Керейдің Көшебе табы да осы жерді мекендепті. Оған атақты Сегіз Серінің мына өлеңі куә:

«Қызылжар» көп қазаққа арман жерсін,
Талайдан біз секілді қалған жерсін,
Керейде Толыбай сыншы туын тігіп,
Найзасын қанға бояп алған жерсін.
Атынды «Қызылжар» деп бабам қойған,
Қондырып саған қосын көңілі тойған.
Жеңістің тойын жасап жарқабақта
Ұстатып асау тай мен тайлақ сойған.
Қантайға сені сыйлап бабам кейін
Қонысқа «Гүлтөбені» таңдап алған.

Қантай да Керейдің бір табы, бір уақытта Қызылжарды солар қоныс еткені көрініп тұр. Бәлкі олардан кейін Атығайлар қоныстанған болуы керек. Әйтеуір, Қызылжар қазақтың ежелден қоныс еткен құтты мекені.

Орыс патшасының басқыншы өкіметі бұрынғы «Ишимская линияның» орнына қазақ жеріне сұғына енген жаңа «Новоишимская линия» атты шекаралық белдеу жүргізгенде ол осы тұспен өткен. Халық арасында оны «Горькая линия» деп атаған. Солтүстік Қазақстаннан шыққан орыс жазушысы Иван Шуховтың осы аттас кітабы да бар. Ол өзі де осы линияның бойында туып-өскен казактың баласы. Жазушының кітабы қазақ тіліне «Қасірет белдеуі» деп аударылды. Шын мәнінде белдеудің «горькая» (ащылы) аталған себебі ол көбіне ащылы көлдердің бойымен жүргізілгендігінен еді. Әйтпесе, түгін тартса майы шығатын қазақтың жерлерімен жүрген белдеудің бойын, ондағы тұрмысты қасіретті болды деп айту қиын. Мал өсірсе де, егін салса да белдеу бойы өте құнарлы болып, тұнып тұратын. Қала берді, жоқ нәрсені сылтау қылып жиналып барып, мылтықтарымен қорқытып, қылыштарымен жарқылдатып қазақтың шабындығын, малын тартып алса да ешкім қолдарын қаға қоймаған. Ондай оқиғалардың болып тұрғанын линияның тұрғыны болған И.Шуховтың өзі де кітабында талай мысалдармен келтіреді. Мұндай жағдайлар әсіресе бертін, Абылай хан өліп, орыс патшасы әкімдерінің әмірі күшейгеннен кейінгі кезде жиі болып тұрған.

Қазақстан мен Ресей арасындағы алғашқы шекара Тобыл өзенінен бастау алып, Қорған (Царево городище), Ишим (Коркина слобода) қорғандары арқылы Омбы қаласының солтүстігінде Ертіс өзеніндегі Чернолуцк мүйісіне барып тірелетін. «Ишимская линия» деп атау алған осы шекаралық белдеудің ұзындығы 1500 шақырымдай болатын. Айта кететін жәйт, осы шекара бойынша қазіргі Омбы қаласы мен оның жері Қазақстан

жағында болған. Ал 1740-шы жылдан бастап жүргізіле бастаған, жоғарыда аталған «Новоишимская» атты жаңа шекаралық белдеудің ұзындығы 900 шақырымдай ғана болды. Жаңа белдеуді жүргізуші басқыншылар түрлі аймақтарда қазақ жеріне 80-нен 300 шақырымға дейін сұғына еніп кету арқылы, бұрынғы имек белдеуді түзулеп тартып, 150 мың шаршы шақырымдай **(кейбір еуропалық үлкен мемлекеттердің аумағындай Ж.С.)** қазақ жерін өзіне қосып алды. Сібір корпусының командирі, генерал-майор Киндерманның басшылығымен жүргізілген бұл белдеу батысында Тобыл өзенінің бойындағы Звериноголовск (қазақша жер атауы Бағлан) бекінісінен басталып, шығысында Омбы қорғанына барып тірелген еді.

Орыстың шекара жүргізу әдісінің тарихында әрбір 90-100 шақырым сайын бір қорған, арасында 20-30 шақырым сайын бір бекініс, ал олардың арасында әрбір 10-15 шақырым сайын бір-бір маяк тұрғызу тәртібі болған. Ол ол ма, оның арасына темір таяқшалар да тығып қойып отырған. Әрине, белдеу жасау тәртібі осындай болғанымен оның іс жүзінде салынуы сапалы болмаған. 1757 жылы ол негізінен аяқталғанымен сапасы барынша нашар болған. Ол туралы Сібір белдеуінің командирі былай деп жазады: «Линия весьма и весьма неспособная объявляется таковым и только одним званием именуется, а в самом деле ни малейшего закрытия не имеет, и в худом состоянии находится, и маяки поставлены в неудобных местах...» (СКО, страницы летописи родного края, А., «Казахстан», 1993 г., с19).

Бірақ сапасы қалай десе де осындай белдеуден әрі асып, шекара бұзып кету оңай емес. Сондықтан ежелден

осы манды мекендеп, мал өсіріп отырған қазақ шаруалары қатты күйзеліске ұшырады. Қазақ жерін аралаған бір саяхатшы осы шекаралық белдеу туралы: «...по дороге натыканы в землю прутья полукругом, по которой примечают не пересекали ли киргизы границу» деп еске алады. Қазақ шаруасының байқаусызда малы өтіп кетсе дозорда жүрген казактар дереу сойылдап қуып әкеліп, қамап алатын. Іздеп келген иесіне «потрава» деп айып салып, көп әлекке түсіретін. Кейде малын қайырмай, өзін ұрып-соғып қуып жіберіп отырған. Ал Абылай хан өлген соң, 1782 жылдан бастап белдеуден әрі мал айдап өту үшін рұхсат қағаз алу керек деген тәртіп шығарды. Осыған дейін ханның айбынынан ығысып жүретін басқыншылар енді қысастық қимылдарын еркін жасай бастағанының бір көрінісі еді бұл. Бұл, әсіресе жаңа және ескі белдеу арасында қалып қойған қазақтар үшін қиын болды. «Казахско-русские отношения XVIII – XIX веках» деген құжаттар жинағында бұл туралы: «...Согласно Указу 1782 года переход казахов со скотом через линию допускался только с разрешения царских пограничных властей и после внесения определенной платы. Поборы эти превращались в настоящий грабеж казахского населения» деп жазды. Осындай қыспақтан соң басқа амалы қалмаған қазақтардың көбі ата-бабадан қалған қоныстарын тастап, жаңа белдеудің сыртына шығуға мәжбүр болды. Сөйтіп, патша әкімшілігінің тілегі орындалып, ұланғайыр жерді өзіне сұраусыз басып қалды. Өкінішке орай, кейін, 1920 жылы Қазақ АКСР құрылып, шекарасы белгіленгенде ол алғашқы белдеумен емес, соңғы белдеумен жүргізіліп, қазақ жерінің жоғарыда аталған аумағы Ресейдің құрамында

мәңгіге қалып қойды. Соның ішінде Омбы қаласы мен облысының жері де бар...

Сонымен, генерал Киндерман «Новоишимская» белдеуін тарта бастайды. 1752 жылғы Сенат бекіткен жоба бойынша оның құрамында 11 қорған, 33 бекініс, 42 маяк бар еді. Қорғандар үлкендіктеріне қарай алтыбұрышты және төртбұрышты деп бөлінген. Сонда, Тобыл өзенінен Есілге дейін бір алтыбұрышты және бес төртбұрышты қорғандар салу көзделді. Олардың атаулары: Звериноголовск (Бағлан), төртбұрыштылары – Пресногор, Кабань, Преснов, Сенжар, Становой. Ал Есілден Ертіс өзеніне дейін бір алтыбұрышты және төрт төртбұрышты қорғандар салу көзделді. Олардың атаулары: «Святой Петр» алтыбұрышты, Полуден, Лебяжье, Николаев, Покровский төртбұрышты.

Осылардың ішінде Есілдің бойында қазақтардың «Қызылжар» атты қонысының тұсына түскені алтыбұрышты «Әулие Петр» («Святой Петрдің» қазақшасы) қорғаны аталды. Ол қарауылтөбе тәріздес биікке салынғандықтан әскери тұрғыдан алғанда жан-жаққа бақылау жасауға ыңғайлы болды. Ағаштан қалап жасаған қорған қабырғаларының биіктігі 2 метрге дейін жететін. Құрылыс материалдары үшін осы маңда қалың өскен қайыңды орман оталып, пайдаланылды. Қабырғаның жалпы ұзындығы бір жарым шақырымдай, қорғанның кеңдігі 2 гектардай болды. Бір жағынан табиғи қорған сияқты болып Есіл өзені ағып жатты, оның үстіне қорғанды айнала терендігі 2, жалпақтығы 4 метрге жуық ор қазылды.

Алғашында «23 қорған», «Үлкен қорған», «Ұлы қорған» деген атаулар алған ол Есілдің бойын-

да қазаққа құтты қоныс болып, «ен қыстау» аталған «Қызыл жардың» етегіндегі ойпаттың дөңінде болатын. Қорғанның құрылысы 1752 жылы басталғанымен 15-20 жылға созылып, оңайлықпен аяқтала қоймайды. Тек 1770 жылдары ғана ғана қорған құрылысы толығымен аяқталған. Сол екі ортада, 1759 жылы қорғанның маңында ашылған жәрмеңкеге келген жұрт, соның ішінде қазақ арасынан шыққан саудагерлер мен кәсіп іздеген жатақтар, татар мен орыс бақалшылары, қоқандық, бұхарлық сауда адамдары, қорғанның отставкаға шыққан кәрі солдаттары мен ауру-сырқауларынан тұратын көп түрлі халықтан «Ен қыстауға» жаңа қоныстанушылар қала сала бастайды. Саудагерлер дүкен, үй-жай салып, олардан қалыспаған қатардағы тұрғындар да баспаналар тұрғыза бастаған. Бұл – қазіргі Қызылжардың «ой қаласы» еді. Қаланы қазақ арасында жер атауына байланысты «Қызылжар» атап кетті. Ал патша әкімшілігінің кеңселерінде ол қорғанның атауымен әуелі «Әулие Петр», артынан «Петропавл» атанды.

Қазақ пен басқа мұсылман тектес халықтардың некелесуінен «шалақазақтар» (чалаказахи) деген айрықша ұлыс пайда болған. Олардың салдырған мешіттері, медірессе, дүкен, зауыт, диірмендері соңғы кезге дейін болды. Осы «шалақазақтардың» Қызылжар қаласының өсіп-өркендеуіне сіңірген еңбегі айрықша екенін айта кетуге тиіспіз. Ал қорғанның жанынан 1759 жылы жәрмеңке аштырған Абылай хан еді. Оның патшаға жазған хатынан «СКО: Страницы, летописи родного края» деген кітапта мынадай: «...прошу же я и народ мой, чтоб дозволить в крепости Святого Петра киргизцам выменивать муку и крупу» деген үзінді келтірілген

(«Статистическое обозрение Сибири», Спб, 1854., с 323). Осы хаттағы өтінішті орындап патша «Об открытии в крепости «Святого Петра» торга со степными народами» деген «высочайший указ» шығарған. Бір қызық нәрсе, сол кездегі сауда-саттықты (орысшасы торговля) патша шенеуніктері қазақ тіліне бұра сөйлеп «сатовка» деп атаған. Мәселен, Сібір корпусының командирі жоғарыда аталған патша жарлығы шыққаннан кейін Атығай Құлсары батырға: «...во удовольствие вашего киргис-кайсацкого народа в крепости св.Петра велено учредить сатовку, для чего и русским купцам в ту крепость с товарами, мукой и крупой съезжаться велено» деп хат жазыпты. Бір сөзбен айтқанда қазіргі Қызылжардың алғашқы бейбіт тұрғындары Абылай ханның атсалысуымен қоныстанған... Және олардың бәрі қаланы «Қызылжар» деп атаған. Ал басқыншы өкіметтің шенеуніктері болса оны өз кеңселерінде соғыс жарағы – қорғанның атауымен атаған.

Жалпы, Абылай ханның Қызылжар қаласымен қатынасы тығыз болған. Ханның Бурабайдағы негізгі ставкасына да ең жақын орыс қорғаны осы болатын. Ал қазіргі Көкшетау қаласының іргесі Абылай хан өлген соң көп жылдан кейін, дәлірек айтқанда 1824 жылдан бастап қана бекініс ретінде қалана бастаған. Ханға Қызылжар қаласы арқылы кейін еңбекақы ретінде патша жылына 300 рубль жалование мен 200 пұт ұн босатып отырған. «Русско-казахские отношения в XVII-XVIII вв» атты құжаттар жинағында Петропавлда тұратын Нежин көпесі И.Курбанов 1773 жылы Абылайдың адамы өзінен ханға арнап 300 рубльдің тауарын алғанын айтқан дерек бар...

Жалпы, Қызылжардағы сауда қазақ үшін бәлендей

түсімді болды деп айту қиын. Мәселен, қазақ жылқысы 15-25 теңге аралығында ғана сатылған, ал мұжықтың жаман мәстектері 50 теңгеге дейін бағаланған. Өйткені, олардың аттары қала ішінде жүруге үйретілген, үрікпейтін арық-тұрақ болғанда қазақ жылқылары жүген-құрық тимеген семіз, шу асаулар болған екен. Соны көріп қазақ байлары да жәрменкеге үйретілген аттар әкелуге тырысқан. Қалай десек те сауда ісі қазақ үшін маңызды болып, жылына келетін 50-60 керуенмен кең далаға Қытай мен Үндістанның, орыстың және батыстың сапалы тауарлары тарап отырған. Соның ішінде Орта Азиялық саудагерлер болса жеміс, өрік-мейіз, түрлі маталар жеткізіп отырған. Мыстан, темірден жасалған сапалы тауарлар да келіп, олар да қазақ арасына жол тартқан. Тобыл, Тула, Қазан, Мәскеу, Рязань, Владимир және т.б. қалалардан келген көпестер өздерінің тауарлары ғана емес, «болыскей» (польский) кереуеттер, «борансыздың» (француздың) айна-тарақтары сияқты тұрмыстық сапалы бұйымдар жеткізіп отырған. Астық негізінен Тобыл, Астрахан, Саратов губернияларынан келген. Соның бәрі қазақтың үйір-үйір жылқысы, табын-табын қара малы мен қойларын айдап кетіп отырған. 1839 жылғы бір дерек бойынша қазақтар Қызылжар базарында 69679 тұяқ мал сатқан екен. (Е.Бекмаханов., «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында», А-ты., «Санат», 1994 ж.).

Енді Қызылжардың өсу жолдарына сәл тоқтала кетелік. Өзенге қарай сығылыса қонған тұрғын үйлер саны 1760 жылы 108-ге жетеді. Сол жылдары жүргізілген Орынбор экспедициясының бастығы болған академик Фальк XVIII ғасырдың аяғында қазақ даласының ба-

тысы мен солтүстігін алты жыл зерттеген адам. Оның еңбектері алғаш рет 1785 жылы неміс тілінде басылып шыққан. Ол Петропавл қорғаны туралы да жазып, естелік қалдырыпты. «Ол кезде», – деп жазады академик, «мұнда тұратын аз ғана казактар мен мүгедектерден басқа халықтың бәрі азиялықтар. Үй саны 172, адам саны 914. Осында көпес Мұратовтың салдырған ауруханасы да бар». Қызылжардың халқы тіпті ХХ ғасырдың 20-30 жылдарына дейін де негізінен қазақтар мен татарлардан тұрғандығы туралы бұдан басқа да көптеген құжаттар келтіруге болады. «Вскоре крепость св. Петра сделалось главным пунктом меновой торговли с Хивой, Бухарой, Ташкентом и мало по малу на луговой части берега реки Ишим осело смешанное население из переселившихся бухарцев, ташкентцев и наехавших из внутренних губернь татар, преимущественно из городов Казани, Касимова и среди которых русские составляли только военный отряд» деп жазды сол жылдары қорғанның әкімі болған В.Черемисинов. (Л.Кузнецов., «Краткий исторический очерк Петропавловска Акмолинской области»). Осы деректі «Городское поселение в Российской империи» атты құжаттар жинағы да растайды. (М.Морозов., «Петропавлоск, в дореволюционных источниках», Л.-д., 1991 г., с.88).

Осындай жағдайда ресейлік генералдарды қала халқының құрамы қатты толғандырады. Көздеріне тек жаулар елестейтін қандыкөз генералдар қала тұрғындары бейбіт адамдар болса да олардан қатты күдіктеніп, қорғанға басып кіре ме деп қауіптене бастайды. Сондықтан қала халқының құрамында орыстардың санын көбейту үшін түрлі айла-шарғылар жасап бағады.

Осы орайда мына деректі келтіре кетелік: «...для обеспечения естественного прироста казачьего населения установлением 1759 года линиях поселились ссыльные женщины 19-40 летнего возраста». Бұл казактар мен отставкаға шыққан солдаттардың қылмыскер әйелдерге үйленіп, ұрпақ жаюына жол ашты. Қайтсе де орыстек-тестерді көбейту мақсатымен қорғанға тіпті жазасын өтеп жүрген баскесер ұры-қарыларды да қоныстандыру ісі қолға алынған. «Командующий Сибирскими линиями генерал-поручик И.Шпрингер для перестройки укреплений использовал колодников, сосланных в Сибирь на каторгу. В крепости их содержалось на работах 100-300 человек» деп жазылған бір деректе. Кейін, жазалау мерзімі аяқталған соң осы баскесерлер қорған маңындағы қала тұрғындары болып қалған. Кейде, қазіргі Қызылжарда қылмыскер элементтердің көбірек болатын себебі осындайлардың ұрпақтары болған соң да шығар деген ойға қаласың.

Патша әкімшілігі орыстардың санын көбейту үшін тіпті ортағасырлық адам саудалау сияқты тағылық әрекеттерге дейін барған. 1925 жылы шыққан «Справочник по городу Петропавловска Акмолинской губерний» деген кітапта былай деп жазылады: «С 1808 года лицам свободного достоинства разрешено было покупать на Сибирской линии киргизских детей с тем, чтобы по достижении 25 летнего возраста отпускались на волю, за что владельцам с 1822 года выдавалось казной вознаграждение, своего рода выкуп». Бұлар кейін осындағы казактардың санын толтырған. Сөйтіп, қазақ балаларын сатып алып, орыс қылып жіберуді, қала берді жасы үлкендерін де шоқындырып орыс қылуды патша әкімшілігі қатты ес-

керіп, оған өкімет тарапынан қаражат бөліп отырған. Осы күнгі орыс ағайындардың арасында сирек болса да қазаққа ұқсайтындары ұшырасып қалады. Ондайлар орыс қылып жіберген қазақтардың ұрпақтары болуы мүмкін. Адам саудалау жөніндегі орыс патшасының жабайы заңы тек 1825 жылы ғана тоқтатылған, бірақ онда да толық тиырмай: «...воспрещено покупать киргиз, калмыков и других азиятцев, но для пополнения недостатка женщин в Западной Сибири разрешено выменивать у сопредельных с нею кочевников детей женского пола» деп өзгертілген. Осы күні орыс арасынан шыққан кейбір кеудемсоқтар қазақтың қыздарды айттырып алуын «малға сатып алған» деп күлмек болады. Бірақ солар өз тарихтарында адамды малдан әрі саудалағандарын біле бермейді ғой. Сатып алған қазақ қыздарынан кейін орыстың жыртысын жыртқан дарынды адамдар да шыққан. Соның бірі генерал Корнилов. Оның шешесін кезінде казактар сатып алғанға ұқсайды... Кенесарының қолға түскен бір қызынан тараған ұрпағы да орыстың белгілі генералдарының бірі болған.

XIX ғасырдың басында үйлер дөңге де салына бастады. Бұрын мұнда алғашқы болып Абылайдың ақ үйі ғана түскен еді. Оның салынуы 1762-1765 жылдар арасы болатын. Ол туралы біз «үйдің» өзіне арналған тарауымызда толық тоқталатын болғандықтан бұл жерде кідірмей, Қызылжардың өз тарихы туралы айта берелік.

Еңқыстауда немесе қазіргіше айтқанда Ойқалада қоныстанған қызылжарлықтарды кей жылдары қатты болатын Есілдің тасқын суы басып қала беретін болған. Мәселен, 1824 жылы болған үлкен тасқында оның 700-дей үйін су алып кеткені деректерден белгілі. Қаншама

адам мен мал қырылған, бірақ олар туралы нақты дерек кездестіре алмадық. Қала тұрғындарының дөңге көшуіне түрткі болған негізгі себеп те осы – жиі қайталанған табиғат апаты болады. Айта кететін жәйт, Қызылжардың тарихында басқа да апаттар көп болған. Соның ішіндегі ең үлкендерінің бірі – өрт. 1824 жылғы 9 мамырда болған өртте қаланың 110 үйі жанып кеткен, ал 1849 жылы болған үлкен өртте 450 үй түгіл қалмай күлге айналып, қалалық бюджетке сол кездегі ақшамен 300 мың теңгенің зиянын шектірген. Мұның өзі ендігі жерде қаланың үйлерін тастан, кірпіштен салуға мәжбүр етеді. Соның ішінде астыңғы қабаты кірпіштен, үстіңгі қабаты ағаштан салынған екі қабатты үйлер көбейеді.

1781 жылы дүниеден көшкен Абылай ханның орнына Орта Жүздің ханы етіп оның ұлы Уәлиді тағайындалған болатын. Ол қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың атасы екендігі белгілі. Осы Уәли хандық атақты 1782 жылғы 1 қарашада Қызылжар қаласында қабылдап, ант берген болатын. (СКО: Страницы летописи родного края., А-ты., «Казахстан»., 1993 г., с 380). Ал 1819 жылы ол өлгеннен кейін патша өкіметі хан тағайындамай, хандықты, яғни қазақтың өзін-өзі билеу институтын жоюды қолға алады. Сөйтіп, қазақ даласын өзіндік тәуелсіздігінен мүлде айыра бастайды. 1822 жылы Сперанский жасаған «Устав о сибирских киргизах» атты жарғышығады. Оған сәйкес қазақ жерінде жаңа әкімшілік бөліктер құрылып, бұрынғы ел басқару дәстүрлерін ұмыттыру қолға алынды. Қазақ жерін бөлшектеу үшін құрылған жаңа әкімшілік бөліністер «приказдар» деп аталды. Алғашқы құрылған приказдар Көкшетау мен Құсмұрын еді.

Айта кетерлігі сол, бұл жарғыны іске асыруға патша шенеуніктері бірден кіріскен жоқ, алдымен оған халықты дайындап, тиісті «түсіндірме» жұмыстарын жүргізді. Соның ішінде приказдарды жергілікті халықтың мүддесі үшін жасалады деген үгіттерді айтқызып қазақ даласына түрлі деңгейдегі «насихатшыларды», тыңшылар мен жансыздарды жібереді. Олардың арасында дәрігерлер, саудагерлер, бақалшылар т.б. болған. Бірақ тұтас жерін бөлшектеу патшалықтың өз әмірін сөзсіз жүргізіп, отарлау құрығын ұзарту жолындағы айлакерлік әрекеттері екенін көптеген адамдар бірден сезіп, оған қарсылық білдірген ерлер көп болды. Солардың бірі Кенесары Қасымовтың ағасы Саржан сұлтан еді. «Ол 1824-ші жылдан 1836 жылға дейін патшаға қарсы қажымайталмай күрес жүргізді» деп жазды атақты тарихшы Е.Бекмаханов. («Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында», А-ты., «Санат», 1994 ж).

Бұрын хандық болғанда хан-сұлтандарды, беделді ақсақал, старшындарды алдап-арбап, ақы төлеп, үйлер салып беріп, астық бөлгізіп отырған патша әкімгерлері енді жаңа жарғы шыққаннан кейін олардан айылын жимайтын ашкөздік әрекеттерін жасай бастады. Соның ішінде, 1824 жылы «Ащылы белдеу» бойын түгелімен «Омбы облысы» деген әкімшілікке бағындырып, өзіне меншіктеп ала қойды. Қызылжар осы облыстың округтік қаласы болып белгіленді. Ал даланың беделді адамдарын, рубасыларын Қызылжарға жинап алып, наразылықтарын басу үшін Батыс-Сібірдің генерал-губернаторы өз қолымен сыйлықтар үлестіріп, жаңа тәртіпті мойындауға мәжбүрледі.

Қызылжар қаласы тұрғындарының өсімі осы жылдары күрт арта бастады. 1825 жылы қала тұрғындарының

саны 3495 адам болса он жылдан кейін, 1835 жылы олардың саны 4750 адамға жетті. Яғни он жылдық өсім 35 пайызды құраған. Бұл жедел өсімді айғақтайтын сан. Ондай жетістік табиғи өсімнен болмайды, тек сырттан келгендердің санының көптігінің арқасында ғана ондайға қол жеткізіледі. Демек, осы жылдары Қызылжарға сырттан келушілердің көп болғанын көруге болады. Қазақтар арасында жаңа жарғыға наразылықтың күшті екенін байқаған патша әкімшілері күтпеген шабуылдан қорқып, қорғанға сырттан үлкен әскери күштер енгізіп, ал қалаға орыс арасынан көшіп келушілерді молынан тоғытып жатқаны осы себепті болатын. Ал одан кейінгі жылдары қала халқының өсімі өзінің табиғи қалпымен ғана артып отырған. Соның ішінде кейбір онжылдықтарда қала халқының өсімі он пайызға да жетпеген. Мәселен, 1869 бен 1879 жылдар арасындағы өсім 7, ал 1916 мен 1926 жылдар арасындағы өсім 4 пайызды ғана құраған.

Патша офицері әрі саяхатшы П.Семеновтың 1873 жылы Омбыда шыққан «Географический статистический словарь» атты еңбегіне жүгінер болсақ, Қызылжар қаласында 1865 жылы барлығы 7845 тұрғын болған, соның 3269 мұсылман, 4421 орыс, 109 еврей, 45 католик дініндегі адамдар болған. Саяхатшы: «Қалада 1390 үй, 339 дүкен, 4 мешіт, 3 шіркеу, 14 көше, 2 алаң, 11 бұрылыс болды» дей келіп, кәсіпорындар туралы айтқанда «26 зауыт, соның ішінде 9 май қорытатын, 2 сабын қайнататын, 7 тері илейтін, 1 желім, 1 мал соятын және 6 кірпіш күйдіретін орындар бар екен», деп жазады. Көріп отырғанымыздай патша шенеуніктері қаладағы орыстың санын қайтсе де көбейтеміз деген нешестүрлі қитұрқы әрекеттер жасаса да мұсылман халқы әлі де қала тұрғындарының 42 пайызын құраған.

Белгілі ақын, жерлесіміз Хамза Абдуллин 1992 жылы сол кездегі облыстық «Ленин туы» газетіне Қызылжар туралы мақала беріп, онда бұл қаланың ежелден қазақ пен татардың қонысы болғандығын әңгімелей келіп, шаһардың ортасындағы бақта тек қазақ пен татар жастары жүретінін айтады. Хамекең марқұм ақын болған соң асырыңқырап айтып кеткен шығар, орталықтағы тамаша бақта жалғыз мұсылмандар ғана жүрмеген болар деп күдік алған едік. Сөйтсек... ақын ағамыз шындықты айтқан екен. 1865 жылы Санкт-Петербургте шыққан «Городское поселение в Российской империи» деген кітапшада: «1860 год, 22 декабря. Повелено разрешить участок городской земли в Петропавловске... обратить его под устройство сада исключительно для магометан» деген бұйрық болған екен. Бір сөзбен айтқанда кезінде Сәкен Сейфуллин, Міржақып Дулатов қыдырған, Мағжан қыздарға қырындағын, Қажымұқан келіп, күрес өнерін көрсеткен Қызылжардың бағы алдымен тек қана мұсылмандардікі болған. Және оның төбесінде де: «Исключительно для магометан» деген жазу болыпты. Осының өзі қала халқының дені мұсылман болып, олардың ықпалы мен беделі зор болғанын көрсетпей ме?

Қазақтың алғашқы миллионерлері Байғабыл, Есентай, «сақау» Баймағанбет деген байлар, Тұранов, Тастеміров, Қоныспаев және т.б. сауатты, өз заманының озық ойлы, зиялы адамдары осы қаланың тұрғындары болған.

Тағы бір айта кететін жәйт, сол бақтың оңтүстік жағында мұсылмандар зираты болған. Дәл сондай қорым қазіргі Конституция көшесіндегі облыстық мәслихат орналасқан үйдің орнында да болыпты. Кейін оны сы-

рып тастап, орнына алдымен обком үйі болған осы ғимаратты салады. Ал зират болғандығы жердің кімдікі екенін дәлелдейтін үлкен айғақ.

Сол жерде қаланың үлкен «Көк мешіті» де болған. Бұл жер қазіргі Қызылжардың қақ ортасы ғой, сондықтан өзінікін ғана дұрыс деп ұққан ұрдажық өкімет мешіттің игі ықпалынан, оның халықты имандылыққа үйіретін қасиетінен қорықса керек, оны қаланың бір шетіне («Бензострой» ауданы) шығарып тастаған екен.

Петропавл халқының XVIII ғасырдың аяғындағы құрамын айтқан тағы бір құжатты келтіре кетелік. Қызылжар туралы үлкен де қызықты деректер қалдырған, сол кезде белгілі дәрігер болған Ц.Белиловскийдің 1886 жылғы ақпарында былай делінген: «...население города Петропавловска состоит из четырех народностей: татарь, киргизов вместе – 6517, русских – 7258 и еврей 275». Бұған қарағанда сол кездегі мұсылман халқының үлесі 46 пайызға жеткен. Ал орыс тұрғындардың көбісі әскер қызметіндегі адамдар және казактар екенін ескерсек бейбіт тұрғындардың басым көпшілігі мұсылман болғанын көреміз. Ендеше, жоғарыдағы ақын ағамыз айтқан «Қызылжар ежелден қазақ пен татардың қаласы болған» деген сөзінің айна-қатесіз шындық екеніне көз жеткізуге болады.

Тағы бір қызық фактіге назар аударғымыз келеді. 1842 жылғы 19 желтоқсанда Петропавл қаласының гербі («елтаңба» деген мемлекеттік гербке қатысты ғана айтылса керек) белгіленді. Ол екі бөліктен тұрады. Жоғары бөлігінде Тобыл губерниясының гербі орналасқан да, төменгі бөлігі толығымен жүкті түйені жетектеген қазақ бейнесінен тұрады. Қазақтың үстінде ұзын ша-

паны, басында бөркі бар. Ол ұшы-қиырсыз кең, көсіліп жатқан жазықта түйесін жетелеп, жалғыз келе жатыр. Осының өзі жергілікті халықтың жалғыз қазақ екендігін айғақтаған нысан емес пе? Гербті жасаған суретшінің нышанды бейнелеуге әділ көзбен қарағаны білініп тұр. Ал жоғары бөлігінде Тобыл губерниясының гербінің тұру себебі: қазақ хандығын құртқаннан кейін асығыс ұйымдастырылған Омбы облысы 1838 жылы таратылып, Петропавл қаласы Тобыл губерниясының Ишим (Есіл) уезіне қаратылған болатын. Ресми құжаттарда Петропавл «заштатный город Тобольской губерний» деп аталды. Міне, осы себепті гербте Тобыл губерниясының гербі бейнеленген.

Біз жоғарыда дәрігер Цезарь Белиловскийдің Қызылжар қаласының XIX ғасырдың аяғындағы тұрғындары жөнінде қызықты деректер қалдырғанын айтқан едік. Айта кететін жәйт, осы дәрігердің өзі еврей ұлтының өкілі, бірақ артынан, III Александр кезінде, ұлтына жасалған қысастықтардан қорыққан ол шоқынып, православие дініне өткен. Есімін де «Цезарьдан» «Кесарьға» ауыстырыпты. (М.Виткин., «Евреи Северо-Казахстанской области», П-павловск., 2008 г., с.28).

Енді оның деректерінен үзінділерді орыс тіліндегі нұсқасынан шағындап аударып, бере кеткенді жөн көрдік. Өйткені, ол, біздіңше, сол кездегі тұрғындарды барынша әділетті сипаттаған жазбалар сияқты.

«Татарлар. Олардың үйлерінің көбі ағаштан салынады, бәрі бір типтес. Үйіне кірген қонақты еркектер мен кемпірлер ғана қарсы алады. Жас қыздар мен келіншектер көзге түспей, тығыла бастайды. Ал Қасымов татарларында мұндай әдет жоқ, олардың әйелдері де еркек-

терімен бірге жүреді. Айта кететін жәйт, Қасымов татарлары Қазан татарларына қарағанда мәдениеттілеу (еуропаша дегені ғой Ж.С.) келеді. Татарлардың үйлері таза, кілем-көрпешелер молынан төселген, төсектері ұқыпты жиналған. Бұрышта ыдыс-аяқ қоятын асадал тұрады, ал үйдің төрінде, қабырғаларында дұғалықтар ілулі болады. Сонымен бірге бөлмеде өсірілген гүлдер тұрады.

Татарлардың жейтін тамағы: қой етінен жасалған тұшпара, қазы, палау, мәнті, самса, бесбармақ. Тамақты қолмен жейді, қолдарын тамақ ішерде және ішіп болған соң мұқият жуады. Қымызды көп ішеді: бір адам күні бойы бір немесе жарты шелекті жалғыз бітіреді. Еркектері аздап шылым тартады, ал әйелдер оны аузына алмайды. Татарлардың бәрі дерлік сауатты».

Осы жерде бір пікірді қоса кеткіміз келеді. Дәрігер татаршаға ұқсап тұратындардың бәрін «татарлар» деп айтса керек. Әйтпесе, татардың қымызды көп ішкені немесе қазақтың төл асы «бесбармақты» мол жейтіні, сондай-ақ бұқаралық саудагерлер әкелген «палау», «мәнті» сияқты тағамдарды тұтынатыны аз ғой. Сондықтан бұл жердегі «татар» деген түсінікке қазақ саудагерлері, Бұқара мен Тәшкеннен келіп тұрып қалғандар, аралас некеден туған «шалақазақ», башқұрт т.б. халықтардың өкілдері де енетін секілді. Енді деректі әрі қарай оқып көрелік:

«Қазақтар (деректе әрине «киргизы» деп жазылған Ж.С.). Қызылжар қаласында тұратын қазақтардың көбі қызметшілер. Жергілікті сауда өкілдері арасында үлкен беделге ие болған, ықпалды байлары шамалы.

Бір қызығы қазақты қандай қауырт жұмыс болса да көктем шыққанда қырға, жайлауға кетуден ұстай ал-

майды. Күн жылынып, көктем біліне бастағаннан-ақ қазақ далаға ұмтылады. Өйткені, кең далада қазақ түлеп сала береді. Қой мен жылқы, ет пен қымыз болса болды, қазаққа дүниенің басқа қызығы керегі жоқ. Ауарайының қолайсыздығын қазақ елемейді, ұшы-қиырсыз кең дала оның туған үйі сияқты. Қазақ ешқашан жолмен жүрмейді, маң даланы кесіп өтіп, тура жүретін ол қандай қиындық болса да баратын жерін адаспай, дәл табады. Оның көзінің өткірлігі қолына ұстап жүрген бүркіт, қаршығадан бір де кем емес. Даланың құйғыта соққан бораны да оған кедергі жасай алмайды. Дүниеде жаны сүйсініп, жақсы көретіні – жылқы. Жақсы атқа ол жанын беруге әзір. Кең даланы құйғытып, жүйрік атпен шапса, немесе оның етін қасқыр тәбетпен құмарлана жесе – қазақ соған мәз.

Жылқы ұрлау қазақтарда қылмысқа жатпайды, тек ептілікпен ұрлай білу қажет. Қазақ әйелін қалыңмал төлеп, сатып алады. Үйінде қатал, әйелі мен балаларын еркелету дегенді ол білмейді. Өлеңді қолма-қол суырып салып айтады. Қонақжайлылығы керемет. Ол сенімді де, сөзіне берік жолдас бола алады. Бірақ бір жағынан кекшіл, сөз тергіш.

Еврейлер. Петропавлда тұратын еврейлердің 2-3-еуінен басқасы жер аударылғандар. Олар оңай тұрмыс құруға, алдап-арбаумен тез баюға, біреудің үстінен сөз тасып, жағынуға құмар. Аса икемделгіш, өзгергіш, қу мінезінен-ақ еврейді бірден тануға болады. Олардың ұзын саны 275 қана, сондықтан олар қоғамға бәлендей ықпал ете алмайды. Айналысатындары ұсақ сауда, соның ішінде кейбіреулері оңай олжаның көзі – кабак ашып алған. Сонымен бірге олардың кейбірі музыкант, тігінші болып

та істейді. Қанша өзімшіл болса да еврей өзінің отбасында мейірімді әке, үлгілі отағасы. Олардың арасында ішіп кеткендері мүлде жоқ. Тағы бір ерекшелігі: еврейлердің бәрі дерлік көзілдірік тағады.

Орыстар мұнда **казактар, мещандар, көпестер, шаруалар және түрлішенділер** болып бөлінеді.

Казактар. Петропавлдың казагы Орал мен Донның казагына мүлде ұқсамайды. Бұларда сырбаздық, ержүректік жоқ, олардың бәрі дерлік қайыршылық халде тұрады. Көбінің аты түгіл үстіне киетін киімі де жоқ. Үйлері ыстық шығып кетпес үшін мұржаны ерте жапқандықтан түтін шығып ыс, күйе болып қап-қара күйге түскен. Казактың үйінде мына көріністі жиі көресің: бөлме ортасында үлкен пеш, үстінде жүдеу балалар, ыдыс тұратын жиналмаған шкаф, бұрышта жалаңаш етке кие салатын жыртық тон бүктетіліп жатады – міне, бар болғаны сол ғана. Еркектердің де, әйелдердің де арасында сұлу кескінді жандарды кездестірмейсің, көбісі азияттықтарға ұқсайды. Тұрмыста барынша лас тұрады. Жейтін тамағы: щи, ботқа, балықтың сорпасы – сол ғана. Казак отбасында қатал. Айналысатын кәсіптері балық аулау, астық өсіру және бақша егу.

Шаруалар мен солдаттар. Мұндағы шаруалардың тұрмысы жалпы орыс шаруаларының тұрмысынан аумамайды. Үйлері жиналмайды, кір, ауласы лас. Жақсы көретіні: арақ ішу, монша және пештің үсті. Қиын тұрмыс үй иесін қайыршыға, әйелін делдалға, ұлдарын ұрыға, қыздарын жезөкшеге айналдырып жіберген.

Жартысы жерге кіріп кеткен аласа есікті ашып, екі бүктетіліп «солдат слободкасындағы» үйлерге кіріп келсеңіз, дымқыл іргелі, көрдей үнгірдегі нар үстінде

бірдеме іздеп жатқан жалаңаш балаларды көресіз. Гигиена, санитарлық жағдай туралы мұнда ауыз ашуға да болмайды. Шаланың, жуындының, іш дәретінің күлімсі иісі, кір-кір ағаш бөшкеде тұрған ішетін су мен оның үстіндегі ағаш ожау, ауланың ішінде өмірі жиналмайтын малдың қиы – міне, осының бәрі шаруа, солдат, мешкан, казак үйлерінің айнымас көрінісі. Қала берді маскүнемдік, балаларды күтпеу, қит етсе төбелес, ауыр соққылар адам өмірін келмеске тоқтаусыз әкетіп жатқан факторлар осылар.

Мещандар, көпестер, түрлішенділер. Мещандардың үштен бірі жоғарыда аталған сословиялармен бірдей тұрады. Қалған екі бөлігінің біреуі ашқұрсақ та, соңғы бөлігі жақсы тұрады. Осы соңғылардың тұрмысы көпестер және түрлішенділермен бірдей. Бұлар енді тамақты тойып ішетіндер. Бір қызығы 14-15 мыңдай халқы бар Ресейдің басқа уездік қалаларында арақты дәл осындағыдай еш жерде ішпейтін шығар. Мұнда «тартып жібер де, жеп жібер» (выпить да закусить) деген сөздер жазудағы тыныс белгілері сияқты жиі қолданылады. Кейбіреулер бір отырғанда толық ширекті («четвертак» деген сөз, ол 3,075 литрге тең) ішіп қоюға бар. Мұндағы жастар мұрт шықпай жатып-ақ ішкіш болып кетеді.

Көпестер мен түрлішенділер қонақжай келеді. Мұндағы бірде-бір туған күн атаусыз қалмайды. Көптеген шенеуніктер тамыр-таныстары мен бастықтарының туған күндерін көрсететін арнаулы күнтізбе жасап алады. Туған күні болатын адамның үйіне сол күні қаланың барлық бұрышынан құттықтаушылар ағылады. Олардың мұраты «тартып жібер де, жеп жіберге» тезірек жету. Ал дастархан үсті тамақ пен арақтан қайысқандай бо-

лып тұрады. Түрлішенділер мен көпестердің құлқы жалпы ресейлік ағайындарынан ерекше емес, жалғыз-ақ айырмашылық, бұлардың санасын қайтсе де тезірек байып кету арманы жаулап алған».

Дәрігер Ц.Белиловскийдің ерекше байқағыштығына қарағанда патша шенеуніктері оны да тыңшылық қызметке дайындаған секілді. Айта кететін жәйт, қазақ арасына жіберілетін тыңшы, жансыздардың көбісі, жоғарыда айтқанымыздай, дәрігерлер болған. Олар саудагер, бақалшықтардай емес, адамның сеніміне тезірек кіреді ғой. Сондай бір Шихов деген дәрігер-тыңшының да аты белгілі.

Қызылжардың ежелден қазақ пен татардың қаласы болғанын растайтын жоғарыда айтылғандардан басқа да толып жатқан деректер бар. Тіпті, XX ғасырдың басында да ол қазақ пен татардың қаласы деп есептелген. Мысалы, «По Сибири. От Москвы до Серетинска» атты 1903 жылғы жолжазбасында М.Леонов деген ғалым: «Петропавловск, небольшой городок, имеет около 3000 домов. Население его составляет татары, башкиры, бухарцы, киргизы и др. азиатско-магометанские племена. В городе 5 церквей, 6 замечательно красивых по своей архитектуре мечетей с гордо высящимися к небу минаретами. Несколько учебных заведений, 6 татарских медресе» деп жазған. (М.Морозовтың аталмыш еңбегі., 71 б). Айта кететін жәйт, М.Леоновтың бұл жазғаны XX ғасырдың басы ғана ғой, ал негізінде Қызылжарда 9 мешіт болған. Соның ең алғашқысын Қасымов деген қазақ байы XVIII ғасырда, дәлірек айтсақ 1795 жылы-ақ салдырған. (И.Морозовтың аталмыш кітабы., 89 б.). Бұл да қаланың шу дегенде қазақтікі болғанының

бір бұлтартпас дәлелі. Ол ғимарат әлі де бар, қазіргі балық зауытының аумағында тұр. Ал орыстың тас шіркеуі бұдан 120 жылдан кейін, тек 1813 жылы ғана тұрғызылыпты. (СКО: страницы летописи родного края, А., «Казахстан», 1993., с. 380).

А.Носилов деген саяхатшы, географ «По юго-западной Сибири» деген еңбегінде өзінің Қызылжарды алғаш көргенін былай деп еске алады: «Пестрый халат киргиза смешался с халатом татарина, его поддевкой: высокие белые, серые, черные, меховые шапки смешались с тюбетейками, которые блестят золотом и серебром... и русский среди них кажется совершенно чужим, гостем, а не хозяином. Татаро-киргизский город дает себя знать всеми своими оригинальными чертами своих жителей, странным для нас говором толпы».

1891 жылы 18 шілдеде орыс империясының шығыс шекарасын аралап жүрген патшаның мұрагері, болашақ император Николай II-ші Қызылжар қаласында да болады. Ол біздің қала туралы өзінің көргенін «жолдағы хаттар» деген жазбаларында былай деп еске алады: «...Петропавловск, уездный город Акмолинской области, на правом берегу Ишима. По местоположению делится на две части: нагорную и подгорную. На самом возвышенном месте нагорной части еще сохранилась крепость.

Население в настоящее время состоит из 16780 человек, из которых мужчин 8330 и женщин 8400. В городе пять каменных православных церквей, 1 еврейская синагога и 6 каменных мечетей. Училищ 12: пятиклассное мужское, четырехклассная женская прогимназия и две станичные школы, шесть татарских школ при мечетях и две киргизские школы». Осы фактілерден де XX

ғасырдың басында қалада қазақ пен басқа да мұсылман халықтар үлесінің көп, ықпалының зор болғанын көруге болады. Өйткені, мұсылманша оқытатын мектеп саны 8 болған, ал орысша білім беретіндер 4-еу ғана. Дін орталықтарының саны да мұсылмандарда артық.

Ал 1914 жылғы дерек бойынша Қызылжарда 7 мешіт, 6 шіркеу, 1 еврей синагогасы, 30 оқу орны, соның ішінде 8 мұсылман мектебі және 5 медірессе болған.

Осының бәрін жазып, Қызылжарда ежелден қазақ пен татардың және олардан басқа да мұсылман халықтарының, соның ішінде «шалақазақтардың» да молынан тұрғанын түрлі құжаттармен дәлелдеп, қадай көрсетіп жатқанымыздың үлкен сыры бар.

Кеңес одағы жылдарында Петропавлда қазақ мүлде болмаған, сахарада көшіп жүретіндер арасынан кедейленіп қалған жатақтар ғана кәсіп іздеп, күнкөрістің қамымен орыс алағына көшіп келіп, қала тұрғынына айналған деген түсінік қалыптасты. Осыдан бұл қаланың тұрғызылуына, оның өсуіне олардың ешқандай қатысы болған емес деген ой өзінен-өзі туатын. Ондайды қалыптастырып жүргендердің пиғылы белгілі: ол – бұл қала ежелден орыстың жері, қаланы салған да орыстар деген ұғым қалыптастырудың айла-шарғысы еді. Ресми саясат осы шовинистік, яғни басқаларды жоққа шығару ұстанымын қолдады. Мұны қазақтың сол кездегі қызметкерлері, оқығандары қайталап, ресми саясаттың шоқпарын соғып жүрді. Ал осыны өздеріне қару еткен кейінгі шовинист, экстремист пиғылды орыстар: «бұл қала ежелгі орыс қаласы, оның атын «Қызылжар» деп өзгертуге болмайды, ондайды кім шығарды» деп жұлқынып, тіпті жаға жыртысуға дейін барып

жүргенін де жақсы білеміз. Сондықтан біздің мақсат – Қызылжардың ежелгі қазақ қаласы екендігін тұрғындарға орыстың ғалым, саяхатшы, шенеунік, өкіметтің ресми адамдары және жәй да білікті кісілері жазып кеткен өз ақпараттарымен дәлелдеу болды. Енді, жоғарыдағы деректерден бұл қала тұрған жерді қазақтар ежелден қоныстанып, иеленгенін, ал артынан патшалықтың басқыншылары (колонизаторлар) келіп шекаралық «әулие Петр» қорғанын салғанын, бірақ оның қасынан «Қызылжар» атты шаһар түсе бастағанда ондағы тұрғындардың басым көпшілігі қазақтар және басқа да мұсылман халықтары болғанын және бейбіт тұрғындарға қажетті дүниенің көбін солар тұрғызғанын, бүкіл кең дала қаланы қазақ атауымен «Қызылжар» деп атағанын, сондықтан да бұл қазақтың «ежелгі Қызылжар қаласы» деп атауымыздың негізі бар екенін көріп отырмыз.

Зертеуші-тарихшылардың бәрі де қалада ежелден дәулетті адамдар болған шалақазақтардың мешіт, медірессе, мектеп, диірмен, түрлі зауыттар т.б. салдырғанын біледі. Қазақ болмаса, және ол басқа мұсылман халықтарымен араласып көбеймесе «шала қазақ» деген қайдан шығар еді?

Кеңес одағы жылдарында Қызылжар тұрғындарының саны сырттан келушілердің есебінен ғана шұғыл өсті. Мәселен, 1916 мен 1926 жылдар арасындағы халық санының өсімі 4 пайыз болса, 1926 мен 1936 жылдар арасындағы өсім... 84 пайыз болды. Ал бұл кезде облыс халқының өсімі тек 4-ақ пайыз болған. Осы жылдар аралығында, нақтырақ айтқанда голощекиндік геноцидтің салдарынан қазақ халқы 2,0 млн-дай ада-

мынан айрылып, қолдан жасалған аштықтан қырылып қалғанын білеміз. Тағы 1 млн-дайы туған жерден босып, Қытайға, Иранға және КСРО қоластындағы Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Ресей сияқты республикаларға ауып кетті. Қазақтың демографиямен айналысқан алғашқы ғалымдарының бірі, инженер Мұхамеджан Тынышпаевтың есебі бойынша 1917 жылы Петропавл уезінде 120 мың қазақ тұрған екен. (М.Тынышпаев., «Материалы к истории киргиз-кайсацкого народа», Ташкент., 1925 г). Ал 1989 жылғы КСРО-да болған санақ бойынша Солтүстік Қазақстан облысында 120 мың қазақ болған. Мұның өзі **қызыл қырғынның кесірінен 72 жыл бойы біздің өңірде қазақ халқының саны мүлде өспегенін көрсетеді...** Бұған қанқұйлы өкіметтің халыққа қарсы бағытталған қырып-жойғыш саясаты ғана кінәлі еді.

Ал осындай жағдайда басқа халықтардың саны бірнеше еселеп өскен. Әсіресе, славян тектес халықтардың өсімі қазақ жерінде ондаған есеге артқан. 1932 жылы қазақ халқы қырылып жатқанда біздің өңірге Ресей, Украина және Белоруссия республикаларынан 172 мың жер аударылғандарды әкелген. Бұлар «кулактар мен сенімсіз элементтер» деп танылған жандардың отбасылары еді. Соның көбісі Қызылжар қаласына қоныстандырылып, халық санын жедел өсіріп жібереді. («Население СКО за 100 лет», П-ск., 1993., с. 8). Жоғарыда айтылған 84 пайыздық жедел өсім осы кезде болды. Көбісі жазықсыз қуғын көріп, ашынып келген келімсектер көптігіне сеніп бұрынғы орыс тұрғындардай емес қазақ халқымен санасуды, олардың осы елдің иесі, жердің киесі екендігін көзге ілуді қаперге де ілгісі келмеген. Сол жылда-

ры көшіріп әкелінгендер арасында қылмыстық істердің де көп болғаны соны айғақтайды. Аш-жалаңаш келген ашынған келімсектер жан сақтау үшін неден болса да тайынбаған сияқты. Сөйтіп, қазақ тұрғындар өз қаласында алғаш рет үлкен шетқақпайлыққа ұшыраған.

Қазақ жеріне қуғынмен келген халықтар көп. Солардың ішінде Қиыр Шығыстан әкелінген кәрістер, Кавказдан жер аударылған шешен, үнгіш, қарашай, малқар және т.б., Поволжьеде келген немістер, поляктар, украиндар т.б. бәрі де осы күнге дейін қазақ халқына алғыс айтып, олардың жеріне, суына, тартқан дәміне алғыстарын білдіріп жатады. Ал Қызылжар өңіріне келген славян халықтарының өкілдері өздерінің қазақ жеріне келгендерін ашық мойындаған емес, олар орыстың жеріне келгендей ордандады және көптігіне сеніп жергілікті халықты менсінбеді. Жергілікті билік те осындай көзқарасты жақтаған еді.

Шеттен келгендердің қазақ тілін мүлде білмейтіндігі ескеріліп үлкен жиналыс, мәдени шаралардың бәрі ендігі жерде тек орыс тілінде ғана жүргізіле бастады. Соғыс және одан кейінгі тың көтеру жылдарында орыс тұрғындардың саны тіпті артып кетті. Қазақ тілінде айтылатын сөздер мен әндер жетім қыздың тойындай күй кешіп, көзге ілінбейтін халге жетті. Осы үрдіс қашан КСРО құлағанша созылғанын осы күнгі қызылжарлық қазақтардың бәрі де өз көзімен көрді және саналы тобы оған қатты қапаланып, қорланып та жүрді. Бұрын қаланың қазақша атауын орыс тілдестер де жақсы біліп, ол қосарлана қолданылып жүрсе енді қазақ тіліндегі атауы мүлде ескерілмейтін жағдайға жетті. «Қызылжар» атауы тек қазақтар арасында ғана айтылатын болды.

Айта кетерлік жәйт, 1925 жылы Қызылжар қаласындағы «Мир труда» атты облыстық баспа өзінің қала туралы анықтамалығында: «...в долине (40 сажень над уровнем моря) и расположен город Петропавловск, по киргизски Кызыл-Джар» деп жазған еді. Бұл ауызекі тілде ғана емес, қаланың қазақша атауы Қызылжар екендігін кезінде ресми органдарда да мойындалғандығын көрсетеді.

Сондай-ақ 1925 жылы, (ол кезде Қызылжар Ақмола губерниясының орталығы), қаланы ресми түрде «Қызылжар» деп атау туралы қаулы да қабылданады. Оны Қазақстанның сол кездегі Орталық Үкіметі: ҚазОАК (КазЦИК) те бекітіп, Мәскеудегі орталық өкіметтің келісімін алуға жібереді. (Бұл туралы «Егемен Қазақстан» газетіне шыққан мақаламызда толық айтқан болатынбыз). Осы үш айда қала «Қызылжар» атанып, барлық газеттерде осы атау айтыла бастайды. Бірақ мәскеуліктер бұл атауды бекітпейді, оның себебін де біз аталмыш мақаламызда егжей-тегжейлі көрсеткен болатынбыз. (ЕҚ., «Қызылжар деп ресми түрде аталған»., 05.08.2008 ж., «Қызылжар» атам қойған аты мәлім...»., 30.09.2009 ж.).

Осы мақалалардың негізінде белгілі журналист, жерлесіміз, Мәжіліс депутаты Жарасбай Сүлейменов 2010 жылдың 30 наурызында болған Парламенттің пленарлық отырысында Бас прокурор Қайрат Мәмиге Қазақ ОАК – нің (ЦИК) қаулысын ешкім өзгертпесе, соның негізінде қаланы «Қызылжар» деп атауға болмас па екен деген мазмұнда ресми сауал жолдады. Осы жолдар жазылып жатқанда оған әлі жауап келмеген еді...

Енді қала халқын жедел орыстандырып, шұғыл көбейіп кетуіне себеп болған алғашқы жераударылғандар туралы айтайық. Солардың арқасында Қызылжардың өнеркәсібі де бұрынғыдан күрт өсті. 1932 жылы патша заманынан келе жатқан бұрынғы шойын құю зауыты қайта жарақтандырылып, күрделі жөндеуден өткізілді. Егер өткен ғасырдың 20-шы жылдарының басында мұнда 43 адам жұмыс істесе, жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін 700-ге жуық жаңа жұмыс орындары ашылды. 1931 жылдың қыркүйегінде Петропавл-Қарағанды теміржолы салынып біткен болатын. Бұл Азамат соғысы жүріп жатқан 1921 жылы қолға алынған құрылыс еді. Алдымен ол Петропавлдан Көкшетауға дейін ғана тартылмақ болып «ПетроКок» атанған. 1922 жылдың 1 қазанында ол Бурабайға дейін жеткізілді. Осыдан әрі қаржы жетпей тасталып, тек Кеңес өкіметі нығая бастаған жылдары қайтадан қолға алынып, 1931 жылдың тамызында Қарағандыға дейін тартылды. Мағжан Жұмабаевтың атақты «Шойын жол» атты өлеңі нақ осы жолдың құрылысына арналған:

Бір қаладан шығарып,
 Азғантай елді қақ жарып
 Шойын жол сала бастап ед.
 Өтіп кетті талай жыл,
 Бітті ме екен сонау жол?
 Пұл жетпей баста тастап ед.
 Өтінішім, інішек,
 Сол жаққа барсаң нәсіп боп,
 Елге де барып қайтқайсың,
 Басқан анау жол жайын,

Басылған анау ел жайын Әдейі көріп қайтқайсың...

Экономикалық жағынан тиімді болғанымен сахара тіршілігіне оғаш, оның дағдылы тыныштығы мен тазалығын бұзатын, «қара айғыры ырсылдап, қара қабаны қорсылдап» экологияны бір бүлдірсе, поезбен бірге келген мұсылманға жат қылықтар елді аздырып-тоздыратынын ақын өзіне тән нәзік түйсікпен тереңнен тани білген... Сонымен бірге **«Басқан анау жол жайын, басылған анау ел жайын»** (қарайтқан біз Ж.С.) дегенде қазақтың далалық рухын таптап жатқан ұрдажық өкіметтің де орашолақ әрекеттері көзге елестейді.

Міне, осы теміржол бойында ашылған жұмыс орны бұрынғыдан екі есе көбейді. Станция басы да бұрынғыдан іріленіп, жұмыс күшін бұрынғыдан екі есе артық керек қылды. Сондай-ақ, осы жылдары Петропавлда Қазақстанның Солтүстігінде ғана емес, бүкіл Сібірде жоқ электрстанса іске қосылды. Жаңа құрылыстар салу да көбейді, атақты ет-комбинаты да сол жылдардан бастап Одаққа белгілі ірі кәсіпорынға айналған еді. Осы жұмыс орындарының бәріне келімсектер орналастырылды. Айта кетерлік жәйт, осы жылдары қазақ халқының үлесі облыста 16 пайызға дейін төмендеп кетті. Айналасы 35 жыл ғана бұрын (1897 жылы) қазақтың үлесі облыс аумағында 47 пайыз болған еді.

Қарындары тойып, көңілдері орныға бастаған келімсектер өздерін жаңа жердің қожайыны болып сезіне бастады. Көптігіне сенген олар жергілікті халыққа шекеден қарап, астамшылықпен сөйлейтін болды. Қазақтар да, басқа да жергілікті мұсылман халықтары да барлық ме-


кеме-кәсіпорындарда азшылыққа ұшырап, ендігі жерде келімсектерге кіріптарлық күйге көшті. Қазақтікі деген дүниенің бәрі жабылды немесе басқа жерлерге көшірілді. 1935 жылы ашылған қазақ театры да сол күйді кешіп, 1938 жылы толығымен Гурьевке (қазіргі Атырауға) көшірілді. («СКО: страницы, летописи родного края», А., «Казахстан», 1993 г., с 238). Номенклатураға енбейтін барлық ірі қызметтердің, барлық билік пен ақшаның, қарапайым тілмен айтқанда барлық май-шелпектің басында солар отырды. Кейбір, өмірге икемді халықтардың өкілдері келімсектермен көңіл жарастырып, олардың ұнасы мен құлқын қабылдауға көшті. Аты-затын да соларша толтырғанымен қоймай, қыздарын да соларға беріп, жақын араласа бастады. Соның ішінде татарлар мен «шалақазақтар» бар, әсіресе соңғылар жылдар өте келе толығымен жұтылып кетті...

Ұлы Отан соғысы жылдарында Петропавлға КСРО-ның Батыс өңірінен эвакуацияланған зауыт-фабриктер келе бастады. Тоғыз жолдың торабында орналасқан қала көшіп келген кәсіпорындардың жедел жұмыс істеп кетуіне мүмкіншілік тудырды. Соны ескерген өкімет қалаға барлығы 20-дан астам зауыттар мен фабрикаларды орналастырған еді. Олардың кейбірі 41-ші жылдың аяғында-ақ өнім бере бастады. Артынан, сол келгендердің арасынан әскери өнім шығаратын бірнеше зауыт Қызылжарда қалып та қойды. Оларда жұмыс істейтін мамандар да, қатардағы жұмысшылар да эвакуациямен келгендер арасынан алынды. Қазақтар болса бұл кезде жоғарыдағы себептердің кесірінен өз жерінде барынша азайып қалған еді...


1950-1960 жылдар арасындағы Қызылжар қаласы халқының өсімі 49 пайыз болды, бұл да өте үлкен өсім.



2008 жылы 21-тамызда Елбасы Н. Назарбаев Қызылжарға келген сапарында Абылайдың Ақ үйін салтанатты түрде ашты



Абылайдың ақ үйінің ахуалы біз кіріскенде осындай болған еді



Абылайдың Ақ үйінің жоспары

Документ, присланный из Омского областного
государственного архива 05.01.2004г.

(написано на старорусском языке,
перевод осуществил ст.преподаватель
Северо-Казахстанского госуниверси-
тета П.С. Слухасевский)

Высокопочтенному г-ну Ивану Ивановичу Шпрингеру
РАППОГ

Репорт генерал-майора Дениева, датированный 1 мая 1765 года, со-
дится к следующему: на имя вышестоящего генерала излагается просьба о
помощи для Аблая Салтыва и его сына, выслать людей знающих строи-
тельное дело, обеспечить их инструментами, предоставить лошадей, теле-
ги и прочие инструменты для строительства дома для Аблая и его семьи.
Строительство предлагается начать в крепости святого Петра и Павла на
берегу реки Ишим.

Людей Аблая предполагается обучить рыболовству, хлебопашеству,
потому требуются рыболовные снасти и другие материалы.

Генерал просит приказать для строительства военных и службых
людей дабы ускорить строительные работы и завершить их к осени.

Директор



Ж.К. Косубаев

Омбы қаласынан
алынған құжат

№65 Ош. 28.

Восстановление в крепости Ош
спущенных для орудий
материалов в Омской крепости.
Генерал-поручик Шпрингер
о восстановлении крепости Ош.
сказавший владетелю Аблай-хану
сказавший владетелю Аблай-хану

Генерал-поручик
Шпрингердің баянхаты

Генерал-поручик Шпрингердің баянхаты.

1/1

Получено 1/1/1/1
Омск. МНД. СС.С.



тел. 464125 факс. 464220

641-00, Петропавл қаласы, Конституция көшесі,
142/001 (Петропавл қаласы, Конституция)

2003 ж. 9 желтоқсан

№ 03-03-1987

9 декабря

2003 ж.

Государственному секретарю
Республики Казахстан
ТАСМАҒАМБЕТОВУ И.И.

Уважаемый Имангали Нурғалиевич!

Долгое время оставался спорным вопрос о «доме Аблая» в г. Петропавловске. 2003 год-Год Казахстана в России, дал новые подталкивания к решению стоящей проблемы.

Работниками Северо-Казакстанского областного архива совместно с госархивами городов Санкт-Петербурга и Москвы найдены подтверждающие документы, связанные с определенными историческими событиями в частности «Белый Дом Аблай хана», построенного по Указу императрицы Екатерины II и Коллегии Министерства иностранных Дел.

В Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Основные направления внутренней и внешней политики на 2004 год» говорится о сохранении культурно-исторического наследия и как важнейшей составляющей развития духовной и образовательной сферы деятельности всех казахстанцев.

Считаем, что положительное решение вопроса о реконструкции и восстановления дома Аблай хана в г. Петропавловске - областном центре Северо-Казакстанской области, станет важным шагом в деле изучения наследия народа, послужит основой для воссоздания историко-культурных, и архитектурных памятников, имеющих большое значение для национальной истории.

А. Смирнов

003000

Мемлекеттік хатшы И. Тасмағамбетовке жазылған хат

СІЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ



АППАРАТ АКИМА
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

тел.: 46-4250 факс: 46-1645

642000, Петропавловск, Конституция көшесі, 58 үй,
642000, Петропавловск, ул. Конституция, 58

e-mail: akim@severn.kz

2007 ж. 24 ақпан

№ 40-632

24 ақпан 2007 ж.

Ж.Самратқа
Мәдениет көшесі, 182 үй, 18 пәтер

Сіздің Премьер-Министр Д.Ахметовтың атына жазылған хатыңызға жауап ретінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне «Абайай хатшы» үйін» қалпына келтіруге республикалық бюджеттен қаражат бөлу жөнінде ұсыныс жібергеніні хабарлаймын.

Әлеуметтік-мәдени салалар
бөлімінің меңгерушісі

Р.Қасымов Р.Қасымов

* Серия номері белгісіз. Жарыққа берілген табылған
* Бірлік нөмірі серияның нөміріне тең.

004568

Премьер-министр Д. Ахметовтың
атына жазылған хатқа жауап

Ол негізінен тың көтеруге Ресей мен Украина республикаларынан келгендердің есебінен болды. Ал 1960-1970 жылдар арасындағы өсім де 31 пайызды құрады. («Население СКО за 100 лет», Петропавловск., 1993 г., с. 39). Осы шұғыл өсімдердің бәрінде қазақ халқының қаладағы үлесі азая берді-азая берді, ал келімсектер барынша көбейді. Осындайдың салдарынан 1989 жылғы санақта Петропавл қаласындағы қазақ халқының үлесі 8 пайызға дейін құлдырап кетті. Сөйтіп, Ғафу Қайырбеков:

«Қазақтың қала дегеннен
Хабары сенсің Қызылжар...» –

дейтін қаласы қазақ үшін мүлде жат, негізінен басқа халықтар қоныстанған қалаға айналып кетті. Жоғарыда жазғанымыздай 30-шы жылдардағы келімсектер Қызылжарды қазақ үшін жат қалаға айналдыру үрдісін бастаған болса, соғыс және тың игеру жылдары келгендер бұл процесті аяғына дейін жеткізді.

Өзіміз көрген 1970-80 жылдары Қызылжардың көшелерінде қазақтарды өте сирек ұшырататынбыз. Барлық ірі мекеме-кәсіпорындарда олардың саны 5-6-дан аспайтын. Партиялық номенклатурамен қызмет істейтін органдардың өзінде қазаққа бөлінген орындар 3-4-еу ғана болатын. Мәселен, қалалық партия комитетінде сол жылдары 3-ақ қазақ қызмет еткенін білеміз.

Қалада жалғыз-ақ қазақ мектебі болды. Оның өзі облыстық интернат негізіндегі мектеп еді. Егер қала орталығында үлкен мектептерде мыңнан артық бала оқыса, облыстық деп аталатын бұл мектептегі балалар саны 400-ден аспайтын... Кейінгі жылдары оның өзін орталықтан алыстатып, қаланың шеткі аудандарының

біріне көшіріп тастады... Сөйтіп, қала көшелерінде қазақ халқының өкілдерін кездестіру үлкен қиямет болды. Бір кезде қазақтар мен басқа да мұсылман халықтары тұрғындардың жартысынан артығы болып жүретін, ықпалы күшті, қазақы әдеттер мен тәртіптер, ұнастар мен құлықтар, сыйластық пен сырластық, ұлттық мәдениет, өнер-білім молынан орын алған қалада қазақ мүлде сирек кездесетін жат қалаға айналу процесі осылай жүргізілген еді.

Осындай жағдайда қазақтың мүддесін айту, оның қажеттілігін талап ету – тек қана «ұлтшылдық» деген түсінікті тудыратын кезең басталды. Өйткені, сол кездегі халықтың түсінігінше қазақтың өз алдына мүддесі, ұлттық болмысына қажетті қандай да бір талабы болуы мүмкін еместей көрінетін. Жер ауып келгендердің де, соғыс жылдарында қазақ даласын паналап келгендердің де, кейін тыңның желеуімен үдере көшіп келгендердің де тамыр жайып, осында туған екінші, үшінші ұрпақтары бұл жерді ата-бабасынан қалған, талассыз өз мекендері деп ұқты. Жергілікті билік және оның насихат құралдары да олардың ақыл-ойына осы түсінікті сіңіріп бақты. Осындай жағдайда қазақ өз жерінде нағыз өгей баланың күйін кешті. Бірақ оған көңіл аударып, елдің иесі, жердің киесі осылар еді ғой, осыларға да бір жағдай жасасақ қайтеді дегенді ешкім де ойлаған жоқ. Керісінше, өзі де аз қазаққа тезірек орыстануы үшін барлық қажетті «жағдайлар» жасалды. Барлық мәдениет ошақтары, мектептер, кәсіпорындар мен мекемелер, басқару орындары тек қана орысша сөйлеудің қажеттілігін ескертетін. Осыған қарап КСРО-ның орыстандыру саясаты америкалықтардың үндістердің жерін тартып алып,

өздерін резервацияға жіберген саясатынан әлдеқайда жабайы екенін көреміз. Өйткені, америкалықтар жерін алғаны үшін үндістерге барлық әлеуметтік жағдайды жасаған еді: олардың өз тіліндегі мектептері, мәдени орталықтары т.б. бар. Оның үстіне америкалықтар әрбір үндіске алынған жері үшін өтемақы төлеп тұрады. Оның көлемі өмір бойы жұмыс істемесе де тамағын асырауға еркін жететін еді.

Ал КСРО-да бәрі керісінше, мұнда қазақтарды халық ретінде тек орыстардың жұтуына жағдай жасалды. Барлық мектеп орысша, барлық мәдени шаралар, ресми жиындар соның ішінде іс-қағаздарын жүргізу тек қана орысша атқарылды. 60-шы жылдары жиналыс, басқосуларда қазақша сөйлеуге рұқсат етілетін болса, одан кейін тек қана орыс тілінде сөйлеу талап етілді. Тілі келмей, ойын жеткізе алмай жатқан қазақтарды «ақылды халықтың» өкілдері мазақтап күлетін болды. Қазақша әндер айтылып, би биленсе шовинистік өкіметтің орыстарды басқалардан артық деп сіңірген ақымақ идеологиясы бастарына сіңіп қалған «Иван-есаландар» («Иван-дурактар», **Мағжанша айтқанда**) сақылдап күліп, мазақ қылатын. Өз басымыздан өткен сондай бір сорақы оқиға біздің «Бітеу жара. Желтоқсан-86» атты романымызда да суреттеледі. Онда гурьевтік (қазіргі Атырау) «Атырау-Жайық» ансамблі Петропавлға келіп, филармония залында өнер көрсеткенде кейбір «есалаң Ивандардың» ысқырып, жер тепкілегендері, мазақтап күлгендері болған оқиға еді...

Осындай жағдайда қазақ өзінің орысша білмесе адам бола алмасын көріп, баласын тек қана орысша оқытуға, орысша сөйлетуге мәжбүр болды. Біраз уақыт орысша

сөйлегенін қызықтап, өзін бақытты сезінген де кездері болған еді. Сөйтіп, Қызылжардағы аз қазақ шамалы уақытта негізінен орыстанып та кетті. Тегі асыл, та-мыры мықтылары ғана бойындағы өз ұлтының рухын өлтірмей, ұрпағын аман алып қалды.

Міне, осындай қалып жасалған жағдайда КСРО құлап, қазақ өзінің жоғалтқанын іздеп, тілін, ділін жандандырып, салт-дәстүрін қайта таппақ бола бастағанда – мұндай ұмтылыстар көптеген орыстардың тарапынан тек қана қарсылыққа ұшырап отырды. Әрине, барлық халықты айтуға болмайды, олардың арасында да жөн білетін, ниеті түзу адамдар аз емес. Бірақ негізінен ұлыорыстық шовинистік пиғылдағы тасыр надандар өте көп еді. Соңғы 50-60 жыл бойы илеп қалған әдетпен олар қазақтың бас көтергеніне талағы тарс айрыла шамданып қарады. Ондайлар қатардағы орыстар арасында да, қызметте отырғандар ішінде де барынша көп болды. Біздің «Өзгеленді бұл ғалам» атты романымызда осындайлардың образы молынан көрсетілген.

Соның ішінде, 1989 жылы қазақша балабақша, қазақ тілінде білім беретін мектеп ашу керек деп өтініш айта барған кеуделері орден-медальдарға толы ақсақалдарымызды қазақ жерінде төре болып, май шелпекке жүзіп жүрген сол кездегі Медведев деген бастық (обкомның бірінші хатшысы) есіктен де қаратпай, табалдырықтан қайтарып жіберген қорлығын да білеміз. Мұндай мысалдарды жүздеп келтіруге болады.

Осындай жағдай қалыптасып, қазақты қалада шетелден ауып келген адам ретінде қарау орын алғанда Қызылжардың аумағында салынған «Абылайдың ақ үйінің» барлығы келімсектерге оның ежелгі

қазақ қаласы екенін айғақтайтын ең үлкен дәлел еді. Кезінде, шекаралық белдеуге салынған қорғанның қасынан өсіп шыққан қалада, оның қазіргі, негізгі аумағына салынған алғашқы үй де Абылайдікі еді ғой. Мейлі, оны кім салса ол салсын, бірақ үй хандікі екенінде дау болмаса керек-ті... Мұның өзі Петропавлдың әуелден қақтың қаласы болғанының дәлелі емес пе? Сондықтан да біз Абылайдың ақ үйінің болғанын және оның Қызылжардың қазіргі аумағында дөңге салынған алғашқы үй екенін дәлелдеуге қатты кіріскен едік.



III БӨЛІМ

Абылайдың ақ үйі – халқымыздың бақ үйі

Қазақтың рубасыларын, ақсақалдары, батырлары мен билерін, хан-сұлтандарын өзіне қаратпақ болып, оларға жақсы сыйлықтар жасап, құрмет көрсетуді патша ежелден ойлаған. Сөйтіп, әртүрлі дөндер тастап, өзінің басыбайлы, құлақ кесті құлы қылмаса да, айтқанынан шықпайтын, алғанына қарсы келмейтін, айдауына жүретін, дегеніне тұратын бағыныштылары етуді басты мақсаты еткен. Осы себепті 1762 жылдың басында ақ патша өзінің жергілікті басшыларына «аса атақты қырғыз-қазақтар бізге барынша жақын тартылсын, оларға мырзалықпен сыйлықтар беріліп, марапаттала-тын болсын, ал тілек білдірсе олар үшін шекараға жақын жерге қазына есебінен үй, мал ұстайтын қора-қопсы салынып берілсін» деген пәрмен береді. (Левшин А.И., «Описание киргиз-казахских или киргиз-кайсацких орд и степей», 1832., 240-241 бб).

Халық арасында «Абылайдың ақ үйі» аталған үй осындай пәрменнің күшімен 1762-1765 жылдар аралығында «Әулие Петр» қорғанына таяу жерде ханға арналып салынған. (Кейін бұл жер Петропавл қаласының аумағына еніп кеткенін жоғарыда айттық. Ал Петропавл қала болып тек 1834 жылы ғана танылған, «Петропавл» атауы да сонда берілген).

Осы жерде нақтылай кететін бір факт, Абылайдың үйі орыс шекарасына жақын болғанымен қазақ жеріне салынған. Петропавл қорғанының маңында болып, кейін қала өскенде оның ішіне кіріп кеткеніне қарап артынан кейбіреулердің ханның үйі қорған ішінде салынуы мүмкін емес деуі негізсіз.

Осы үй туралы қазақстандық тарихшы ғалым, академик В.Басин «Россия и казахские ханства в XVI-XVII веках» деген жинақта: «...для него (для Аблая – Ж.С.) был построен деревянный дом близ реки Ишима в горах Енгистау» деп жазған еді. (Аталмыш жинақ., 240 бет). Ал Шоқан Уәлиханов: «В 1759 году Аблай послал российскому двору родственника своего (Юлбарс-султана) и просил наград. Ему послана была грамота и назначено ежегодно 300 рублей жалованья и 200 пудов муки. (Жалпы, 1761 жыл мен 1774 жыл аралығында Абылай ханға «Әулие Петр» қорғаны арқылы 537 пұт астық босатылған (СКО, страницы летописи родного края, А, «Казахстан», 1993., с.37) И сверх всего этого построен ему в горах (Кокчетав) в верховьях Ишима деревянный дом» деп жазды. (Ч.Валиханов., Сочинения т 1 А., 1964 г., стр 604). Бірақ бұл жерде Шоқанның «в горах» дегеннен кейін «Кокчетав» деген сөзді жақшаға алып жазуында бір үлкен мән бар. Онысы – ғалымның қандай тау екенін анықтай алмай, өзі де дүдәмал болғанынан тәрізді. Немесе ғалымның еңбегін баспаға дайындағандар қателік жіберген болуы керек. Өйткені, үй Есілдің (Ишимнің) бойында салынған болса ол Көкшетау тауына ешқандай қатысы жоқ. Есіл өзені Сарыарқаның солтүстік бөлігіндегі Нияз тауының (Қарағанды облысының Осакаров ауданының жерінде) батыс беткейінен басталып, Ресейдің Омбы облысындағы Усть-Ишим селосының тұсында Ертіс өзеніне құяды. Ол Көкшетау тауына жоламай, батыс жағынан алыс айналып өтеді. («Қазақстан» энци., А-ты., 2001 жыл., 3 том., 434-435 бб.) Демек үйдің Көкшетау тауына салынды дегенінде еш негіз жоқ.

Абылайдың ақ үйінің Қызылжарда салынғаны жөнінде, оны көргені жөнінде, халықтан естігені жөнінде қазақтың көптеген ақын-жазушылары, тарихшы-жыршы, жыраулары айтқан. Соның ішінде Сәбит Мұқанов, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Үкілі Ыбырай және т.б. жазған. Оларға біз кейінірек тоқталатын боламыз.

Жергілікті өлкетанушы М.Бенюх те басқа деректердің негізінде «...по его, Аблая просьбе, для пребывания его построен прямо к крепости святого Петра, вверх по реке Ишиму в горах Енгистау 765 г деревянный дом» деп жазды. (Архив СКО., ф.158., опись 1., дело 295., с 33). Оның сүйенген құжаты 1795 жылы Санкт-Петербургте шыққан «Новые ежемесячные сочинения» деген журналдың қазан айындағы нөміріне шыққан дерек.

Есіл өзенінің бойындағы В.Басин мен М.Бенюх өздерінің деректерінде келтірген «Енгистау» тауын тапсақ, үйдің орнын тіпті анықтай түсер едік. Осы мақсатпен үлкен жұмыстар істелінді.

«Енгистау» тауын таппақ болып облыстық архивтің сол жылдардағы директоры Жұқаш Қосыбаев екеуіміз мұрағаттардағы ескі карталардың бәрін бірнеше күн бойы көтердік. Өкінішке орай ондай тау аты картаға түспепті. Е.Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су аттарының сөздігі» (А-ты., «Мектеп», 1985 ж.), Мәскеуде шыққан «Географический энциклопедический словарь» («Сов. Энциклопедия», М., 1988 г.), Б.Кузьменконың Есіл өзенінің аңғарындағы атаулар туралы жазған «Пришмье» (А., «Наука», 1985 г.) атты еңбектерін де бірнеше күн бойы қажымай-талмай сүзіп шыққан едік, өкінішке орай оларда да бұл атау жоқ болып шықты. Демек ондай тау Есіл өңірінде де, Қазақстанның басқа аймағында да

болған емес. Ендеше «гора Енгистау» дегенді ғалымдар қайдан алған?

Орыстар төбе атаулының бәрін «гора», яғни «тау» дейтіні белгілі. Оларда тіпті биік жерді «гора-дан» басқа сөзбен атау болмаған сияқты. Барлық орыс жылнамаларында төбе, тіпті жон атаулы осылай «гора» деп жазылған. Бауыржан Момышұлы да өзінің «Кеш батып, таң атқанда» атты әңгімесінде соғыс кезінде қолданған картасы туралы айта келіп: «Жонның арғы бауырында карта бетіне қонған шыбындай қара «қалдың» астына «Тимково» деп жазылыпты. Ал жонның өзін «Тимкова гора» деп атапты. Россияда әр төбені «тау», әр бұлақты «өзен» деп дәріптей атауына көптен бері-ақ естіген кұлағым да, көрген көзім де үйренген» деп жазады. («Адам қайраты», А., «Жалын», 1981 ж., 147 б.).

Қызылжардағы Есіл жағасына қоныстанған «Ойқала» атты қазіргі қаланың бөлігін де олар «Подгора», яғни «Таудың түбі» деп атайды, ал дөңді «Гора» дейді. Ал «Енгистаудың» бұған қандай қатысы бар дейсіз ғой. Сөйтсек... тура қатысы бар екен.

Облысқа белгілі азамат, ақын, ұзақ жылдар бойы тележурналист, кейін теле-радиокомпанияның бастығы болған Мүтәллап Қанғожин ағамыз 1960 жылы өзінің Қарағаш ауылында тұрған 90 жастағы Есентемір деген көнекөз ақсақалдан:

Абылайдың ағасы Әбілпейіз,
Хан тұқымы төсенбес етек-киіз.

Алым алып жау жұртқа жерді беріп,

Абылайға шықты ма екі мүйіз? – деген жыр жолдарын жазып алады. Мұның мәнісін ақсақал

Қызылжардың етегіндегі Есілдің жағасында болған кең қонысымыз, **ен қыстауымызды** (Енқыстау) Абылай орысқа беріп қойып, біздің аталарымыз «Жолдыөзектің» бойымен үдере көшуге мәжбүр болған. Соған налыған аталарымыздың бірінің айтқаны дейді. Әрине, халық арасында Абылайдың жерді орысқа өз еркімен беріп қойыпты деген дүдәмалдық ой тууы әбден мүмкін. Бірақ шекаралық белдеу жүргізген орыс патшасының шенеуніктері Абылаймен келісімшарт жасауы мүмкін, бірақ одан ханға пара беріп, жер алыпты деген түсінік тумаса керек. Бірақ қай күнде құрыққа сырық жалғауға дайын тұратын қазекен «Новоишим» белдеуін саларда орыстар Абылайға пара беріп, жер алған деп ұқса керек...

Осы Есентемір ақсақалдың айтуынша Есілдің бойындағы кең қыстауларын қазақтар **«Енқыстау»** (ен дала, ен жайлау деген сияқты) атауымен атаған көрінеді. Шекара жүргізген орыс шенеуніктері де оны «Енгистау» деп атап, ал Есілдің дөңін «гора Енгистау» деп атаған. Кейін «енгистауды» еш жерде жазбай, жер-су атауларын өз тілдеріне бейімдеу мақсатымен тек «гора» деп атап кеткен тәрізді. Ғылымда «картаграфиялық агрессия» деген түсінік бар. Оның мәнісі: басқыншылар өздері басып алған елдердің жер-су атауларын картаға түсіргенде өздерінше атап, өздеріне меншіктеп алуды атайды. Бұл туралы тіпті Екатерина II-нің арнаулы жарлығы да болған. Орыс патшасының басқыншылары қазақ жерін картаға түсіргенде осы әдісті молынан қолданғаны көрініп тұр.

Сөйтіп, «гора Енгистау» деген де табылды. Абылайға үй салынған 1765 жылдары Есілдің дөңінде тұрған ол жер қалың орман болған. Кейін орыстар

көптеп келе бастағанда қалың тоғай барынша оталып, түрлі құрылыстарға жұмсалып, кейін мүлде жоқ болған. Қызылжар туралы жазған кітабында зерттеуші М.Морозов та осыны айтады. («Петропавловск в дореволюционных источниках», Л.-д., 1991 г.).

Сөйтіп, «Абылайдың ақ үйінің» салынуы және оның қайда салынғаны туралы деректерде келтірілген жер атауларының да орны табылды. Есілдің бойыша, «әулие Петр» қорғанының қарсысында, Еңқыстау тауының ішіне салынған үй – «Абылайдың ақ үйі» атанған қазіргі ғимараттың орнына дәл келеді. Ал ғимараттың өзін халық арасында ежелден «ханның үйі» деп атайтын. Жоғарыда біз айтқан ақын-жазушылардың, жергілікті көз көргендердің т.б. – бәрінің де «Абылайдың ақ үйі» деп жүргені осы ғимарат. Мемлекеттік мүлік тізіліміне де ол үй орысша «Дом хана Аблая» деп тіркелген. Бірақ... деректерде ханға салынған үйдің ағаштан салынғаны айтылады. Ал мына үй қызыл кірпіштен тұрғызылыпты...

Енді біздің алдымызда «осыған не деп жауап бересін» деген сауал тұрды.

Біз жоғарыда, Қызылжар қаласының тарихын жазған тарауымызда оның бірнеше рет үлкен өрттің құшағында қалғанын жазған едік. Соның ішінде 1824 жылы 110, 1849 жылы 450 үйдің түгі қалмай өрттеніп кеткенін деректер көзін келтіре отырып, айтқан болатынбыз. («Справочник по г.Петропавловску Акмолинской губерний. 1925 г.»).

Әрине, соның ішінде ағаштан салынған Абылайдың ақ үйі де болды ғой. Ол туралы нақты дерек болмағанымен өрттенген осынша ғимараттың ішінде ханның үйінің болмағанын кім теріске шығара алады және өрттенбесе ол үй қайда кетті?

Демек... Үлкен өрттердің бірінде Абылайдың үйі де жанып кеткен, ал оның орнына кірпіштен салынған үйді халық ескі әдетпен «Абылайдың ақ үйі» деп атай берген болуы керек. Әйтпесе, ол үйді неге «Сидоровтың үйі», немесе «Цыганковтың үйі», «Ивановтың үйі», болмаса «Кенесарының үйі» немесе «Уәлидің үйі» деп атамай, нақ «Абылайдың үйі» деп атаған...

Кейбір өлкетанушылар қазіргі үйді «Лазарет» деп жүр. Біз Абылайдың үйі нақ осы жерде болған, сол себепті оның орнына салынған қазіргі үйді халық ханның үйі деп атап кеткен деп дәлелдеп жүргенде олар да Ресейдің мемлекеттік әскери-тарихи архивіне (РМӨТА) хат жазып, бұл үйдің лазарет екенін дәлелдейтін құжат сұратқан. Солтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының сол кездегі бастығы А.Балмұқановтың атына келген хатта (17.02.2004г., № 239) бұлардың көрсеткен тізімінде полк лазареті жоқ екенін айта келіп, оның басқа істе көрсетілгенін және онда мынадай жазулар бар екенін көрсетеді: «Лазарет. Двухэтажный, покрыт листовым железом. Каменный. Число покоев: жилых 10, нежилых 16. В жилых помещениях квадратной меры 122 и 0,5 сажень, в нежилых 74 сажени. Помещения в хорошем состоянии. Построением начат в 1827 г. Окончен в 1829 г. Из комиссариатской суммы, а в 1839 г. произведено в оном капитальное исправление...» (Біз әріп қатесін өзгертпей бастық. Ж.С.)

Бірақ бұл деректен лазареттің нақты қазіргі үй екенін көру қиын. Өйткені, «Абылайдың ақ үйі» аталған ғимарат екі қабатты екені рас болғанымен оның астыңғы қабатындағы қабырғаларының қалыңдығы 1 метрге жақын, ол кездегі адамдар да ақымақ емес шығар,

лазареттің астыңғы қабатын сонша қалың қылып несіне салсын? Демек, осы ғимараттың лазарет екеніне сену қиын.

Шын мәнінде бұл үй Қызылжарда салынған «Посольский дом» дегенге көбірек келетін сияқты. 1985 жылы Алматыда шыққан «Петропавловск» атты анықтамалық кітап бар. Сонда «... сооружен специальный посольный дом для приема представителей Коканского и киргизского хана» (16 бет) деп жазылған. Уәли ханның әкесі Абылай өлген соң Орта Жүздің ханы болып тағайындалып, ант қабылдап және қонақ болып күтілген үйі осы болса керек... Оның Орта жүздің ханы болып 1782 жылы нақ осы Петр қорғанына келіп ант бергенін жоғарыда айттық қой. («СКО., страницы летописи родного края» А-ты., «Казахстан», 1993 г., с 380). Өзі хан болса, өзі құрметтеліп, шен алып жатса, оның жататын жері де болуы керек қой. Ендеше, қорғанның ішіндегі казармаға емес, ол өзін күтетін үйде болса керек-ті...

* * *

Осы тараудың басынан біз алға жүгіріп, Қызылжарда «Абылайдың ақ үйінің» болғаны қалай дәлелденгенін айтып бердік. Бірақ бұл мәселенің көтерілу себебі туралы айтқан жоқ едік. Енді атақты үй үшін күресті қалай, қашан және неге бастағанымыз туралы да баяндап бермекпіз...

1997 жылы мен Қызылжар қаласының тарихы туралы кітап жазбақ болдым және сол кездегі жазған біраз еңбегім қазір алдымда жатыр. Онда «Абылайдың ақ үйі» туралы да алғаш рет қалам тартыппын. Сол кезде нақты қай үй екенін білмесем де, естіген деректерім бойынша

оның қаладағы әскери бөлімшенің ішінде екенін дәл жазыппын...

Осы уақытқа дейін туған қаламыздың тарихы туралы қазақ тілінде бірде-бір еңбек жазылған емес, ал орыс тілінде ол туралы өте көп еңбектер жарық көрді. Бұрынғы жерлесіміз, қазір Санкт-Петербург қаласында тұратын М.Морозовтың өзі ғана бірнеше кітап шығарды. Бірақ олардың ішінде қазақ мүддесі көріне қоймайтын, бәрінің де айтары шаһардың орыс қаласы екендігі, «бос жатқан» жерге олардың қорған салғандығы және сол «әулие Петр» қорғанынан қаланың қалай «өсіп шыққандығы» көп баяндалатын. Бейбіт тұрғындардың мекені соғыс құралынан қалай өсіп шығуы мүмкін екендігі туралы ауызға да, ойға да алынбайтын. Қалай десе де, осы жазушылар тұжырымының өзі қате болатын, қала қорғаннан өсіп шыққан жоқ, тек қорғанның жанында орналасқан, Абылай хан ашқызған саудасаттық орнына қоныстанып, көбейе келе қалаға айналған бейбіт тұрғындар мекенінен өсіп шықты. Әрине, бұл қонысқа қорғанның маңын күзеткен казактар, қартайған, мүгедектікке ұшыраған, жараланып, саптан шыққан солдаттар да қоныстанған. Ал «Әулие Петр» қорғанының өзі сол күйі шағын мекен болып, Қызыл жардың «Абылайдың ақ үйіне» қарсы бетінде қала берді.

Қызылжар қонысы негізінен осы өңірдегі сауда орталығы болғандығының арқасында ғана қала дәрежесіне дейін көтерілді. Егер бұл жерде Абылай ашқызған сауда орталығы (саудахана) болмаса, тұрғындардың көптеп қоныстануы да бола қоймас еді. Мысалы, «Әулие Петр» сияқты алтыбұрышты

қорған салынған Звериноголовск түбінде үлкен қала өскен жоқ, тек шағын дәрежедегі елді мекен ғана бар. Бұл да қорғанның тек өзі арқылы қала өспейтіндігінің бір айғағы. Демек, Қызылжарды алғашқы болып қала дәрежесіне көтерген қорғанда қызмет еткен әскерилер емес, өздерінің бизнесіне байланысты қоныстанған сауда адамдары және олардың толып жатқан қызметкерлері болды. Соның ішінде қазақтан шыққан саудагерлер мен олардың басқа халықтармен некелесуінен жаралған «шалақазақтар» да көп болды.

Ал М.Морозов секілді авторлардың еңбектерінде қаладағы қазақ тұрғындарының арасынан бірен-саранының есімдерін ғана атағаны болмаса жалпы қазақ атаулының шаһардың өсуі мен өркендеуіне қосқан үлесі туралы ауызға алынбайтын немесе өте аз айтылатын. Олардың бұл қаланың осы жерге түсуіндегі рөлі туралы бір де сөз болмайтын. Өзге емес, «шалақазақтардың» салдырған құрылыстарын айтқан жерде де қазақты «ұмытып» кететін. Ал қазақ болмаса «шала қазақ» деген қайдан шықты деген сұрақты өздеріне қойып көрмеген олар сөйтіп, жергілікті тұрғындар еңбегін ауызға алған емес. Соның ішінде қаланың қазақ арасында ежелден «Қызылжар» атанғаны да ауызға алынбай, көзге ілінбей келген еді...

Міне, осындай олқылықтардың орнын толтыру ниетімен қолымызға қалам алып, оның тарихын біршама жазып шықтық. Негізгі ой – осы еңбекті кітапқа айналдыру болатын. Ол кез айхай дағдарыстың кезеңі еді ғой, толық аяқталмай жатып-ақ жазған еңбегімді қалай бастырсам деген ой мені көп мазалады. Қазақтан шыққан кәсіпкерлердің арасынан ол кезде бүйірлері шығып,

демеушілік жасауға жарайтындары жоқ еді. Сондықтан демеуші болуды әкімдік жақтан ғана іздеуге тура келді. Бірақ оларға барып өзім ұсыныс жасағаныммен, мені мойындап, еңбегімді шығаруға көмектесе қоятындары да жоқ екенін сездім. Өйткені, бұған дейін кітап жазған емеспін, журналистік өнеріммен де танымал болғаным шамалы. Облыстық теледидарда 1993-96 жылдары үш жыл еңбек етсем де, әкімдіктегі орыстілдес бастықтар менің хабарларымды көріп, оған көңіл бөлгеніне күмәнім бар. Әсіресе, облыс әкімінің БАҚ-тар қатарына енетін әлеуметтік салаға басшылық жасайтын сол кездегі орынбасары Майра Қанафина апайымыздың қазақ тіліндегі хабарларға бірде-бір рет пікір білдіріп, я қостағанын, я сынағанын естіген емеспін. Сондықтан ол кісі мені қаламгерлік қырымнан біле қоймайды деп ойлаушы едім. Оның үстіне орыстілдестердің аза бойын қаза қылған «Қазақ тілі» қоғамы, «Азат» қозғалысы, «Қазақстанның республикалық партиясы», кейін «Алаш» атанған ұлтшыл партияларға да мүше болып, олардың істерін қостаған, кейбір әрекеттерін сынаушылардан ақтаған жанмын. Жиналыс, мәжілістерде ұлт мүддесінің ащы шындықтарын ашына айтып қалатындығым үшін бұрылуды білмейтін бюрократ, шіренген шенеунік ағайындардың көзіне тентектеу де болып көрінетінмін. Белсенділігім мұнымен де бітпей қазақ, орыс тілдерінде облыстық газеттерге және республикалық «Казахская правда» газетіне де олардың өрісті мақсаттары мен әрекеттері туралы бірнеше мақалалар да берген едім. Мені білсе Майра Қанафина осы тұрғылардан ғана жақсы білуге тиісті болатын. Ал бұлар шенеунік шекпеніндегі оны үркітпесе маған жақындататын жәйлер емес.

Әсіресе, 1992 жылы екі қазақ жігітіне екі әзірбайжан пышақ салып, осыған байланысты қазақтардың өре түрегелген қарсылық акциясында М.Қанафина мені көріп, орысша ашына сөйлеген сөздерімді есінде қалдыруы мүмкін. Одан бергі кезеңде ол кісімен жолымыз жеке дара тоғысқан емес. Бірақ мұндай таныстықтар мені Қанафина ханымның жақтауына емес, керісінше даттауына мұрындық болатын жайлар еді. Сондықтан да облыстық әкімдіктен кітабымды шығаруға көмек сұрап барсам, олар мені қолдамасы белгілі болып тұрды.

Жағдай осындай болған соң мен өзіме М.Қанафинаға сөзі өтетін серік іздедім. Ойлана келе Солтүстік Қазақстан облыстық газетінің белді журналисі, әнші-сазгер Шашубай Малдыбаевқа тоқтадым. Өйткені, біріншіден, Шәкенмен көңіліміз жақын, «Ленин туына» апарған жазған-сызғандарымды көбінесе сол кісіге беретінмін. Оның үстіне ой-пиғылымыз да бір, екеуміз де кеңірек толғап, кесек пішуге тырысатын, ұсақ нәрседен бойымызды аулақ салып жүруге ұмтылатын жандармыз. Шәкеннің ірі мінездері көп болатын, сондықтан да оның жаны таза, тура сөйлеп, тура жүруге бейім азамат. Екіншіден, ол облысқа жақсы танымал, сол жылдары облыс, қала деңгейіндегі бірде-бір мәдени шара оның қатысуынсыз, тіпті басқаруынсыз немесе ұйымдастыруынсыз өткен емес. Үшіншіден, Майра Қанафинамен жақсы таныс, екеуі сонау жастық шақтарында комсомолда қатар істеген, бірін-бірі жақсы біледі.

Шәкен менің ұсынысымды жақсы қабыл алды. Жазуын сен жаз, мен ақша бөлдіруге тырысайын деді ол. Сөйтіп, екеуміз Майра Қанафинаға келдік. Бастық Шәкенмен құшақтаса амандасып, бірден шүйіркелесіп

кетті. Бұл ишараны жақсылыққа жорып, есік жақта қала берген мен үлкен үміт күтіп отырмын. Әлден уақытта ғана әңгіме біздің ортақ мәселеге ауды. Обалы не керек, Қанафина «көмектесеміз, жаза бер» деген жылы сөзбен шығарып салды. Бірақ ішкі дүнием бұл сөздің шығарып салма екендігін сезіп тұрмын. Шын көмек жасағысы келсе көмекшілерін шақырып, нақты тапсырмалар беріп, кітаптың құнын бюджетке енгізуге әрекеттер жасар еді ғой. Ондайдың бірі болған жоқ.

Сол жылдың күзінде облыс әкімі болып Павлодардан Даниал Ахметов келді де, Майраны орнынан алып тастады. Сөйтіп, біздің кітабымыз жоқтаушысыз қала берді. Жаңадан келгендерге туған қаламыз туралы кітап шығарғым келеді, көмектесіндер деп барғым келмеді, өйткені бәрібір қолдамасы белгілі еді...

Сөз реті келіп тұрғанда Майра Қанафина жәйлі пікірді де тұжыра кетейін. Бұл кісі облыс әкімінің орынбасары болып өте қиын жылдары қызмет етті. Қазақстанның ел болып кету-кетпеуі неғайбыл болған кездерде ол ат үстінде жүрді. Сол кезде әкімнің орынбасары болып, барлық әлеуметтік саланы басқару оңай болмағанын ұмытып кетуге болмайды. Бірақ... Майра апамыз ұлттық дүниелерді қолдау жағына шорқақ еді. Оған орыс тілдес болғандығы ғана емес, жүрегінде ұлтжандылық, елжандылық оттың аздығы да әсер екен болуы керек. Ол бірде-бір ұлттық дүниені жаңғыртып, қазақ азаматтарының бастамасын қолдапты немесе бастарын көтеріпті дегенді естіген емеспіз. Сол жылдары өнерімен, жазу-сызуымен, әнші-күйшілігімен көзге түскен бірде-бір қазақтың атақ алып, қолдау көргенін де білмейміз. Ал орыс ағайындар мұндайдан құр қалмайтын. Сондықтан

бұл кісінің ерен еңбектерін айтқанда жүрегіміз езіліп, қимастықпен, сағынышпен еске алу қиын...

Жә... Ақ үйге оралайық. Бұл оқиғаны егжей-тегжейлі жазып отырғаным, жоғарыда айтылғанындай «Абылайдың ақ үйі» туралы әңгімені алғаш рет осы еңбегімде бастағанымды білдіру еді. Бірақ, «Үй» туралы алғашқы әңгімені жаза бастаған мен едім деуден аулақпын. Кезінде ол туралы Сәбит Мұқанов та өзінің «Өмір мектебі» кітабында айтып кетті. «Ол үш қабатты, бір орамды тұтас алған үлкен үй, іші толған бытықышытықы көп бөлме» дей келіп, Сәбең онда қазақ балалары үшін интернат та ашылғанын айтып өтеді. («Өмір мектебі», 2 кітап, А., «Жазушы», 1976 ж., 3 б.). Қалай жазса да заңғар жазушы ханның «үйінің» болғанын әйгілеп кеткен...

Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәді төре Жәңгірұлы, Үкілі Ыбырай және т.б. да айтып, оның болғанын, кейбірі өздерінің қалай көргенін жазғанын жоғарыда айттық. Соның ішінде Үкілі:

«Абылайдың ақ үйі
Қызылжар деген қалада.
Жарға жақын салынған,
1824 жылында...

дей келіп кейін сол үйде қазақ балалары оқып жатқанын жазады. Бұл ұзақ өлең сол кездегі Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінің 1926 жылғы 6 наурыз күнгі санында жарияланған. (Деректі тапқан тарих ғылымының кандидаты Гүлнәр Мұқанова).

Ал Шәді төре Жәңгірұлы өзінің «Тарихат» атты дастанында:

«Бұл кезде Қызылжарда бір сарай бар

«Абылайдың ақ сарайы» деп айтылар», — деп жазған.

Абылайдың ақ үйі туралы естігенін, оның сол кездегі күйін көзімен көргенін қазақтың дүлділ ақындарының бірі Ғафу Қайырбеков те өлеңмен жазған. 1967 жылы жазған осы өлеңінде ақын өзіне тән ақжүректілікпен ханның есімінің ұмыттырылуына наразылығын да білдіре кетеді:

Әлі күнге бір сұрақ, — мен аңғарман,

Сұрап келем ақылды адамдардан,

Өзге жұрттың хандары керемет боп

Біздің хандар қалайша жаман болған? — деген сауал да қоя кетеді. Шынында да солай емес пе, орыстың қаншалықты қанішер, халықтарды қынадай қырған деген «Иван Грозный», «Петр первый» деген патшалары бәрібір дәріптеліп, олар туралы кинолар түсіріліп, кітаптар жазылды. Басқа халықтардың да «қаналушы таптың қанын ішкен» патшалары мен князьдары туралы фильмдер түсіріліп жатты. Мәселен, грузиннің «Георгий Саакадзе» деген билеушісі, «Царица Тамара» деген патшасы, армянның «Давидбек» атты ел басшысы т.б. туралы да кинолар бар...

Бірақ ол кездегі өкімет қазаққа келгенде барын салып аузын ашқызбауға, өз тарихын білгізбеуге, білсе одан жерітуге күш салатын. Осының өзінен қазақ тарихының күрделілігінен жасқанатындығы білінетін. Тарихын айтқызса қазақ «ұлтшыл» болып кетеді дей ме, әлде қынадай қырған қанды қасаптарын жария етіп қояды дей ме, әйтеуір қазақтың өз тарихын білуінен орыс өкіметі қатты қорқатын еді. Бұл іске басқа

емес, өз ішімізден шыққан, көлеңкесінен қорқып, бір шоқып екі қарауды әдет қылған, жауын жаумай су болып жүретін басшыларымыз, жау жоқта жау іздеп аттандап жүретін әсіребелсенділеріміз де өзіндік үлестерін қосып, кінәлі болғанын жасыруға болмайды. Ким деген ғалымсымақтың одақтық «Вопросы истории» журналына шыққан қазақ тарихы жөніндегі мақаласына орай, атақты тарихшы, академик, нағыз ғалым Анна Панкратова да қазақ тарихын осылай бұрмалауға наразылық білдіріп, 1950 жылы Мәскеуден сол кездегі Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Ілияс Омаровқа былай деп хат жазған екен: «Менің ойымша бұл да бірқатар тарихшылар арасында көзге түртіп тұрған ақиқатты теріске айналдырып, қазақ халқының тарихын көпе-көрінеу сүмірейтіп көрсетуге тырысушылық екені көрініп тұр. Осыған ұқсас тарихи жағдайда қарсылық көрсеткен грузин патшасы мен өзбек ханы неліктен ізгі ойлы қайраткерлер саналып, ал сіздің қазақтар Абылайды һәм Кененсары Қасымовты қаралауға тиіс, мен мұны мүлдем түсінбеймін. Қазақ тарихының аса көрнекті қос тұлғасын бағалауда мен тарихи ақиқатты бұрмалап, өзім бекем сенген позициямнан ешқашанда айнымаймын». (М.Сәрсекее., «Ермахан Бекмаханов», «Жұлдыз» журналы., 2009 ж., №12., 110 б.).

Сондықтан ресми идеология хандар мен билерді, сұлтандарды тек жамандау тұрғысында ғана ауызға алдыратын. Басқа жағынан оларды атауға болмайтын. Ғафанның 1972 жылғы жинағына енген аталмыш өлеңінен «саяси қателік» тауып, партияның Орталық комитетіне шақырып, біраз әуре-сарсаңға салғаны да сол.

Сөйтіп, үлкен жерлерде «Абылайдың ақ үйі» туралы айтылмады, бірақ ол бәрібір халықтың жадында болатын. Қазақ Абылай хан, Кенесары немесе басқа да билермен батырлардың есімдері айтылса бәрібір елендесіп, олар туралы бір жақсы сөз естуге құмар-тын. Осының өзі халық жүрегінде ерлердің жасаған еңбегі мәңгілік сақталғанның көрінісі еді. Жалпы, ұлт үшін жасалған істер ешқашан да ұмытылмайды, ал билеуші өкіметтің сойылын соғып, соған қызмет еткендер қандай ерен істер атқарса да халық жадынан өшіріліп қалады. Бір мысал, кешегі «ұлтшыл» деп танылған, ұлт үшін күйген Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжандар бүгінгі күні көкке көтеріліп, ал кеңестік идеологияның сойылын соғып, «халықшыл» болғандар ұмытылып бара жатыр емес пе?

Жерлес ақын, «Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы» атағы бар, көкірегі ояу, көзі ашық Мүтәллап Қанғожин ағамыз да «Абылайдың ақ үйінің» Қызылжарда тұрғанына, бірақ оның ауызға алынбай, ешкім оған көңіл аудармай жүргеніне налып жүрген бір жан еді. Ол өзінің «Абылайдың ақ үйі» атты ұзақ толғауында сол кездегі суреттерді бірталай айтып кеткен:

...«Ақ үй» жайлы қазақта
Ертегі де, аңыз көп,
Хан ордаға лайық –
Үй десе үй нағыз деп.
Тұғыры да биіктен,
Тұрысы да тым асқақ,
Сырлар тартып ширатып,
Сөйлемеген абыз жоқ...

...Теріскейін даламның,
Төске ала жайғасқан,
Ақ үй осы өңірдің
Қожасындай жарасқан.
Сақшы десін кейбіреу
Шекараны күзеткен.
Дұрыс дер ем бәрі де,
Тіпті де мен таласпан.
Әйтеуір, бұл «Ақ үй» менің,
Бала күннен есімде.
Қариялар жырдай айтқан
Талай жаздың кешінде...

«Абылайдың ақ үйі» туралы көп әңгімені естіген қарттың бірі Қызылжардың ежелгі тұрғыны Кенжебек Әбішев ақсақал екен. Бұл кісінің өзі ғана емес әкесі Фазыл да, атасы Әбіш те Қызылжарда туып өскен, қаланың ортасында сол кездегі қазақтың сүт бетіне шығар қаймақтары – оқығандары, (қаратаяқтары), атқамінерлері түсіп жүретін алты бөлмелі ағаш үйлері болған. Оның суреті де бар. Осы үйге кезінде Мағжан ақын да келіп жүрген көрінеді...

Кенжебек ақсақал өзінің әкесі Фазылдан талай әңгіме естіген, бірталайын өзі де білетін кәрікұлақ жандардың бірі. Соғыстан кейінгі жылдары Кеңес басшыларының дінге көзқарасы жылымық бола бастағанын пайдаланып, Қызылжарда қайтадан мешіт ашу керектігі жөнінде өтінген жандардың бірі де оның әкесі Фазыл. «Мешіт ашылатын болды, жылу жинаңдар» деген жиынға астындағы жалғыз атын беріп, өзі үйіне ер-тоқымын арқалап, жаяу келген мәрттігі туралы да талай адам айтқан...

Осы кісінің барлық балалары де сергек, жақсы азаматтар болған. Кенжебектің алдыңғы ағасы Әнуарбек Тамбов әскери училищесіндегі оқуын тастап, Бұқарадағы дін оқуына кеткен жан. Бұл діннің қуғынға ұшырап, Алланы ауызға алғызбай жүрген уақытында болған көзсіз ерлік. Артынан ол кісі Қазақстанға тұруға рұқсат бермегендіктен Қарашай-Шеркес автономиялы облысына барып, сонда қазі болған кісі. Ол туралы «Егемен Қазақстан» газетіне мақалалар жазылған болатын. (Ө.Есқали., «Қуғынға ұшыраған қажы», «ЕҚ», 09.01.2004 жыл).

Әкесі Фазыл туралы айтқанда Кенжекең оның үнемі:

«Нәсру, нәсру, нәсру жан-ай,

Нәсру де құрбан-ай.

Бас байладық, бел будық

Бостандықтың жолына-ай» деген бір ауыз өлеңді үнемі айтып жүретінін айтады. Осының өзінен бұл жанның азаттықты аңсап жүретінін көруге болады. Кейбіреулер Кеңес одағы кезінде қазақ азат болуды ойлаған да жоқ деседі. Бұл сөздің де жаны бар. Қара тобыр құлдықта сүрген өміріне мәз болып, азаттықты ойлаған жоқ, бірақ текті адамдардың жүрегінде ол ұмытылмаған.

Міне, осы Фазыл ақсақал кейде ат жегіп, балаларын Есілдің жағасына апарды екен. Әсіресе, өзен тасыған кездегі суреттерді көруге ұмтылған балаларын өзі бастап апаратын болса керек. Қала болса да ол кезде қазіргідей қызықтар жоқ қой, сондықтан балалар өзеннің тасығанын қызықтайтын болыпты. Сонда, Есіл жағасында тұрған ақсақал балаларына дөңде тұрған үлкен ақ үйді көрсетіп: «Ұмытпандар, анау «Абылайдың ақ үйі». Сол жерде та-

лай ата-бабаларыңның ат тұяғының ізі бар, ханға сәлем беруге, ақыл-кеңес алуға, мәслихат құруға кең даладан келген кілең жақсылар мен жайсаңдардың ізі бар», – дейді екен. Осы сөздерді айтқанда біреу естіп қалмасын дегендей дыбысын ақырын шығарып, абайлап айтады екен. Өйткені, сол дөңде қанішер НКВД-ның үйі де бар екенін білетін сергек балалар да сыбырдың мәнісін бірден ұғып, бәрін де іштеріне түйе беріпті...

Кенжебек ағай маған бұл әңгімесін алғаш рет 2002 жылы айтып еді. Сол жылы Қызылжардың тағы бір ежелгі тұрғыны, білікті азамат Болат Сағындықов ағамыз жеңгеміздің атымен «Күннәр ТВ» атты жеке телестудия ашқанда мен оның менеджері әрі хабарларын жүргізуші болған едім. Сонда түсірген алғашқы хабарымыздың бірі – Абылайдың ақ үйіне арналып, оған Кенжебек ағайды жазған едік. Сонда ақсақал осы әңгімесін алғаш рет айтқан.

Қызылжар Кеңес өкіметінің бір ордасы болып, оны келімсектер керегінше илеп алған тұста мұнда «Абылайдың ақ үйі» болған десен аузынды ашырмайтын. Жәй ғана ашырмаған емес, ханыңды керек қылдың ба, ескіні аңсадың ба, ендеше «ұлтшыл» екенсің ғой деп кінә тағып, өзінді жазаға ұшыратуы да мүмкін еді. «Қасқырдың шамы қарақұлақ» дегендей «ұлтшыл» деген сөз Кеңес өкіметінің жаны түршігіп қорқатын әуселесі болатын. Ал қылышынан қан тамған уақыт өткеннен бергі кезеңде де бұл әңгімені қозғасаң ертегі айтып тұрғандай көріп, ондайды «мүмкін емеске» санап, кем дегенде мазақ қылып, күлетін. Жоғарыда келтірген Мүтәллап Қанғожиннің өлеңінде мынадай да жолдар бар:

«Ақ үй» десем сол тұста,
 Қырқушы еді тілімді.
 Түн ететін жайнаған
 Жарқыраған күнімді.
 Бір ғажабы, жылай да
 Алмаушы едім адамша.
 Шығара алмай шошынып,
 Көмейімнен үнімді.
 Алқымыма тығылып
 Ашуым да, ызам да
 Кегім қайнап жүректе
 Қаным тасып қызам да:
 «А...бы...ла...й!» деп айғайға
 Салғым келіп... жым болам.

Міне, бұл жолдар өмірдің ащы шындығынан туған ақын жүрегінің дүрсілі еді.

Абылайды Қызылжарға жолатқысы келмегендердің арасында биліктегілер, «саяси сақтық» жасайтын әсіребелсенділер ғана емес, ғылыммен айналысып, тарихи құжаттарды ақтарып жүрген жандар да болды. Соның бірі Михаил Бенюх еді.

Обалы не керек, бұл кісі Петропавлдың тарихын зерттеуде көп еңбектенген, бірнеше жинақтарды шығаруға қатысқан адам. Бірақ «Абылайдың ақ үйі» туралы «Легенда и быль о белом доме» атты мақаласында ол өз көзімен көріп, қолымен ұстап тұрған деректерге кереғар пікір айтып, Петропавлда ақ үй болған емес деген тұжырым жасаған. (Облыстық «Ленинское знамя» газеті, 1982 ж., 17 сәуір). Осының өзінен-ақ оның сол кездегі биліктің Абылай ханның атын жақсы қырынан танытуға,

Қызылжар қаласының орнығуына оның қосқан үлесін жоққа шығаруға бағытталған идеологиясының құлы болғандығының көрінісі екенін тануға болады. «Қара жер хабар бермесін», марқұмның өзін де сол идеологияның сойыл соғарларының бірі болған деп айтсақ та артық емес сияқты. Әйтпесе, шыншыл ғалым қолымен ұстап тұрған деректі теріске шығарар ма еді?

Біз осы тараудың бас жағында М.Бенюх марқұмның 1795 жылғы Санкт-Петербург қаласынан шыққан «Новые ежемесячные сочинения» деген журналдан: «...по его (Аблая Ж.С.) просьбе, для пребывания его построен прямо к крепости св.Петра, вверх по реке Ишиму в горах Енгистау 765 г. деревянный дом» деп көрсетілген деректі тапқанын жазған едік. Есілдің жағасы да, «әулие Петр» қорғанының қарсысы да келіп тұрғанымен ол Петропавл қаласының маңында Абылайға үй салынбаған деп неге айтты екен дейсіз ғой? Сөйтсе оған «Енгистау тауы» деген жер аты күдік келтірген тәрізді. Біз секілді ол да Қызылжардың маңынан «Енгистау» деген атауды таба алмай, ақыры ол «Жалғызтау» (Янгистау) болуы мүмкін деген шешімге келген сияқты. Аталмыш мақаласында, алдымен өзі тапқан дерекке сүйеніп: «для пребывания его построен прямо в крепости св.Петра вверх по реке Ишим дом» деп бір айтса, тағы бір жерінде «Архивные материалы указывают, что в 1764 году хан зимовал в гористой местности против крепости «св.Петра» деген сөзді және қосады. Сөйтсе де ханның үйі Петропавлда емес, Жалғызтауда салынған деген қорытынды шығарады.

Солтүстік Қазақстанның аумағында Жалғызтау деген таудың бары рас, бірақ ол жерден Есіл өзені

өтпейді және ол Қызылжардан 150 шақырымдай жерде. Сондықтан оны Есілдің бойы, «әулие Петр» қорғанының қарсысы деп айта алмайсың. Өйткені, ол өтірік болады. Бірақ, Бенюх марқұм, бәлкі жүрегінде жоғарыда біз айтқан идеологияның ұстыны болғандықтан болу керек, Петропавлда ешқашан Абылайға үй салынбаған деген сол өтірікке барған екен...

Жалғыз ол емес, Абылайдың ақ үйін жоққа санаушылар көп болды. Соның ішінде «атың шықпаса жер өртте» қағидатымен көз көріп, көңіл жетіп тұрған нәрсені теріс-темек болған қандастарымыз да табылды. Олар туралы біз кейінірек айтатын боламыз. Ал қазір «үйдің» құжат жүзіндегі тарихына келелік.

Өз басым «Абылайдың ақ үйі» туралы бұрын айтылған әңгімелерден естісем де, оның құжат жүзінде де барын алғаш рет Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінде қызмет істеп жүрген кезімде көрдім. Мемлекеттік мүліктер тізілімінде «Абылайдың ақ үйі» атанып жүрген екі қабатты ғимарат «Дом хана Абылая» деп тіркеліпті... Осыны алғаш көргенде қалай қуанғанымды көрсеңіз ғой... Демек, ауызша сөз ғана емес, ханның үйі тарихи ескерткіш ретінде «ханның үйі» деп мемлекеттік тіркелімге де енген екен ғой деген қуаныш еді бұл.

Өкінішке орай, мен оның құжаттарын көрген тұста үй В.Поляков деген бір кәсіпкердің меншігіне сатылып кеткен екен. Ол «Золотое руно» деген ЖШС директоры, бірақ үйді жеке тұлға ретінде өз атына рәсімдепті. **(Мемлекеттік мүлік комитетіндегі 1999 жылғы 6 тамыздағы № 846-шы сатып алу келісімшарты).** Сату шартында «қалпына келтіру» керектігі айтылғанымен

«жаны ашымастың қасында басың ауырмасын» деген бар емес пе, қазақ ханының үйі үшін шығын шығарып қайтсын, Поляков өзі иеленген екі жылдың ішінде үйдің ұшығы мен пұшығын ғана қалдырып, құрылысқа жарайтын барлық дүниесін қопарып алып, кірпіш қабырғаларын да біраз жерге дейін бұзған екен. Бірақ тұтасымен түспей, үгіле берген соң оның кірпіштері ешқайда жарамайтын болып, соны көрген ол қолды бірақ сілтеп, үйдің қалқиған қаңқасын ғана тастап, жөніне кетеді.

Оған сатылған кезінде үй кәдімгідей жобалы, іші-сырты бүтін болған. Оны сол кезде қаладағы қазақ зиялыларының бірі, өлкетанушы Қайролла Мұқанов екеуіміз арнайы барып көрген едік. Ал біз жанашырлық білдіріп, ара түскен уақытта үйдің осы қаңқасы ғана қалған кезі еді...

Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру комитеті келісімшарттағы «қалпына келтіру» жөніндегі талапты орындамағаны, қайта оны бұза түскені үшін Поляковты сотқа тартуға қақылы болатын. Бірақ ол жерде де жанашыр жандар табыла қоймаса керек, «жабулы қазан жабулы» күйімен қала беріпті. Артынан, Президенттің ұлттық тарихымыз үшін маңызы бар тарихи ескерткіштер сатылмасын деген Жарлығы шыққан соң Абылайдың үйінің қаңқасы қайтадан Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру комитетінің балансына алынды. Осыдан әрі, 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданды.

Осы кезде ғой...

2003 жылдың ерте көктемі еді. Бір күні біздің үйге екі иінінен дем алып, түтіккен Кенжебек ағай келді.

Сен естідің бе, деді ол, еңтігін зорға басып, 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес қалпына келтіруге біздің облыстан татар көпесі Янгүзаровтың үйін енгізбек болып жатқан көрінеді, ал Абылайдың ақ үйін ауызға да алмапты...

Бұл намысты қайнатып, жігерді құм қылатын хабар еді. Жергілікті мәдениет басқармасының іздесең таппайтын, қазақтың ұлы ханының атын алған асыл мұраны қалпына келтірудің орнына қайдағы бір татар көпесінің үйін жөндеуге қаражат сұратқаны – қазақтың ұлттық мүддесін көзге ілмейтін бұрынғы қалыпта қалғанын көрсеткен қылық еді. Әрине, ол үй де сәулет өнерінің ескерткіші екені рас, бірақ Абылай ханның үйіндей тарихи маңызы жоқ қой. Қазақ елінің орталық Үкіметінен ақша сұратқанда алдымен қазақтың ұлы ханынан қалған жәдігерді қалпына келтіруге ақша сұрау керек емес пе? Қазақтың мүддесін осылар қашанға дейін аяққа басады деген ойлар намысты жани түсті.

Дегенмен, мәселенің анық-қанығын білмек болып, алдымен қалалық әкімдікке бардым. Қала әкімінің сол кездегі орынбасары Тотикамал Құлжанова облыстық мәдениет басқармасынан «Мәдени мұра» бағдарламасының шеңберінде жөндеуге ұсыныс жасалған мұралардың тізімін көрсетті. Олардың арасында бірнеше ескерткіштер бар екен, соның ішінде Лениннің де ескерткіштері жүр... Бірақ Абылайдың ақ үйі ауызға алынбапты. Осыдан-ақ бұл мекемедегі ұлтжандылықтың, елжандылықтың өрісін тани беріңіз...

Содан облыстық мәдениет басқармасына бардым. Оның бастығы Амангелді Балмұқанов деген бір көрмеге ойлы, ұлтжанды ағамыз сияқты еді, сол кісіге барлық

жәйді айтпақ едім, бірақ ол орнында жоқ екен. Мұнда тарихи ескерткіштерді қорғау жөніндегі арнайы бөлім бар еді, соның бастығы Людмила Сорокотяга деген келіншек мәдени маңызы зор ескерткіш ретінде көпес Янгүзаровтың үйін қалпына келтіруге республикалық бюджеттен қаражат бөліну сұралғаны, ал «Абылайдың ақ үйі» қалпына келтірілмейді, оны бұзып тастау керек деп шешілгені туралы аузы-мұрны қисаймай айтып берді. Сөйтіп, қазақтың тарихы үшін аса маңызды ескерткіштің тағдырын қатардағы бір шенеунік осылай шеше салған екен. Ойбай, ондай шешімді кім шығарды, кім сізге ондай қақы берді десем, жалғыз мен емес, осындағы А.Плешаков, В.Дворников, Е.Джелбулдин және т.б. бірнеше өлкетанушылар осылай шешіп, актіге қол қойдық дейді. (Байқасаңыздар осының ішінде Джелбулдин деген ғана қазақы фамилия бар. Бұл кісіні сырттай естігенім болмаса білмейтін едім, кезінде облыстық мәдениет басқармасын басқарыпты, ұлты қазақ болса керек, бірақ бірде-бір қазақы мәдени шараларда, «Қазақ тілінің» маңайында көрген емес едім. Фамилиясын да әкесі азан шақырған «Жол болды» қылмай, ақыры «Джелбулды» қылған күйінде өмірден өтті).

Л.Сорокотяга ұйымдастырған топқа қазақтың тарихи мұрасына билік айтатындай өкілдікті ешкім бермегені хақ, бірақ олар: біз ондай құқыңа пысқырмаймыз да деген пиғылмен сыртымыздан жиналып алып, қол қойып, біздің ұлттық мүддемізді аяққа баса салуға әбден машықтанып алғаны көрініп тұр...

Жағдай осындай болған соң енді «Абылайдың ақ үйін» қорғау үшін тек БАҚ-тың күшін пайдаланудан басқа амал қалмады. Бүкіл Республика халқына

маңызды ескерткіштің аяқ асты болып, бұзылып бара жатқанын жеткізу, сөйтіп араша сұрау керек деп шештік. Барлық көрген-білгенімізді бояуын қанықтыра отырып, халықтың құлағына жеткізсек, көзі ашық, көңілі ояу жандардың бұған үн қосатынына сенімді едік.

Облыстық мәдениет басқармасының бастығы Амангелді Балмұқановты да, құрметтейтін ағамыз болса да, мынадай жағдайға жол бергені үшін аямасқа бекіндік.

Сонымен... Біздің ең алғаш рет осы проблеманы көтерген БАҚ құралымыз - қалалық муниципалды телеарна болды. Жас журналист Әдигүл Қизатованың хабарында осы әңгімені ашына сөйлеп, халыққа айтып бердік. Оған Кенжебек Әбішев ақсақал екеуміз қатысқан болатынбыз. Екеуіміз де бір-бірімізді толықтыра отырып, «Абылайдың ақ үйінің» жер бетінен жойылғалы тұрғанын, ал оның қазақ үшін тарихи маңызы зор екенін жарыса айттық. Құртып алсақ, ертең өкініші естен кетпесін ашына жеткіздік. Осындай дүниеге мән бермей отырған шенеуніктердің атына да қатты сындар айтылды. Әсіресе, мәдениет басқармасының бастығы А.Балмұқанов ағамыздың атына ауыр сөздер кетті. Бірақ қызметіне байланысты болмаса шектен шығып, жеке басына тиіскен емеспіз...

Қазақ тілінде жасалатын хабарлар аз, ал сол уақыттағы талап бойынша мемлекеттік тілдегі хабарлардың үлесі барлық эфир уақытының кем дегенде 50 пайызы болуы керектігі себепті муниципалды телеарна қолда тұрған осы хабарды бірнеше рет қайталап көрсетті. Соның өзі абырой болды, өйткені бір-екі рет қана көрсетсе бәлкі ешкім көңіл аударар қоймас еді, бірақ күнде қайталай берген соң мәселе бастықтардың да жүйкесіне тиіп-

ті... Ал қарапайым халықтың аузында ол өртше лаулап, үлкен қоғамдық резонанс тудырды. Жинала қалған жұрттың бәрі әңгімесін «Абылайдың ақ үйінен» бастайтын болды. Өзіміздің таныс-біліс адамдарымыз да «ақ үйді» көрсетуді сұрап, өтініш білдіретін еді. Солардың қатарында облыстық соттың судьясы Еркін Евенбаев, журналист Шашубай Малдыбаев және т.б. ондаған адамдар болған.

Бір күні мені облыс әкімінің әлеуметтік мәселелерді қадағалайтын орынбасары Қуат Есімханов өзінің алдына шақырды. Барсам облыстық мәдениет саласының басшылары мен жауапты қызметкерлері, әсіресе мұрағат, музейге қатысты мамандар, ақсақалдар, өлкетанушылар, БАҚ бастықтары толып тұр. Мені көрген бойда А.Балмұқанов ағамыз «сені сотқа беремін, менің аржандыма тиістің» деп дүрсе қоя берді.

Ел дегенде ар қандай, намыс қандай
Тау мен тасқа соғылар қарыс маңдай.

Ел дегенде жығылған жалым тұрып

Айбаттанып кетемін арыстандай, – деп Қадыр Мырза-Әлі айтқандай жеке басымның ісі емес, бүкіл елдің мүддесі үшін күйіп жүрген басымыз ондай қоканлоққыдан ықпақ түгіл, қарсы шауып, тайталаса кеттік...

Белгіленген уақытында бәріміз бастықтың алдына кірдік. Қуат Есімханов ағамыздың ұлтжанды азамат екені белгілі. Мен оның бізді қолдайтынына іштей сенімді едім. Бірақ ол салған жерден «Абылайдың ақ үйі» дегенді қайдан шығарып жүрсін, жұрттың бәрінен сен білгіш болдың ба деп дүрсе қоя берді. Мен де қолда бар барлық дәлелдерімді келтіріп, тілім жеткенше шы-

рылдап жатырмын. Осыдан әрі өзін-өзі мақтапты деген қаңқу сөзден қашып, сол жиналысқа қатысып, артынан, дәлірек айтқанда алты жылдан кейін Қуат Есімханов туралы «Егемен Қазақстанға» жазған мақаласында осы отырыс туралы шыншылдықпен айтқан облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің бас редакторы Кәрібай Мұсырманға сөз берелік: «Әлі есімде, жаңылмасам, 2003 жылдың көктемі болатын. Бір күні облыс әкімінің орынбасары Қуат Есімханов Абылайдың ақ үйіне байланысты өлкетанушы азаматтарды, облыстық газет пен теледидардың басшыларын жинап, арнайы кеңес өткізді. Оған түрткі салған белгілі журналист Жақсыбай Самрат болып шықты. Біреулер: «Қызылжарда Абылайдың ақ үйі болды деген сөз – құр аңыз ғана...» деген пікірді ұстанып, күмән туғызып тұрған шақ еді. Арамыздағы қазақ қарияларының ішінде де осындай пікір жетегінде жүргендер барлығы байқалып қалды. Бірақ, Жақсыбай өз көзқарасынан танбай: «Қызылжарда Абылайдың ақ үйі болғандығы анық, тек ол туралы тарихи құжаттарды Ресей мұрағаттарына әдейілеп барып, іздестіру керек», – деп қасқайып тұрып алды. Оның мұндай «қыңырлығы» талайларға ұнамай тұрғандығы осы арада анық сезілгенімен, Қуат Есімханұлы жиын соңында ұлтжандылығына басып, Жақсыбайдың жағына шығып, оған:

– Сен өз пікірінде қалсаң, онда Мәскеу мен Санкт-Петербургтің мұрағаттарына іссапарға барып қайт. Сол жақтан бір дерек табылып қалар. Қасыңа облыстық мұрағаттың директорын қосып жіберейін. Жолақыларыңды өзім тауып беремін, – деп

тұжырымдады». (К.Мұсырман., «Намысұлы», «ЕҚ», 21.03. 2009 ж., 8 б.).

Кәрекең әділ, Қызылжардағы жөні түзу жігіттердің бірі. Қаламы да ұшқыр, нағыз шығармашылық адамы. Ол өзінің көргенін айнытпай түсіріпті, бірақ негізгі айтпағы осы оқиға болмағандықтан қысқа қайырған екен. Сондықтан біз шама-шарқымызша сол отырысқа кеңірек тоқталайық.

Қуат Есімханұлы «Абылайдың ақ үйі дегенді қайдан шығарып жүрсің» деп дүрсе қоя берген емеурінімен-ақ басқаларды маған жабылып, жазғыруға шақырғандай еді. Билік құрылымдарында істеп, бастықтың емуірін аңшының итіндей қалт жібермей бағып қалған, бұрын шенеуніктік қызмет атқарған сол жерде отырған қазақ шалдары да өздерінен не күтілетінін бірден танып, маған қарсы шыға келді. Мен болсам, шамам келгенінше, тілім жеткенінше (отырыс орысша өтіп жатыр ғой) Абылайдың ақ үйі болғанын дәлелдеуге тырыстым. Жоғарыда көрсетілген қазақстандық ғалымдардың деректерін, ақын-жазушылардың айтқанын, тіпті мемлекеттік мүлік тізілімінде де үйдің солай тіркелгенін айтып бердім. Бірақ отырғандар оған тоқтай қоятын түр көрсете қоймады. «Жазушылар мен ақындар ауызекі тілде айта береді, біреулер тіпті мұнда «Абылайдың ақ түрмесі» де болған деп жүр. Осының бәрі бекер сөз» деп бір шалдар шықса, өзім қатты құрметтейтін Қайролла Мұқанов ақсақал: «Мен де Петропавлдың тарихын біраз зерттеген адаммын, бірақ ешқандай жерден осы қалада Абылайға үй салынды дегенді кездестірген емеспін», – деді. Бұл сөздің жаны бар еді, шынында да Петропавл туралы жазылған бірде-бір әдебиетте қалада Абылайға

үй салынған деген сөз айтылмайды. Оның түрлі себебі бар. Біразын біз жоғарыда келтірдік, тағы қайталай кететін болсақ, орыстың арқасында ғана салынып, жетілді деп отырған ресми идеология қазақтың ханын бұл қалаға жолатуға мүлде қарсы болатын. Сондықтан, көбінесе сол идеологияның сойылын соғатын тарихшылар қаланың аумағында Абылайдың үйі болған дегенді айтқан емес. Екіншіден, және ол осы ең бастысы... **Абылайға арнап үй салынған 1765 жылы «Петропавл» деген қала да болған жоқ болатын.** (Ол туралы біз жоғарыда да жаздық). Тек үйге қарсы орналасқан жардың басында құрылысы әлі жүріп жатқан «әулие Петр» қорғаны ғана болған. Ал Есілдің ойпатына түсе бастаған қаладағы үйлер саны 100-ге жуық қана-тып. Сондықтан да ешқандай деректе Петропавл қаласында Абылайдың үйі болды деген сөз жоқ. Кейін қала өсіп, үй тұрған участок оның аумағына еніп кеткен...

Ақсақалдарға осы фактілерді де жайып салдық. Бір қызығы, сол отырысқа қатысқан орыстілдес мамандар, өлкетанушылар, тарихшылар арасынан бірде-бір адам Абылайдың ақ үйі болған емес дегенді айтқан жоқ, олар бірденені білетін секілді, ал қарсы шығып жатқан өзіміздің қара шалдар еді...

Қуат Есімханов өзінің қорытынды сөзінде үйдің болғанын әлі де дәлелдей түсу керек, біз қазір оны қалпына келтіруге қаражат сұрайтын болсақ, үкіметтегілер оның Абылайдың үйі екендігін дәлелдеуді талап етеді, деді. Олай болса, дедім мен, мені Санкт-Петербург пен Мәскеудің архивтеріне жіберіңіз, деректер сол жақтан табылып қалуға тиіс, дедім. Жоғарыда, Кәрібай Мұсырман жазғандай, бұл идеяны Қуат Есімханұлы қолдаған еді.

..Бірақ содан кейін біраз уақыт өтсе де әкімдік тарапынан «ақ үй» туралы сыбыс болмады. Бұл уақыттарда біз республикалық, аймақтық, облыстық газеттерге мақалалар жазып, ТВ-ға сұхбат беріп, үйдің қалпына келтірілуі қажеттігін, оның нақ Абылайдың үйінің орнына тұрғызылған ғимарат екенін дәлелдеумен болдық. Ондағы ойымыз басталған дүниенің аяқсыз қалып қоймауын билік пен халықтың назарына жеткізу еді. Соның ішінде Көкшетау қаласында шығатын аймақтық «Алаш үні» (6 мамыр 2003 ж., және 23 қыркүйек 2003 ж.), республикалық «Алтын Орда» (11 шілде 2003ж.), «Қазақ әдебиеті» (01 тамыз 2003 ж.), «Казахстанская правда» (08 тамыз 2003 г.), «Егемен Қазақстан» (29 қазан 2003 ж.), «Азат» (29 қазан 2003 ж.) және жергілікті «Солтүстік Қазақстан» (19 қыркүйек 2003ж.), «Панорама недели» (12 қыркүйек 2003 г.) т.б.газеттерге үйдің тарихи маңызы және оның қазіргі қиын халі туралы мақалалар шығардық. Бұлар бірін-бірі сөзсіз қайталаған емес, соңынан түсіп зерттегеннің арқасында табылған жаңа деректер, тың дүниелер де қамтылып отырды. Біздің өтінуімізбен тележурналистер Роза Шәкенова мен Вячеслав Савенков облыстық және республикалық «Қазақстан-1» телеарнасынан үйдің қаңқасын көрсетіп, сыни материалдар берді.

Осындай дүмпулердің арқасында қалада, облыста, қала берді республикамыздың түкпір-түкпірінен «Ақ үйді» білетін немесе оның аянышты халіне жанашырлық білдіретін адамдар көбейді. Соның ішінде жоғарыда аты аталған ақын ағамыз Мүтәллап Қанғожин, облысқа белгілі азамат, ұзақ жылдар Жамбыл ауданын басқарған Шәймұрат Смағұловтар бізге қолдау білдіріп, өздерінің

қолдарында бар қосымша деректерін берді. Өзіміз де қосымша деректер іздеп, облыстың кітапханаларын, мұрағаттарды сұзумен болдық.

«Ақ үйді» білетін жандар қатарында белгілі жазушы Кәмен Жүністегі «Алтын Орда» газетіне мақала беріп, кезінде бұл үйді өз көзімен көргенін және оны бір орыс шалы «қазақ ханының үйі» деп айтқанын жазды. («Алтын Орда», 01 тамыз 2003 жыл). Сондай-ақ қостанайлық журналист Т.Нүсіпхан да «Алаш үні» газетіне бастырған мақаласында «үйді» білетін адамдардың пікірін жазған. («Алаш үні», 02 қыркүйек 2003 жыл).

Сол жылдың жазында бізді іздеп Көкшетау қаласынан белгілі меценат, еліміздің Солтүстік аймағында ең алғашқы болып жекеменшік жоғары оқу орнын ашқан Жанат Қасым келді.

Жәкеңді бұрыннан жақсы білетін едік. Ол қоғам ісіне белсенді араласатын патриот, әрі барынша білікті, оның үстіне қолына құт дарыған қарымды азамат. Қазақтың тағы бір патриоты, атақты философ, «қара сөзде қазаққа дес бермеген» шешен, кезінде Мәскеуде ашылған «Жас тұлпардың» жұмысына белсене қатысқан, Дінмұхамед Қонаевтың өзі «қазақтың Демосфені» деп дәріптеген Сәбетқазы Ақатай ағамыз басқарған ұлттық «Алаш» партиясының штабы осы Жанат Қасымның қамқорлығымен Алматыдан Көкшетауға қоныс аударған еді. Артынан Сәбең партия төрағасы ретінде өзінің орнын да Жанат Қасымға беріп, соны сайлатқан. Сол партияға біз де мүше болдық, сондықтан Жәкеңмен жақын араластық. Ал жалпы таныстығымыз «Азат» азаматтық қозғалысы басталған сонау 1991 жылдан бастау алған еді. Осы қозғалыстан «Қазақстанның

республикалық партиясы» бөлініп шыққанда да соның сапында бірге жүрдік. Ол кезде партияның Солтүстіктегі аймақтық филиалын Қажыбай Қабулов деген ағамыз басқарған. Жәкең сол кездің өзінде партияның белсенді әрі ықпалды мүшесі болған еді. Жүрегі таза, жан-дүниесі бай осындай азаматтардың жолы болып, биліктің биік баспалдағына шыққан болса бәлкі еліміз қазіргіден де жылдамырақ дами түскен болар еді...

Жанат Қасым Қызылжарға тегін келмепті, «Абылайдың ақ үйінің» аянышты халін БАҚ құралдарынан естіген соң ол үйдің қаңқасын сатып алып, қалпына келтіруді ойлап келген екен. Біз Жәкеңді облыс әкімінің орынбасары Қуат Есімхановқа жолықтырдық. Әрине, өкімет тарапынан көңіл бөлінбей, қаражат табылмай жатқанда Жәкеңнің бұл ниеті үлкен ерлік еді.

Сол жерде Қ.Есімханов оған Президенттің 2000 жылдың 28 шілдесінде шыққан «Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншіктің нысандары туралы» атты №422 Жарлығын көрсетті. Осы Жарлыққа сәйкес «Абылайдың ақ үйі» сатылатын нысандар тізілімінен алынған екен. Демек, қаңқасы қалса да оның маңыздылығы ескеріліп, сатылмайтын болыпты.

Сөйтіп, «Абылайдың ақ үйі» не жөндеймін деген адамдарға сатылмайтын, не өкімет тарапынан жөнделмейтін, не анда жоқ, не мында жоқ нысан болып қала берді.

...2003 жылдың жарқын жазының бір күнінде Солтүстік Қазақстан облысында айтарлықтай үлкен мәдени шара болды. Ол - Қуат Есімхановтың бастамашылдығымен облыс аумағында өткізілген Мағжан Жұмабаевтың 110 жылдық мерейтойы еді. Көзінің тірісінде ешқандай

күрмет көрмеген ақынға зиялы ұрпақ қандай қошемет көрсетсе де артық емес қой. Сондықтан да 110 жылдығының айтулы шара болғаны бәрімізді қуантты. Оған Алматыдан, Астанадан ақын-жазушылар, айтыскерлер, ғалымдар, белгілі жерлестеріміз келді. Солардың арасында біразы бізді іздеп, «Абылайдың ақ үйін» көрсетуімізді өтінгендер де болды. Соның бірі филология ғылымдарының докторы, Еуразия ұлттық университетінің профессоры Дихан Қамзабеков еді. Білікті азамат үйдің мынадай халін көріп, талай уақыт тіл қатпай, барлық әңгімеден шет қалып еді... Осының өзінен ұлттық мүддеге жанашыр жоқтығы Азаматтың жан-жүрегін қатты ауыртып қалғаны көрініп тұрды.

«Жақсыдан шарапат» деген емес пе, Мағанның сол тойының шапағаты «Абылайдың ақ үйіне» де тиді. Бұл әңгімені басынан бастап айтайық.

Мағанның осы тойына бірер аптадай-ақ уақыт қалғанда Қуат Есімханов жоқ жерден осы мерейтойға арнап солтүстікқазақстандық көзі тірі ақын-жазушылардың бір үзік шығармаларының басын қосып, жинақ шығарайық деп күтпеген ұсыныс жасады. Ол кезде мен «Қаламгер» қоғамдық қорын құрып, соның төрағасы болып жүрген едім. Қаражатты өзім табамын, тек мерейтойға үлгеретін болыңдар деген соң біз де аянып қалмадық. Жинақ шығару жұмысын ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып ақын Мүтәллап Қанғожин, орынбасарлары болып «Солтүстік Қазақстан» газеті редакторының орынбасары Болат Қожахметов пен мені бекітті. Сөйтіп, уақыт тығыз болған соң күн-түн демей жұмыс істеп, шұғыл кіріскен біз айналасы бір аптаның ішінде солтүстікқазақстандық 41 автордың шығармалары енгізілген жинақты дайын еттік. Жасыратыны жоқ, негізінен күш салып, дамыл таппай кіріскен өзіміз болдық. Облыстың әр

түкпірінде, қаланың түрлі аудандарында жатқан қазақ қаламгерлерінің шығармаларын бір аптаның ішінде жинап, өңдеп шығу оңай шаруа емес екенін әркім біле бермейді. Оның үстіне қазақ «беремін ғой» дегенін кем дегенде бес күнге созып үйренген халық емес пе. Дегенмен біз абырой биігінен табылып, аталған уақытта маңызды міндетті орындап шықтық.

Мұндай жинақ бұдан 40 жыл бұрын біздің облыста идеология жөніндегі обком хатшысы болып қазақтың нарқасқа ұлы Ілияс Омаров тұрғанда бір жарық көрген екен, енді Қуат Есімхановтың кезінде екінші рет өмірге келді. Қуекең айтқан сөзінде тұрып, қаражатты уақытында тауып берді. Сөйтіп, келген қонақтардың қолына ұстататын «Қызылжардан ескен леп» атты әп-әдемі жинақ дайын болып еді. (Оның атауын мен ұсындым, Мүтәллап Қанғожин Ғафанда да (Ғафу Қайырбеков те де) осындай сөз бар еді деп қолдай кетті). Әрине, асығыс дүниенің олқысы да болмай қалған жоқ, соның ішінде әріп қателері көп кетіпті. Соны үлкен мін көріп, бір тиын ақы алмай күні-түні еңбектенген бізді қатты шенеп, өздерінің қолынан түк келмесе де «біткен іске сыншы көп» болған мылжындар да табылмай қалмады. Бірақ қалай десе де жақсы жинақ көңіл жадырататын еді. Оған қазір көзі жоқ талай қасқаларымыз бен жайсандарымыздың да аз да болса сөздері еніп, кейінгі ұрпақтарға есімдері жетті. Сол қатарда Мәлік Мұқанов, Асхат Сағындықов, Құрман Рамазанов, Ниязбек Бекмұрзин және т.б. аяулы есімдер бар.

Мағжан ауданында болған той дастарханында осы жинақтың біразы келген қонақтарға таратылды. Ақынның тойы жарқыраған ашық күннің астында, ақ

қайынды орманның бауырында ақ шаңқан киіз үйлер тігілген қазақтың тойлы ауылында тамаша өтті. Тойда сайысқа шыққан айтыс ақындары, жыр мүшәйрасына қатысқандар – бәр-бәрі сыйлықтар алып, рза көңілмен тарап жатты. Бірақ... күн-түн қатып, аз уақыттың ішінде қызылжарлық ақын-жазушылардың жинағын дайын қылған біздің еңбегімізді ешкім аузына да алған жоқ...

Қонақтар тарай келе өзіміздің ақын-жазушылар бір үйде түстеніп отыр едік, сол жерге лауазымды қонақтарын түгел шығарып салып, қолы босаған Қуат Есімханов та келді. Ол келмей тұрғанда бізбен еркін сөйлесіп, ойнап-күліп отырған қызмет басындағы ұсақ-түйек шенеуніктер қысылып, қозғалақтап қалып еді, бастық бәрінің жүректерін орнына түсірген жаймашуақ күй танытты. Өзі де біздің үстелге отырып, көлдей-көлдей тілектер айтты.

Сол кезде... Еркін отырыс, жайылған көңіл үстінде жайшылықта қой аузынан шөп алмайтын жуас, «Солтүстік Қазақстан» газетінің қызметкері, ақын Құрман Рамазанов марқұм күтпеген жерден «өнер көрсетіп», Қуат Есімхановқа тиіссін... Әркім өзінің күйін ғана күйттеген заманда біреу үшін күйе оңай емес қой, бірақ марқұм әкімнің орынбасарына менің жыртысымды жыртып қатты тиіскен еді... Марқұм ақжүрек, жаны таза, адал жігіт еді ғой. Алдымен ол жинақтың менің арқамда шыққанын айтты. Сол үшін жасаған қаншама еңбегін атап та өтпедіндер деді... Сосын, «Абылайдың ақ үйін» айтып, жалғыз өзі шырылдап жүр, неге қолдамайсындар деп салған еді. Жайшылықта бетіне жан келтірмейтін Қуат ағамыз да басында сасып қалғанымен мәрт екен, үнсіз қалды. Жұрт шыдай алмай, қысылып, әлде не бо-

лып кетеді деп жерге кіріп бара жатқанда ол Құрекеннің сөзіне еш шамданған жоқ, тегіс тыңдап алды және оны ірілікпен көтере білді. Неге қолдамаймыз, қолдаймыз Жақсыбайды, жақында ол «Абылайдың ақ үйі» туралы дерек іздеп Санкт-Петербургке жүреді, қаражат тауып береміз деп ақталды ол...

Сөйтіп, жайшылықта иіс алмас, момын Құрекеннің сөзі қамшы болып, айналасы бір аптаның ішінде маған қаражат та табылып, облыстық мұрағаттың сол кездегі директоры Жұқаш Қосыбаев екеуміз «Абылайдың ақ үйі» туралы жаңа материалдар табу үшін Санкт-Петербургке жол тарттық...

Бұл сапар туралы мен «Алаш үні» аймақтық газетіне Қызылжардан Петрборға саяхат» деген мақаламда егжей-тегжейлі жазған едім. Жолжазба түріндегі естелік болса да «Абылайдың ақ үйіне» тікелей қатысы болған осы мақала да оқыған жандардың біразына ой салғаны анық.

Санкт-Петербургтің «Ресейдің мемлекеттік тарихи архивінде» (РГИА) бір аптадай жұмыс істеп, біз қазақ хандығымен Ресей империясы арасындағы байланыстар туралы бірқатар құжаттар таптық. Ал «Абылайдың ақ үйі» туралы нақты дерек табылған жоқ, бірақ оның нақты қай жерде екенін анықтап қайттық. 1970-ші жылдардың басында XVIII ғасырдағы Қазақ елімен байланыстар Сыртқы істер коллегиясы арқылы жүргізілгендіктен оның архивтік құжаттарын Мәскеудегі Сыртқы істер министрлігінің мұрағатына («Архив внешней политики Российской империи») (АВПРИ) берген екен.

Елге келген бетте Жұқаштың қызмет орнын пайдаланып, Ресейдің Сыртқы істер министрлігінің архивтер

департаментінің бастығы О.Глушкова ханымның атына хат жазумен болдық. Оның аты-жөнін РГИА-ның қызметкерлерінен алған едік. Осы хаттың көшірмесін суреттер бөліміне де салып отырмыз. (Өзімізше саяси жағын «қатырып», екі елдің достығы мен сыйластығын да баса көрсеткен едік)...

Осы екі ортада бір қуанышты жәйт болды. Сол, 2003 жылы «Қазақстанның Ресейдегі жылы» болғанын хатта көрсеткен едік қой. Бұл өзі екіжақты біршама жақындастыра түсуге жәрдем беретін жақсы шара. Онда мәдени де, экономикалық шаралар да көп болады. Сондайдың Мәскеуде өтетін біріне қазақстандық делегацияның құрамында Қуат Есімханов та бара қалды. Ол кісі елшіліктің мәдени байланыстарға жауап беретін қызметкері Қобыландин (есімін ұмытып қалдым) деген азаматпен жақсы танысып, «Абылайдың ақ үйіне» байланысты біздің жіберген хатымызға жауап берілуін қадағалауды өтінеді. Қанша дегенмен белді де беделді адам емес пе, Қуекеннің бұл өтінішін Қобыландин жерге тастамай, біздің ісімізді біраз жерге жылжытқанға ұқсайды. Әйтеуір, 2003 жылдың қараша айында біздің хатымызға көптен күткен жауап келді ғой...

Әлі есімде, жауап қарашаның 18 күні келген еді. Бұл қасиетті Рамазан айының іші еді және дәл сол жылы алғаш рет ораза ұстаған едім... Жауап – жәй жауап емес, қуанышы жер жарған жауап болды. Ресей Федерация Сыртқы істер министрлігінің Тарихи-құжаттамалық департаменті арқылы келген бұл хатта қазақ-орыс қатынастарына байланысты бірқатар құжаттар жіберіліпті. Соның ішінде, ең бастысы **Абылайға 1762-**

65 жылдары үй салынғаны айтылып және оның жоспарының көшірмесі жіберіліпті.

Бұл енді біз күткендегіден де артық қуанышты хабар еді, мәз болып өзіміздің жақтастардың бәріне хабарладық. Қуат Есімханов дәл сол кезде қалада жоқ болатын, оның қарамағындағы бөлімнің бастығы Радиса Қасымова деген жеңгеміз бізге дереу БАҚ арқылы сүйінші хабарды халыққа жеткізіндер деді. Содан... сол күні жергілікті теледидардан хабарладық және онымен қоймай «Егемен Қазақстан» газетіне хабарласып, оның сол кездегі бас редакторы Ержұман Смайыл ағаның өзімен сөйлестік. Алдында, «Ақ үй» туралы мақаламыз шыққандықтан, ол кісі біздің қуанышымызға ортақтасып, құжаттарды электронды поштамен жіберуімізді өтінді. Ертесіне «Егеменнің» бірінші бетіне: «Сүйінші!» айдарымен «Абылайдың ақ үйі: Аңыз емес, ақиқат!» деген тақырыппен менің шағын мақалам және үйдің жоспары жарқ ете қалды...

Жақсы жаңалық тез тарап, жұрттың бәрі бізді құттықтап жатты. Жалғыз біздің өңірге ғана емес, бұл хабар еліміздің барлық түкпіріне де сенсациялы, жақсы жаңалық болғаны анық. Көптен айтылып жүрген Абылайдың ақ үйінің ақыры, іс жүзінде бар болып шыққаны, оның құжаттармен дәлелденгені жүрегінде патриоттық сезімі, елжандылық оты бар барлық жанның жан-дүниесін дүр сілкінткені сөзсіз. Енді ше... Ұлы ханымыздың ұстаған затын, тұтынған дүниесін бір көруге зар болып жүргенде анау-мынау емес, өзінің атындағы үйінің (тіпті оның орны болса да мейлі) табылуы үлкен қуаныш емес пе? Тіпті нақ сол, Абылай тұрған үйдің өзі болмаса да, ханның сол жердің топырағын ба-

сып жүргені, әңгімелесіп отырғаны, ауасын жұтып, суын ішкені ақиқат қой... Ұстаған шақшасына, киген шапанына дейін қасиет көріп, дәріптеп жүргенімізде табанының ізі түскен жердің қаншалықты ыстық екенін біле беріңіз. Қазақтың қамына жасалған қаншама істер осы жерден бастау алып, қаншама сырлар мен шындар осы жерде айтылды. Өзінің орыс патшасы мен қытай богдыханы арасында қандай саясат ұстау керектігі жөнінде билерімен, барынша сенімді кеңесшілерімен, батырларымен ақылдасқан жері де осы болуға тиісті. Өйткені, нақ сол жылдарда екі елмен де хат алысу, елші жіберу сияқты қатынастар жиі болып тұрғаны белгілі.

Қалай десек те бұл – Ұлы жеңіс еді. Өйткені ол біз үшін ғана емес, жалпы қазақ үшін үлкен қуаныш болатын. Үйдің жоспары болғандықтан енді кім оны жоққа шығара алсын, сондықтан да біз еңбегіміздің ақталғанына өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілгендей қатты қуандық...

Енді үйдің жоспарындағы сөздерді де түгел келтіре кетелік:

«ПЛАНЪ

Вновь построенного киргис-кайсацкой Средней орды Аблай салтанныго дома. А что именно значить под сим:

- 1. Покой Аблай салтана**
- 2. Канцелярия**
- 3. Баня**
- 4. Домъ для приезжающих киргис-кайсацких старшин покой Аблай салтана».**

Одан әрі жоспардың масштабы бір дюмге 250 сажень екені көрсетілген. (Қосымшада суреті берілген).

Сонымен бірге Омбы қорғанындағы генерал-поручик И.Шпрингердің 1765 жылғы қазанның 25-де Абылай сұлтанға ағаш үй салынды деп Сыртқы істер коллегиясына жазған баянхаты да бірге келді. (Оның да суреті қосымшада көрсетілген).

«Сабақты ине сәтімен» дегендей осы материалдар келген соң бұрынғы сұрау бойынша Омбының облыстық архивінен де үйдің қалай салынғаны жөнінде генерал-майор Дениевтің И. Шпрингерге жазған баянхатының көшірмесі келді. Оны ескі орыс тілінен (старорусский) СҚО мемлекеттік университетінің аға оқытушысы П.Слухаевский аударған еді. Онда Абылай сұлтан мен оның баласына арнап салынатын үйге шеберлер жіберілетіндігі, олар қажетті құралдармен, сондай-ақ ат-арбамен қамтамасыз етілетіндігі айтылған және құрылыстың орны туралы: «Строительство предполагается начать в крепости святого Петра и Павла на берегу реки Ишим» деп атап көрсетілген. (Бұл құжатты да қосымшаға салып отырмыз).

Үйдің жоспары және басқа да құжаттары табылған соң осыған дейін мақалаларымызды баса қоймайтын, айтқанымызға көніп, бізді қолдай қоймаған жергілікті БАҚ құралдары іздеп жүріп сұхбат алатын, іздеп жүріп хабар түсіретін болды. Соның ішінде облыстық теледидардың белгілі журналистері Меңсұлу Бисенова мен Федор Денисенко қазақ-орыс тілдерінде «Ақ үйдің» дәлелденуі туралы хабарлар түсірді және оларын республикалық ТВ-дан да көрсетті. Ал облыстық газетке талантты қаламгер Роза Шәкенова қарындасымыз да осы туралы төгілтіп мақала жазды.

Сөйтіп... Енді ханның үйін қалпына келтірудің екінші кезеңі басталды. Біз қолдан келгенді жасап, жергілікті әкімдердің қолына «ақ үйдің» бар екенін дәлелдеген құжаттарды ұстаттық. Енді, республикалық бюджеттен қаражат бөлдіріп, баға жетпес тарихи ескерткішті қалпына келтіру олардың міндеті болатын. Оған енді біз араласа алмаймыз.

Айта кететін жәйт, Абылай ханға орыс патшасының жергілікті әкімдері аталмыш үйден басқа да қысқы үйлер салғаны белгілі. Жоғарыдағы, Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінен жіберілген құжаттардың арасында сол кездегі сыртқы істердің мемлекеттік коллегиясына Сібір линияларының командашысы, генерал-майор Антон Скалонның жазған хаты бар. (Біз бұл құжатты бұрын да көріп, мақалаларымызда келтіргенбіз). Онда генерал А.Скалон Абылай мен Салтамамет (есімі дұрыс емес сияқты Ж.С.) сұлтандардың өзінен тағы да үй салып берулерін өтінгенін айта келіп, олардың реніштерін тудырмас үшін жаңа үйлер салуға жұмыскерлерді жіберу қажеттігін айтады. Хатта сол кездің кеңсе тілімен: **«...просьбы ... необходимо исполнить и для того работных людей послать, дабы не подать ему к неудовольствию повода»** деп жазылған. Бұл уақытта Абылайдың бір баласы аманатқа Санкт-Петербургке жіберілмек болған, А.Скалон сол бала кепілдік берсе біздің адамдар үй салу жұмысына қорықпай кірісер еді дегенді айтады:

«И также ежели вышеписанный сын его в Санкт-Петербурге возмется, то те наши работные люди без всякой опасности в его стороне при переноске объявлен-

ного дома употребятся». (АВПРИ, ф.Киргиз-кайсацкие дела, оп.3, 1776 г., д.1, л. 1-2, подлинник).

Қызылжардың аумағында болмағандықтан және халық жадында олардың нақты қай жерде екендігі қалмағандықтан олардың біз үшін маңызы жоқ. Бірақ сол А.Скалонның хатында Салтамамедке салынатын үй «...последнему отведено построить Ямышевской дистанции на самом линейном тракте от форпоста Коряковского сверху Половинного маяка, где он ежегодное свое кочевье с давних лет по зимам имеет...» деп жазған. Бұл қазіргі Павлодар облысының жерінде болса керек. Әрине, ондайлардың тарих үшін маңыздылығы шамалы. Ал «Абылайдың ақ үйінің» Қызылжарда болғандығының қаншалықты маңызды екенін біз жоғарыда біліміміз жеткенше, білігіміз өткенше айттық...

Біреулер осы үйлердің салынғанын іліп алып, біз бұрын көрмегендей жерден жеті қоян тапқандай аттандап, Қызылжардағы үйді жоққа шығарғысы келді. Бұл қарымы шолақ адамның қауқарсыз байбаламы еді. Ол туралы біз төменде толығырақ тоқталатын боламыз.

Сонымен... Уақыт шіркін өтіп жатты. «Қараша боп қаз кетті» дегендей, 2003 жылдың желтоқсаны да туып қалды. Әкімдік жақтан қымс еткен қозғалыс байқалмаған соң бір күні Қуат Есімхановтың қабылдауына бардық. **Біз екі қабатты кірпіш ғимаратты қалпына келтіру қиын болса үйдің жобасы бойынша ағаштан бір қабатты үй салуды ұсынған едік.** Оған Қуат Есімханов көнбеді, ол аты аталған үйді қалпына келтіргеннің дұрыстығын айтты және осы бағытта біраз жұмыс істеліп жатқанын, бұл шаруаның қолма-қол шешіле қоймайтынын, үлкен көлемдегі қаражат керек екенін,

өзі тапсырма беріп, жергілікті мамандарға есептеткенде оның көлемі тым көп болғанын айтты. Президент Әкімшілігі тарапынан қолдауды өтініп, ондағы білікті азаматтарға, соның ішінде өзі жақсы білетін жазушы Төлен Әбдікті де қосқанын ескертті. Осы оқиғадан біраз өткен соң сол кездегі Солтүстік Қазақстан облысының әкімі А.Смирновтың атынан сол кездегі Мемлекеттік хатшы, қазақтың ұлттың құндылықтарының үлкен жанашыры Иманғали Тасмағанбетовтың атына да ресми хат жөнелтілгенін білдік... (Қосымшада көшірмесі келтірілген).

Жылжыған уақыт өте берді. Желтоқсанның аяғында біздің облыстың басшысы өзгеріп, аймақта айтарлықтай оқиға болды. Келгенінен кеткені тез болған А.Смирнов қызметінен босап, оның орнына облыс әкімі болып белгілі саясаткер әрі дипломат Тайыр Мансұров келді. Біздің облыс үшін бұл үлкен тұлға еді. Кезінде Мәскеудегі партияның Орталық комитетінде (ЦК) бес-ақ қазақ еңбек еткен. Соның үшеуін нақты білемін. Олар: қазақтың белгілі ақыны, мемлекет және қоғам қайраткері, жерлесіміз Кәкімбек Салықов, қазіргі Мәжіліс депутаты Зейнолла Алшымбаев және осы Тайыр Мансұров...

ЦК деген жер осал адамды қызметке алмасы белгілі. Басқасын айтпағанда осы үшеуі де қазақтың нағыз мықты азаматтары екенін жақсы білеміз. Ал Тайыр Мансұровтың өзгелерден ерекше бір қыры, ол Тәуелсіз қазақ елінің алғашқы кәсіби дипломаттарының бірі. 1994 жылдан 2002 жылға дейін ол сегіз жыл бойы Қазақстанның ең басты стратегиялық әріптесі – Ресей Федерациясында елші болған адам. Осындай әрі танымал, әрі білікті адамның біздің облысқа әкім болып келуі

маңызды оқиға еді. Ол өзінің қарымының қуатты, білімі мен білігінің тереңдігінің арқасында «Ақ үйдің» қазақ үшін қаншалықты маңызды екенін де бірден ұқты.

Бірақ «Абылайдың ақ үйі» туралы әңгіме ол келген соң біраз уақыт бойы ауызға алына қоймады. Сондықтан, әрі республикалық Үкіметтің басшысы болып отырған бұрынғы өзіміздің әкіміміз екендігін пайдаланып, әрі жаңа әкімге де білдіре берейік деген оймен сол кездегі Премьер-Министр Даниал Ахметовтың атына үйді қалпына келтіру қажеттігін, оның ұлы ханымыздан қалған аса құнды жәдігер екенін айтып, бірнеше адамның атынан хат жаздық. Оған Мүтәллап Қанғожин, Болат Қожахметов, Шашубай Малдыбаев, Жанар Рамазанова және осы жолдардың авторы қол қойдық. Біздегі бір қызық тәртіп: қанша жоғарыға жазсаң да жауапты төменнен аласың. Маған да сол хатқа жауап облыс әкімдігінің әлеуметтік-мәдени салалар бөлімінің меңгерушісі Р.Қасымовадан келді. Онда Абылайдың үйін қалпына келтіруге республикалық бюджеттен қаражат сұралғаны айтылған... Бұл жәй да белгілі дүние болатын. Бұған қанағаттанбағандықтан біз сол кездегі вице-премьер Ахметжан Есімовтың атына да жағдайды барынша түсіндіріп хат жаздық. Оған да жарыған жауап келмеді.

Қуат Есімханов туралы «ақ үйге» байланысты жоғарыда біраз айттық қой. Дегенмен оның өз көзімізге шалынған тұлғалық қырларына тоқталған емеспіз. Сондықтан бұл адамның өзіміз көрген кейбір сипаттарын айта кетейік. Ол ешкімге жалтақтамайтын, қолға алған ісін қобалжымай, мінсіз атқаратын аса табанды, мықты азаматтардың бірі. Қай саланың болсын одан өткен бе-

саспап маманын табу қиын. Мамандығы құрылысшы бола тұра экономика ғылымының кандидаты, оның үстіне «Қазақстанның мәдениет қайраткері» атақтары бұл адамның сегіз қырлылығын көрсетіп тұр емес пе? «Құдай бергенге құлай береді» дегендей бұл азаматқа Аллатағала барлық өнерді де аямай берген екен. Оның әншілігі мен сөзге шешендігі де өз алдына бір төбе. Бірақ мінезіндегі іріліктің кейде тез ұсақталып кететін кездері де жоқ емес-ті. Сондай жағдайда, байқамай жел жағынан шыға қалсаң, оның қатты шамырқанып, бет қаратпай кететін кездері де бар екен... «Абылайдың ақ үйіне» байланысты оның тарапынан кейде қатты, дөрекі сөздер де естіп қалып жүрдік.

Өмірді сүрген сайын, көпті көрген сайын қазақтың даналығына, оның айнымай келетін дәлдігіне көз жеткізе түсесің. Атам қазақ «екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» дегенді де қалай дөп түсіріп айтқан. Ұзамай Тайыр Мансұров пен Қуат Есімхановтай екі мықты тұлғаның басы бір жерге сыймады, Қуекең бізден кетіп тынды...

Оның орнына Ақжар ауданының әкімі қызметін атқарып жүрген Ерік Есімұлы Нұрақаев келді. Бұл да ой-өрісі кең, таным-білігі мол азамат еді. Жаңа қызметіне кіріскен соң біраз уақыт өткенде ол «Абылайдың ақ үйіне» байланысты кеңес өткізді.

Аталмыш кеңеске Ерік Есімұлы жергілікті шовинистік топтарға жататын, қазақтың аты шыққанынан аты үркіп тұратын, бұрынғы кеудемен озбыр болып келе жатқан кейбір шал-шауқандарды да шақырған екен. Абзалы ондайларды мұндайға жолатпай, жасалған фактының алдына бір-ақ қойып, келісімпаз, білімдері

көп, түсініктері тереңірек, көкірек көзі ашық жандармен ғана жұмыс істей беру дұрыс болатын еді. Бірақ жас басшының тәжірибесіздігінен оның жанындағы қарымы қысқа көмекшілері жиынға осындай қиракезік, тоңмойындарды да шақырыпты. Солардың кейбірі баяғы әләуләйлімге басып, Қызылжарда Абылайдың ақ үйі болған емес, болды десендер дәлелдендер қане деп салды. Өз тарапымыздан біз де: ол баяғыда дәлелденген, газет оқу керек, әрбір жеке адамға дәлелдеуге міндетті емеспіз деп жатырмыз. Бірақ ескі кеудемсоқтығына басқан олардың кейбірі омыраулап, баяғы әдетпен бой беретін емес. Осы жерде Ерік Есімұлының мол қарымы көрінді. Ол өзінің орнын, сөзінің өтімділігін пайдаланып, «ақ үйдің» болғаны айқын дәлелденгенін, ендігі жерде оны қалпына келтіру жұмыстары басталатынын бет бақтырмай айтып берді. «Лениннің ескерткішін қала бас сайын салғанда оның сол жерде болған-болмағанын, туған-тумағанын ешкім де айтпайтын еді ғой, ал Абылайдың өз жерінде, өз қаласында болғанын дәлелдеу керек болды-ау сіздерге» деп салды ол. «Сіздерден бастаманы қолдау ғана сұралады, басқа ештеңенің керегі жоқ», деді ол. Қанша байбалам салса да аппараттың әдібін шиырлап қалғандар, бастық қаттырақ айтқан соң бас шұлғуға мәжбүр болған еді...

Сонымен жаңа орынбасардың бастауымен де бір отырыс өтті. Бірақ ол бұрынғы қалыптасқан жағдайға айтарлықтай жаңалық енгізген жоқ, сөйтсе де орыстілдестер арасында, оның ішінде шовинистік көзқарастағылар тарапына да үйдің бар екенін тарата түсті.

...2004 жылдың сәуір айында Алланың құдіретімен Астанада бір-ақ шығып, еліміздің бас газеті «Егемен

Қазақстанның» орталық аппаратына қызметке алындым. Өзімнің топшылауымша бұған Аллатағаланың сүйікті кұлы, Абылайдай әулие қылып жаратқан перзентінің рухы оң әсер еткен болуы керек. Әйтпесе, Астанада жұмыссыз жүрген нешетүрлі журналист толып жатқанда және соның бәрі үй-жаймен қамтамасыз ете алатын ата газетке ұмтылып, танитын жандарының бәрін салып жатқанда редакцияның ең үлкен бастығының өзі алыс Қызылжарда жатқан мені шақырып алар ма? Дәл сол уақытта біздің нақты жұмысымыз да жоқ еді. Туған елім Тауағаштың жерін иемденіп кеткен авантюрист инвестордан алып беремін деп ауылдастарымды ұйымдастырып, соттасып, жерін, одан мал-мүлкі үшін де айқасып, артынан оларын да өздеріне алып беріп, сәл ғана тыныстаған сәтіміз сол болатын.

Нақты жұмысым болмаған соң шығармашылықпен молынан айналысып, түнімен жазу жазып, түске дейін ұйықтауды әдетке айналдырғамыз. Бір күні түске тармаса телефон шар етті. Тәтті ұйқыны бұзған адамды кім жақсы көре қойсын, күнде хабарласып жататын адамдардың бірі шығар деген оймен дөрекілеу дауыспен «әлеу» деп жатырмыз. Ар жақтағы адам барынша биязы сөйлеп, алдымен үйдің біздікі екенін анықтап алды да... мен «Егемен Қазақстан» газетінің президенті Ержұман Смайыл едім дегені ғой... Хатшысына айтса да қосып береді ғой, бірақ тікелей өзі хабарласып жатқан Ерағанның қарапайымдылығына таң-тамаша қалдық. Бірақ артынан, ол кісіні жақсы білгенде, ешқашан хатшы жұмсап, қызмет талап етіп отырмай, керек адамына, кімде болса, тікелей өзі хабарласа беретінін білдік...

Содан Ержұман аға: біздің орталық аппаратымызға қызметке кел, бір жылдың ішінде үй береміз, қабырғамен ақылдасып, жауабыңды жұма күні өзін хабарласып берерсің, деп барлық жәйді бір-ақ ақтарды. Мұндай ұсыныстан кім бас тартсын, Қызылжардағы жұмысымды бірыңғайлап, сәуірдің 12 күні атынан ат үркетін, қазақтың нелер жақсылары мен жайсандарының қолының ыстық табы қалған, атақты «Егемен Қазақстан» газетіне қызметке кірдім. Ер-аға менің жазып-сызып жүргендерімнен хабардар болуы керек, әйтеуір бірден сенім артып, жауапты тапсырмаларды да сеніп тапсыра бастады. Соның ішінде жұмысқа шыққаныма ай толмай жатып, Президенттің ресми сапарына бірге шығып, жазуды тапсырған еді. Жаңадан қызметке тұрғандарды «тілші» лауазымына алады екен, ал Ер-аға мұнда да мені бірден, одан гөрі әлдеқайда биік «шолушы» қызметіне тағайындады. Осының бәрі де Алланың мені Ер-ағаның қолымен қолдағаны деп білемін...

Өзін аңсаған сүйікті жұмысың болса, жазарың көп, қазаның қайнап тұрса, онда қалай құлшына кіріспессің... Мен де барымды салып қызмет істеп, редакция өміріне тез кірігіп кеттім. Жазғым келген тақырыптар өте көп еді, бәріне де жетуге асықтым. Мақалаларым да бұрқырап шығып жатты. Кешке үйге қайтпай, тоғыз-ондарға дейін отырып, жұмыс істедім. Осындай, жұмысқа күмпі беріп түсіп кеткен жағдайда «ақ үй» туралы аз ойлайтын болдық, бірақ оны бір сәт те естен шығарған емеспіз.

Сондай күндердің бірінде, жылдың аяғына таман Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Тайыр Мансұров «Абылайдың ақ үйіне» арналған әкімдіктегі үлкен кеңеске шақырды. Жұмыстан сұранып, барып қайтуға тура келді.

Обалы не керек, Тайыр Мансұров мені көптен білетін адамша, барынша жақсы қарсы алды. Бұдан оның «Ақ үйге» байланысты барлық материалдармен жақсылап танысқаны, біздің мақалаларды мұқият оқығаны көрініп тұрды. Сол кеңесте көп нәрсе айтылды, соның ішінде Үкіметтен ақша бөлдіру ісі жолға түскені айтылғаны анық есімде.

Содан бергі қозғалыстар туралы мен көп біле қоймаймын, әйтеуір газетке жазылу мәселесімен облысқа іссапарға барып, бір кіргенімізде Т.Мансұров «ақ үйдің» әупіріммен «Мәдени мұра» бағдарламасына енгізілгенін айтты. 2005 жылдың ақпанында Қызылжарға келген сапарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа да «Абылайдың ақ үйі» туралы айттым. Ол кісі ханның үйін қалпына келтіруді бірден қолдады, соның арқасында ғана «Мәдени мұра» бағдарламасының басында отырғандарды көндіре алдық, — деген еді ол.

2006 жылы «Егемен Қазақстан» газеті редакциясының атынан хат жіберіп, үйдің қалпына келтірілу жайын ресми түрде сұратқан едік. Оған сол кездегі мәдениет басқармасының бастығы Рүстем Бекенев қол қойған жауап келді. Онда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2004 жылғы 12 қаңтардағы Жарлығымен бекітілген «Мәдени мұра» бағдарламасына «Абылайдың ақ үйін» қалпына келтіру шығыстары елдегі аса маңызды 30 тарихи және мәдени ескерткіштер қатарында енгізіліп, «Казреставрация» мемлекеттік кәсіпорынының әзірлеуімен жобалық-сметалық құны 560 млн. теңгеге сәйкес болып, қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатқаны айтылыпты. Сонымен бірге үйдің алдына Абылайдың ат үстіндегі ескерткіші қойылатынын

да жеткізіпті. Оның архитекторы С.Баймағамбетов, ал мүсіншісі Қ.Сатыбалдин екені айтылыпты.. Сонымен бірге Р.Бекенов өз хатында 2006 жылға республикалық бюджеттен аталған соманың 308 млн. теңгесі бөлінгенін, оған сәйкес жұмыстарды жүргізуді «Құлагер» құрылыс корпорациясы ашық конкурста жеңіп алып, 11 сәуірден бастап жұмысқа кіріскенін, ал 1 тамызға дейінгі мәлімет бойынша соның 107 млн. теңгесі игерілгенін айтыпты. Ал көркемдеу жұмыстарына «Казреставрация» РМК, «Дара» ЖШС сияқты маманданған кәсіпорындарды тарту жоспарланып отырғаны да жеткізілген екен.

Осының бәрі үлкен жеңіс еді. Солтүстік Қазақстан облысындағы мәдени шараларға осыншалық көлемдегі инвестиция республикалық бюджеттен бұрын-соңды бөлінбеген де шығар. Ең бастысы елдің шетінде Абылайдың аты қайта жаңғырығып, есімі ауыздан-ауызға әсерлене таралып жатты. Кеңестік идеологияның кереғарлық кесапатының кесірінен өз ханынан өзі жеріп кеткен ұрпағы оны қайта тапты. Абылайдың «атақты түсін» көзі ашық жанның бәрі біледі ғой, дегенмен осы арада қайталап өткеннің артығы болмас.

Бір күні хан орнынан шаршап тұрып, мең-зең болып отырған үстіне ақылшысы (қазіргі тілмен айтқанда кеңесшісі) Бұқар жырау кіреді. Хан оған жәйсіз түс көргенін, түсінде ақбозатпен үстіне ақ кіреуке киіп келе жатқанын айтады. –Сол кезде алдымнан арыстан қашты, дейді хан. Қуып жетіп, қарнын жарып жіберіп едім, ішінен жолбарыс атып шығып, тұра қашты, оны да қуып жетіп, ішін жарып жіберіп едім, ішінен қасқыр қашты. Қасқырды да қуып жетіп, ішін жарып жібергенімде ішінен түлкі қашты. Оны да қуып жетіп ішін

жарған едім, одан бақа-шаян, құрт-құмырсқа шыға келді. Олар менен қашқан жоқ, қайта атымның аяғына оралып, үстіме қаптауға айналды, содан шошынып ояндым, – дейді. Сұңғыла Бұқар жырау бұл түсті былай шешкен екен: Ақбозатқа мініп, ақ кіреуке мініп шыққанын – ақ киізге көтеріліп, қазақтың Ұлы ханының тағына отырғанын, алдыңнан арыстан қашқаны – сенен туған баланың арыстандай айбатты болатыны, ал одан жолбарыс шыққаны – немереннің жолбарыстай қайратты болатыны, одан қасқыр қашқаны – шөбереннің қасқырдай қайсар болатыны, одан түлкі шыққаны – «заманын түлкі болса, тазы боп шал» дегендей өз заманына лайық төртінші ұрпағыңның түлкідей қу болатыны, ал одан бақа-шаян, құрт-құмырсқаның шыққаны, хан ием, кешір мені, бесінші ұрпағың бұзылып, сенің қасиетінді бағаламай, аяғыңнан шалып, басыңды қорлайтынының белгісі депті.

Шынында да, Абылайдың бесінші ұрпағы (бұл жерде тікелей ұрпағы емес, қазақтың хан заманынан кейінгі бесінші буынын айтып отырмыз) замананың терістен соққан желімен, кеспірсіз кеңестік идеологияның құрбандары болған олар кешегі өздерін ел қылып, сақтап қалған Ұлы ханына күл-қоқысты аямай-ашымай шашты емес пе?

Ал одан кейінгі буындар тіпті хан есімін ұмытуға да айналған. Осындай жағдай қалыптасқан Қызылжарда да оның есімі қайта жарқ етті. Есімін білген ақыл-ойлы адам оның ерлігі мен елдік істерін де білуге ұмтылары хақ. Сөйтіп, қазақ тарихының көмескі беттеріне сәуле түсіп, қазіргі және келешек ұрпақтың оны біле түсуіне жалпыламадан гөрі нақтырақ, жалқы жол ашылды.

Біздің басты арманымыз да сол еді, соның орындала бастағанына мәз-майрам болып жүрдік. Бұған кеудесінде намысы, жүрегінде патриоттық жалыны бар қазақтың бәрі де қуанатын. Бірақ қай күндегідей тырнақ астынан кір іздеп, елдік іске есерлене қарсы шығатын пасық жандар бұл жерден де табылды... («Бақа-шаян, құрт-құмырсқалар» оңайлықпен өлуші ме еді?).

...2007 жылдың қысы ортасынан ауып бара жатқан мезгіл еді. Астанадағы пәтерімде түнгі сағат он екілердің кезінде телефон шар ете қалды. Беймезгіл уақытта телефон жайдан – жай соғылмайды ғой, жүрегім су етіп, тұтқаны көтердім. Бұл – облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің сол кездегі бас редакторы Жарасбай Сүлейменов екен. Жәкеңнің жайшылықтағы барынша сабырлы, қоңыр даусы жоқ, қыстыға шыққан үнмен өзінің облыс әкімі Т.Мансұровтың тапсырмасымен хабарласып тұрғанын жеткізді. Үніндегі қатты кобалжу маған да беріліп, жүрегім атқақтай соғып кетті.

Алматыдан шығатын халықаралық «Түркістан» газетіне Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры Зарқын Тайшыбай деген сұхбат беріп, Қызылжарда «Абылайдың ақ үйі» деген болған емес, біреулердің өтірік айтуымен облыстық әкімдік шала шабылып, бір қалған ескі үйді ханның үйі деп жалаулатып, қалпына келтіріп жатыр, оған өкіметтен тектен-текке бәленбай миллион ақша бөлінді деп байбалам салыпты. Облыс әкімі осы үйдің мәселесін көптен көтеріп жүрген адам ретінде сізден сол мақалаға қарсы пікір жазуыңызды сұрайды, деді Ж.Сүлейменов.

Әрине, бұл төбеден жай түсіргендей жайсыз хабар еді. Үш жылдан бері тірнектеп жүріп қол жеткізген

дүниемізді көлденең біреу талақ етіп, түкке тұрғысыз қылып тастаса күйінбей көр. Сол түнді көрер таңды көзбен атырдық десек – бұл көңіл - күйді жеңіл-желпі ғана айта салғаным болар еді. Зығырданым қайнап, төсекке де жата алмай, қайта-қайта тұрып кетіп отырдым.

Апырау, ұлттық дүниенің ұлықталып жатқанына да қарсы адам болады екен-ау... Абылай менің атам емес, руласым емес, иісі қазақтың ханы, елінің абыройы емес пе еді, Тайшыбайдың соны түсінбегені ме? Тіпті, Абылайдың үйі болмаған күннің өзінде ханның атында жаңа үй салынып жатса да қуану керек емес пе? Ал бұл жерде ханға үй салынғаны тарихи факті ретінде дәлелденді ғой, талай газеттерге жаздық. Соны Тайшыбайдың оқымағаны ма? Жоқ, оқымауы мүмкін емес, газет-журналға сергек қарап жүретін адам сияқты-тын... Ендеше мынау не қылған қысастығы, әлде қастығы ма? Әлде... Ол Абылайдың үйін жоққа шығаратын тарихи дәлел тапты ма екен? Ондайды біз не ғып көрмедік? Ол қандай дәлел болуы мүмкін? Біздің сенген Ш.Уәлиханов, В.Басин, сол жылдары шыққан «Новые ежемесячные сочинения» журналы тт. өтірік жазғаны ма? Ол ол ма, «Абылайдың үйі» деп мемлекеттік мүліктердің тіркеліміне де алынған ғой, сонда ол да дұрыс болмағаны ма? Алла-ау, бәрін жоққа шығаратындай Тайшыбай не тапты екен, сонда?

Әйтеуір, сол түні басыма нелер таңғажайып ойлар келіп кетпеді десеңізші... Дөңбекшумен жатып, көрер таңды көзімен атырдым. Ертесіне таң атпай жүгіріп «Түркістанды» таптым...

Өзін тілшіге абылайтанушы ғалыммын, «Абылай хан» деген атакты еңбек жазған үлкен маманмын де-

ген мағынада таныстырған сияқты, сондықтан шығар, сұхбатты жазған Ж.Шағатай деген журналистің газеттің толық бір бетіне шыққан мақаладағы сөз саптауынан «маманның» сөзін жөптеу басым екені көрініп тұр. Кіріспе бөлімінде де З.Тайшыбайды М.Қозыбаев атындағы университеттің профессоры деп таныстырыпты. Қандай ғылымның маманы екенін айтуды қасақана «құмытып» кеткен сияқты. Бұл да З.Тайшыбайды көпе көрінеу көтермелеудің амалы. Әйтпесе, оның ғылыми атағы — филология ғылымының кандидаты екенін жазса, оқыған жұрт: «профессор дегенге тарихтың сүйегін шағып, майын ішкен тарих ғылымының докторы, не болмаса кандидаты ма десем, мынауың әдебиетші екен ғой» деп қалуы мүмкін ғой...

Осы мақаланы сүзіп оқып шыққан біз Қызылжарға салынған «Абылайдың ақ үйін» жоққа шығаратын ешқандай ғылыми дәлел, тарихи факті таппадық. Бәрі бос даурықпа, жалаң сөз, құрғақ демагогия. Оның үстіне қашаннан өзіне тән біржақты алыпқашпалығымен Зақаң сөз емес сөзді көйітіп, қыздырманың қызыл тілін безей берген. Айғайы мен ойбайынан басқа түк те жоқ.

Сонымен Зарқын Тайшыбай не дейді дейсіз ғой? Соның дегенін талдауға уақыт бөлудің өзі артық болса да негізгі деген жерлеріне оқырман үшін тоқталмай болмайды.

Тілшінің «Абылайдың ақ үйі деген бұрын-сонды болмаған ба» деген сұрағына Тайшыбай: «Болмаған. Менің сенімді жауабым осы. Дәлел жеткілікті. Әуелі Абылай ханның адам ретіндегі, азамат ретіндегі мінез-құлқын, содан кейін батыр, сұлтан, хан ретіндегі қызметі мен ұстанған принципі мен саясатын тану керек. Мұның бәрі Ресей мен Қытай мұрағаттарында сақтаулы

құжаттарды терең зерттеу арқылы танылады. Солардың бәрінде алғаш халықаралық саясатқа халық атынан толық өкілетпен қатысып, Ресей мемлекетімен **келісімшартқа** (қарайтқан біз Ж.С.) қол қойған 1740 жылдың күзінен бастап, танылған Абылайдың дербестік ұстанғаны, бері қойғанда Орта жүзді жеке-дара билеп, тәуелсіз мемлекеттік саясатты дипломатиямен ұштастырып отырғаны айдан анық», дей келіп, «Абылайдың ақ үйі» туралы әңгіме, ең өкініштісі, міне, Абылайдың тәуелсіздігін жоққа шығарады. Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы деген баяғыда-ақ талқан болған негізсіз қағиданы қайта бықсытады» деп қорытады.

Па, шіркін. Тарихи фактіні айтқан біз ақырында социализм идеологиясының жоқшысы болып шығыппыз. Кейбір даңғой қазақтардың «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп ұра беретіндігін шенеп Герольд Бельгердің: «...дүңкілдет қазақ, жарқылдат қазақ, жалтылдат қазақ...» деп өлтіре сынайтын бір мысқылы бар еді, мынауың дәл соның өзіне сұранып тұр...

«Болмаған» дейді Зақаң бұлтартпас үнмен. Жақсы. Ал енді сол пікірін тым болмаса бір құжатпен дәлелдеуі керек еді ғой. В.Басиннің жазғаны жалған, Ш.Уәлихановтыкі өтірік, міне, мына құжат соны растайды десе ойланар едік... Мына жерде не айтуға болады? Бәрі бос сөз, құрғақ мылжың. Апырау, Абылайға үй салынғанымен оның «мінез-құлқы, батыр, сұлтан, хан ретіндегі принципін» қандай қатысы бар? «Ресей мен Қытай мұрағаттарындағы құжаттарды» зерттесе, олар үй туралы не айтқан екен? Тым болмаса бір нақты дәлел келтіре алмаған ғой.

Айта кетейік, біз төменде оның осы аузын толтырып отырған Ресей мен Қытай мұрағаттарындағы құжаттарды қалай «көргеніне» арнаулы тоқталамыз.

1740 жылы Ресей мемлекетімен «келісімшартқа» қол қойған деп соғыпты. Бұл да көшедегі демагогтардың құр айғайы. Сол жылы Орынборға барып, Абылайдың бодандықты қабылдап ант бергені тарихтан белгілі. (Қазақстан тарихы, 3 том., А-ты., «Атамұра», 2002 ж., 165б.). Оны тарихшылар Зақаң құсап қалтадан алып, соға салған жоқ, тарихи құжаттардың негізінде жазды. Осыны Тайшыбай «келісімшарт» жасады десе оның ғалымдығының қаншалықты дәрежеде екендігі өз-өзінен көрініп тұр. «Келісімшарт» тараптардың тең құқылы жағдайында қандай да бір әрекетке келісу құжаты екенін де «ғалымымыз» біле бермейді екен.

Осы Зарқын Тайшыбай сияқты айтқыштар мен жазғыштарда ол кездегі халықты, әсіресе батырлар мен билерді, хан-сұлтандарды қазіргі халықтан мүлде басқа болған секілді көретін бір тенденция бар. Оларда адами сұраныс, тілек, пиғыл мүлде басқа болғандай көріп, оларды бір ертегінің кейіпкеріне, мифологиялық тұлғаға айналдыру басым. Пенденің сұранысы, талабы Адам Ата мен Хауа Анадан жаралғаннан бері бір болып келетінін тануға олардың кеуделерінде күпсінген «жалаңпатриоттық» сезімдері жібермейді. Қай кездегі пенденің бәрі де жақсы, жәйлі тұрмыста өмір сүргісі келген және келе де береді. Хан болса да Абылай да пенде, оның да жоқ-жітігі бар. Патшаның жергілікті билеушілері өзіне үй салып береміз деп тұрса – ол неге бас тартсын? Немесе тіпті өзі ағаштан үй салып беруді сұраса – оның несі айып? Арқаның аязды қысында пеші бар, жылы, жарық ағаш үйде отырғанның терезе орнына қойдың қарнын тұтқан, түтін шықпайтын, саздан құйылып, шыммен жабылып, ыстан қап-қара болған балшық үйде отырғанға қарағанда анағұрлым артық

екенін хан көрмеді дей ме екен? Жоғарыда біз Сібір әскерлерінің басшысы Антон Скалонның Сыртқы істер коллегиясына жазған хатын да келтірдік. Онда генерал Абылай мен Салтамамет сұлтандардың бұрынғы үйдің маңындағы мал оты тозуына байланысты жаңа үй салып беруді өтінгені айтылған. Демек, ханның өзі ағаш үйдің артықшылығына көзі жетіп, оның және біреуін салуды сұраған.

Жоғарыда біз Абылайдың түсіне сәйкес оның бесінші ұрпағы өзіне қарсы шыққан «бақа-шаян, құрт-құмырсқа» болғанын айттық. Зарқын Тайшыбай сияқтыларды ондайға қосуға болмайды, мұндайлар, керісінше, Абылайды адамдық бейнеден асырып, жоғарыда айтқанымыздай, мифологиялық тұлғаға, ертегінің, аңыздың кейіпкері секілді, «шапса қылыш өтпейтін, атса оқ өтпейтін» ерекше жан ретінде танытқысы келеді. Оның үстіне саясаты, ұстанған принциптері де пенделіктен ада, аппақ, пәк болған қылып суреттеуге тырысады. Оның әрбір қылығын, әрекетін, сөздерін қатардағы пенденің ұғымына жатпайтын қағидатпен түсіндіргілері келеді. Осының бәрі біз жоғарыда айтқан «урапатриоттық» немесе «жалаңпатриоттық» сезімнің саналарын қатты улап алған сандырақтары.

Шын мәнінде Абылай да пенде, пенде болғанда да тарихи миссиясы ретінде тағдыр оның пешенесіне екі киттің ортасындағы кең даланың жүген-құрық тимеген аламан мінезді, асау халқын басқаруды бұйырған пендесі. Ал енді осындай жағдайда алымдылығы, батырлығы, шешендігі мен көсемдігіне қоса қулығына құрық бойламайтын терең болмай, оның үстіне екіжақты да қанағаттандырып отыратын саясат немесе қазіргі тілмен айтқанда екітүрлі стандарт ұстанбай көр. Абы-

лай осының бәрін басынан кеше отырып, орыстың да қытайдың да тілін таба білді. Олардың өзіне ұсынған түрлі сыйлық, еңбекақы төлеу, үй салып беру сияқты жақсы ишараларынан да бас тартқан жоқ. Өйткені, оларды алдарқатып, өзінің берілгендігіне сезік тудырмас үшін де солай еткенін маман тарихшылар қазір жазып жатыр.

Осының бәрін айтып отырған себебіміз: 3. Тайшыбайдың Абылайдың «қатын патша» салдырған үйдетұруы мүмкін емес деген бір жақты, жалаң патриоттық тұжырымын жоққа шығарудың дәлелдері. Тайшыбай өз қорытындысында: «ол Ресейге қазақ даласының бір сүйем жерін бермей, халқын тәуелсіз (не айтпақ болды екен? Ж.С.) билеген. Қырық жылға тарта Орта жүзді жеке-дара билеп, солтүстіктегі көршінің отаршылдық ниетіне табанды қарсылық көрсетті. Абылай тірі тұрғанда Ресей, қанша қуатты мемлекет болса да қазақ жерлеріне қол сұға алмады. Анысын аңдып, бейтарап стратегиялық саясат ұстанды. Түрлі жоспарлар жасады» дейді.

Әдебиетте гипербола деген көтере суреттеуді жеткізетін тәсіл болатын. Бір сөзден бір сөзді асыра дәріптеуді осыған жатқызады. Зақанның мына сөздері де ғалымның талдауы емес, сол гиперболамен бір жақты дәріптеу сияқты. Мұндай асыра сілтеулерді пікірталаста, тарихи фактілерді талқылағанда емес, жас балалардың санасына Абылайдың рухын себу мақсатымен айтса болады.

Ал шын мәнінде орыс патшалығының экспансиясы Абылай заманында да терең жүргізілгенін біз алғашқы тарауларымызда-ақ көрсеттік. Мәселен, бұрынғы «Ишимская линиясының» орнына жаңадан жүргізілген «Ново-ишимская линия» (Қасірет белдеуі) атты шекара сызығы бойынша Қазақ жерінің 150 мың шаршы шақырымын

олар өздеріне қосып алды. (Қараңыз II тарау). Бұл белдеу генерал Киндерманның басшылығымен 1740 жылдан бастап жүргізіле бастаған. Қазақ жеріне салынған Омбы қорғаны, оның маңындағы үлкен жер-сулар да сол кезде Ресей қоластына өтіп кетті. Одан басқа да қорғандар мен бекіністер салынды. Орта Жүзді «жеке-дара» билемесе де бұл кез Абылайдың атқа нық отырған уақыты еді. Ендеше «бір сүйем жерін де бермеген» деген ода артықтау емес пе?

Зақанның Абылайдың үйден бас тарту себебін айтқан одан арғы дәйектеріне тоқталсақ, аңқаулық па, балалық, шалалық па деп күлуден басқа амалыңыз болмайды. Ол Сібір әскерлері шебінің бастығы фон Веймарн дегеннің 1760 жылы жасаған жоспарын ауызға алады. (Бірақ оны қай жерде көргенін, қандай архивтен немесе деректен алғанын әсте көрсетпейді). Міне, сол жоспарда фон Веймарн «қазақтарды «жуасыту үшін» оларға қора-қопсы салып берейік, сонда олардың малдары да, жандары да әлжуазданады-мыс деп Сенатқа ұсыныс түсіріпті. Соңғылары оны бекітіпті-мыс. Ал енді осыған күлмей көр. Зақанның Абылайды патша қызметкерлері салған үйге жолатқысы келмей жүргенінің де басты себебі сол – әлжуазданып кеткенінен сақтап жүр екен ғой...

Алдымен Тайшыбайдың орыс патшасы өкіметінің іс-қағаздарын жүргізудегі субординациялық тәртібін де білмейтіндігіне көңіл аударғымыз келеді. Сібір әскерлерінің басшысы ешқашан өздігінен Сенатқа хат жазбайды, ол жазса алдымен Сыртқы істер коллегиясына ұсыныс түсіреді. Ал соңғылары ұсынысты дұрыс деп тапса, Сенаттың шешімін шығарту үшін хат түсіреді. Бұл да болса Тайшыбайдың тарихты үстірт қарап, шала білетіндігінің бір дәлелі. Енді «мыс» деп жазып отырған

себебімізге келетін болсақ, ол деректі қайдан алғанын ашып көрсетпейді, сондықтан оның рас-өтірігін білу қиын. Сыдыртып өте шыққанына қарағанда осының көбі ойдан шығарылған дүниелері сияқты. Үшіншіден, пішен жеген мал мен отырықшы болған адам әлжуазданады дегенге кім сенеді? Ол қайдан шыққан, кімнің дәлелдеген теориясы? Абылайдың өзі де отырықшы болуды армандағаны қайда? Өлерінде: халқымды ынтымаққа ұйытып, бірауызды қыла алмадым, сыртқы жауға қарсы тұратын әскер құра алмадым, жер емуді үйретіп, қала сала алмадым, деп өкініп кеткен жоқ па еді, қайран хан. Ал Тайшыбайша ойласақ мықты болу үшін тек көшіп жүре беруіміз керек екен. Жәй да қазақ 1917 жылға дейін көшіп келді ғой, көшпенділік мықты болса отарлықты сонда неге серпіп тастамапты? Әлде бұл зеңбірек пен мылтыққа төтеп бере алмайтын мықтылық па?

Ақырында Тайшыбай көп бұлталақтап, патшалық әкімдерінің Абылайға үй салып бергенін мойындайды, бірақ бұл үй «Петропавлдан 250 шақырым жердегі Қылшақты өзенінің бойындағы Жаңақыстау деген орында. («Енгистау» дегенді бұл Жаңақыстау деп қалған сияқты. Бұл М.Бенюхтікінен де өткен сорақылық болды ғой, ол тым болмаса Жалғызтау деп 150 шақырым жердегі тауды айтып еді Ж.С.). Онда арнайы жоба бойынша төрт ғимарат салып береді» дей келіп, 2003 жылдың қараша айында «Егеменнің» бірінші бетіне алғаш рет біз жариялаған, жұрттың бәрі көрген жобаның деректерін «мен тапқанмын» деп беті бүлк етпей, тақылдатып айтып беріпті.

«Жамантайдың баласы Көжек деген, Әркімге өсек тасып безектеген. Досын келіп досына жамандайды – Шіркінде ес болсайшы сезет деген» деп Абай айтпақшы,

осыным ұят болмай ма, сезіп қалар-ау деген шіркінде ес болсашы... Осы ғылыммен адал айналысатын адамның ісі ме? Қай күндегі ғылым өзінен бұрын табылған дүниені айтқанда авторын көрсетіп отырмайтын ба еді? Тайшыбайда мұндай атымен жоқ, ендеше ғылым деген оның татпаған дәмі деп айтуға болады емес пе?

Тайшыбай мырза одан да үлкен ұрлық қылып, мен ғалыммын деп кеудесін қағып жүр. Жалпы, біреудің еңбегін иеленуге бұл кісі әбден машықтанып алғанға ұқсайды. Ол туралы біз төменде тағы да толығырақ тоқталатын боламыз.

Ал енді, осы, соңғы үйде Абылай хан, жоғарыдағы теориясымағына сәйкес, «әлжуазданып» кетемін деп қорықпай қалай тұрғанын айтпайды, Зақаң. Бұл жерге оның теориясы жүрмей қалыпты. Жоғарыда біз айтқан Ш.Уәлиханов, В.Басин, А.Скалон және «Новые ежемесячные сочинения» деген журналдағы деректердің бәрін ешқандай сілтемесіз, ештеңеге сүйенбей-ақ өзінің кеудемсоқтығымен теріске шығарып, «1765 жылы салынған үй осы» дейді. «Ол жылы және одан кейін де, немесе бұрын да Абылайға арнап басқа жерде үй салынған емес. Басқа қыстауы болған жоқ (Жаңақыстаудан басқа дегені Ж.С.) дейді ол.

Бір деректерді теріске шығару үшін одан гөрі мықты, дәлелді, логикалық сенімділігі мықты деректер керек екеніне ол пысықрмайды да. «Айттым бітті, кестім үзілді» деген көшедегі тобырды ғана иландыруы мүмкін ұшқары тұжырымдар ғылымға жүрмейтінін бұл адам мүлде білмейтін секілді.

Қырық жыл бойы хан болып, қазақтың терістігі мен түстігінің арасын билеп өткен Абылайдың Жаңақыстаудан басқа қыстауы болмады деген сөз

де ақылға қонымсыз екенін ғалымсымағымыз (біз Тайшыбайдың осы жердегі ғалымдығын айтып отырмыз Ж.С.) тіпті де қаперге алмайды. Басқасын былай қойғанда бір Шортан тауында ғана Абылайдың «Хан асуы», «Хан көлі», «Ханның қызыл ағашы» сияқты қоныстары болған. (Е.Мырзахметов., «Абылай» жинақ., А., 1993 ж., Құрастырған С.Қарамендин., 156).

Ал Петропавлдан 250 шақырым жерде салынған үйді «Әулие Петр» қорғанына қарсы салынған үй деп есі дұрыс адам айтар ма еді? Бұл екі ортада белгі қылатын жүздеген нысандар бар емес пе? «Есілдің бойына салынған» деген дәйекті Тайшыбай мүлде ауызға да алмайды. «Новые ежемесячные сочинения» деген журналды «осыдан 20 жыл бұрын көріп, бірнеше санымен танысып шыққанбыз» деп бөсіпті. Мұнысы да шіп-шикі өтірік. Өйткені, 1795 жылы, яғни осыдан 200 жылдан артық жыл бұрын шыққан журналды ол қай архивте, қай кітапханада көргенін әсте айта алмайды. Ескі славян тілінде жазылған оның тілін ұғып, аударып оқуға да Тайшыбайдың қарымы жете бермесіне кәмілміз.

«Тіпті, Орынборға бірінің орнына бірі келіп, ауысып-түйісіп жатқан губернаторлардың, генералдардың ешқайсысымен Абылай бетпе-бет кездеспеген. Сондай-ақ, 1742 жылдан бастап не Орынборға, не Петропавл бекінісіне ат ізін салмаған. Орыстың шені биік бірде-бір әскери адамымен жүздеспеген және нағыз тәуелсіз саясат ұстанған».

Тайшыбайдың ойынша тәуелсіз болу үшін ешқандай шені биік адаммен кездеспеу жеткілікті секілді.

Газеттің бір бетін толығымен алған осындай демагогияны түгел талдап шығудан аулақпыз, бірақ ұрлыққа жататын, жоғарыда біз ауызға алған, бір факты туралы айтпай кетуге болмай тұр.

Петропавлдың «Астана» атты баспасынан Зарқын Тайшыбайдың «Абылай хан» атты қалың жинағы жарық көрді. Бұған қарап, мынауың нағыз «абылайтанушы» екен ғой деп қалмаңыз. Бұл 1961 жылы Алматыда шыққан «Русско-казахские отношения в XVII—XVIII вв.» атты құжаттар жинағын қазақшаға аударып, бастырған кітап. Әрине, үлкен еңбек, бірақ ешқандай жаңалық емес, бұлардың бәрі ерте күннен ғылыми айналысқа енген құжаттар. Үлкен шрифтпен тергеннен қалыңдығы 400 бетке жеткен кітаптың ішінде 100 бетке жуығы Абылайға еш қатысы жоқ, оның бала кезіндегі 1718-1730 жылдардағы Кіші Жүз хан-сұлтандарының Орынбор бекінісі басшыларымен жазысқан хаттары болып шықты. Ал енді мына қызыққа қараңыз...

Осы кітабына Тайшыбай белгілі ғалым Қойшығара Салғараұлының қазақ хандығы мен Шың империясы арасындағы қарым-қатынастарына байланысты «100 құжат» деп аталатын жинағынан Абылай ханға қатысты жерлерін бір сөзін өзгертпей қоса салыпты. Осы ұрлық емей немене? Ғалымның қытай еліне барып, тірнектеп отырып жинаған дүниелерін Зақаң: «қытай мемлекетінің мұрағаттарынан Қ.Салғара әкелген құжаттарды... (Тайшыбайға меншіктеуге әкелген сияқты Ж.С.) алып қостық» деп өзінше түсінік беріп, автордың келісімі бар-жоғын көрсетпей, бәрін жалғыз өзінің атынан шығарып, Абылай туралы қалың кітаптың иесі болып шыға келген. Шынында бұл кітапты Қ.Салғараұлы мен З.Тайшыбай құрастырған десе шындыққа жақын болатын еді ғой. Біз қызық үшін Қойшығара Салғараұлы ағамызға да хабарласып, осы жайға оның келісімі бар-жоғын сұрадық. Оған ағамыз Тайшыбай дегенді мүлде танымайтындығын айтты. Демек, Тайшыбай оның еңбектерін заңсыз иеленген.

Ал мұның атын арғы-бергі заманның барлық заңдары да ұрлық деп танитыны, оған тиісінше жаза қолданатыны белгілі. Заң «ұрлық» деп біреудің затын ұрлағанды ғана емес, ойын, еңбегін ұрлағанды да қылмыс деп таниды. Өкінішке орай, соңына түсіп, қуатын адам жоқ, әйтпесе Тайшыбайдың қылмысын сот мойнына қояр еді...

Енді бір ауыз сөз Зақанның аталмыш кітапты, яғни «Русско-казахские отношения в XVII – XVIII вв.» аудару сапасы туралы да айта кетейік. Біз арнайы тексермей тек үстірт қарағанның өзінде оның аудару сапасы өте төмен екендігін байқап қалдық. Мәселен, өзгесін қойып «крепость святого Петра» дегенді Тайшыбай «Петр ағзам бекінісі» деп аударыпты. «Ағзам» деген сөз патшаға қатысты айтылатын мадақ, ал қорғанның атауы христиан дінінің бір әулиесі Петрге арналған. Демек, «святой» деген сөз бұл арада «әулие» болып аударылуға тиісті екеніне де аудармашының қарымы жетпей қалған сияқты. Сондай-ақ «крепость» деген бекініс емес, «қорған» екені белгілі. Жоғарыдағы Абылайды «әлжуазданып» кетеді деген сөз де осындай олақ аударманың кесірінен туған секілді....

Мұндай шала білімді аудармалар құжаттың негізгі айтпақ болған ойын теріс ұғындырады, сондықтан ондайдың залалы кейінгі зерттеуші ғалымдарға, студенттер мен оқушыларға тиіп жатады. Олар құжаттың шын мазмұнын түсінбей, теріс кетіп, ғылыми қателікке ұрынуы мүмкін.

Біз Тайшыбайдың аталмыш мақаласына қарсы пікірімізді «Түркістан» газетіне «Абылайдың ақ үйі: Аңыз емес ақиқат» деген атпен жарияладық. Онда жоғарыда аталған барлық дерек, дәйектерімізді келтірумен қатар лирикалық шегініске де жол берген едік. Оның мәнісі былай.

Біз 2003 жылдан бастап «Абылайдың ақ үйін» қорғайық деп шырылдап жүргенде Қызылжардан, жоғарыда аттары аталған екі қарындастан басқа, бірде-бір адам бізді қолдап, баспасөз бетіне пікірін білдірген емес. Ал ол кезде біз қолдауға қатты зәру едік. Сондай күндердің бірінде осы Зарқын Тайшыбаймен кездесіп қалдым. Оның көп нәрсеге араласып, белсенділік танытып жүретінін жақсы білгендіктен оған «Абылайдың ақ үйі» туралы айтып, бір жағынан шығысып пікір білдіруін сұрадым. Бірақ Зақан тырсыып үндемей қалған еді. Сол кезден бастап ол «абылайтанушы» деген атаққа қатты қызыққан сияқты. Бұрын бұл іспен айналыспаған басы жобамен нақ сол кезден бастап жоғарыда аталған жинақты көтеріп, аударуға кірісіпті. Өзінің сөзіне қарағанда Омбы қаласының архивіне де барып, бірнеше құжаттар тапқан. Соның ішінде Петропавлда тұратын Нежин көпесі И.Курбанов Абылай өзінен 300 рубльдің тауарын алғаны туралы айтқан 1773 жылғы құжатты табады. Міне... Басқаны қойып, өзі тапқан осы құжаттың өзі-ақ оның: «Абылай 1742 жылдан бастап ...Петропавлға ат ізін салмаған» деген тұжырымын теріске шығармай ма? Жә, қойдық соны, ол ғылыммен таза айналыспаған, тек «жириновскийлік» демагогияның адамы екені түсінген адамға көрінді ғой.

Біздің айтпағымыз басқа еді. «Абылайдың ақ үйі» болғанын ақыры дәлелдеп, әуіріммен оны қалпына келтіру жұмыстары басталған сәтте жас «абылайтанушы» болып шыға келген Тайшыбай пікір өзінен шықпаған соң қызғаныштан жарыла жаздаған секілді. Сондықтан ол тасадан тас атып, оны жоққа шығаруға тырысқан сияқты.

Қазақтың маңдайына басқан жалғыз классикалық фильмі «Қыз Жібек». Ондағы әрбір қимыл, әрбір сөздің

терең символикалық мәні бар екені белгілі. Міне, сол фильмнің кульминациясында – Төлеген өзінің жұлдызды сәтінде артынан опасыздықпен атылған оқтан өліп бара жатады емес пе. Сол сәтте есі бір кіріп, Бекежанды көргенде, оның аузына сценарий авторы, өз халқының барлық мінезін жақсы білетін ұлы Ғабен (Ғабит Мүсірепов): «Қайран қазағым-ау, дүниеден алған бар еншің осы ма еді?» деген сөзді салады. Осы сөздің өте терең мәні бар. Қазақ бір-бірімен сыйлас, жолдас, тіпті дос болып жүрсе де бастасының үлкен табысқа қолы жеткен сәтінде жоқ жерден жалт беріп, іштарлық жасай қалады. Ең соңғы сәтте оған үлкен жақсылықты қимайды. Осы жаман мінез біздің басымыздан әлі де қалмай келеді.

Біздіңше, Тайшыбайдікі де сол... Ол ұзақ уақыт осы не бітіре қояр дейсің деп тісін басып жүрді де, енді біз күш алып, «үйдің» барлығы дәлелденіп, қалпына келтіріле бастаған сәтте «бекежаншылдыққа» басып жіберді. Ой-өрісі биіктен табылмаған болуы керек, ол осы жаман, күндес мінезден аса алмай, оның тұтқыны болып қала берді... Жоғарыда айтқан «лирикалық шегініс жасадық» дегенде біз осыны айтқан едік.

Біз осының бәрін «Түркістан» газетіне жазған едік, бірақ өресінің жеткен жері сол болуы керек, Тайшыбайдың демагогиясын еркін көсілткен олар да көп ойымызды қысқартып тастапты. Оның есесіне түсіп қалған біраз пікірлеріміз облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетіне жарияланды.

Айта кететін жәйт, 3.Тайшыбайдың аталмыш мақаласына қарсы «Солтүстік Қазақстан» газетінің бір-неше нөміріне ондаған мақалалар жарияланды. Өрине, оның сынының (тіпті сын деп айтуға да тұрмайды, тек бір

жақты даурықпа) бір ұшы өзіне де тиіп жатқанын көрген соң облыс әкімі Тайыр Мансұров осындай тапсырма бергендігі көрініп тұр. Бұрын «ақ үйді» қорғамақ түгіл, маңайына жоламаған талай журналистер, Солтүстік Қазақстан университетінің ғалымдары – бәр-бәрі оны болған, маңызы зор ескерткіш деп нешетүрлі дәлел, дәйектерін қарша боратыпты. Бәрі дұрыс-ақ, бірақ соны әкімнің бұйрығынсыз, өз жүректерінің қалауымен жазса – оларға зор алғыс айтар едік...

«Түркістан» газетінен басқа «Егеменнің» бетінде де «Орынсыз ой орға жығады» деген мақаламызбен З.Тайшыбайдың даурықпасын талқандай түстік. Білім және ғылым министрлігіне оның бір данасын жіберіп, жауап күткен едік, оның Ғылым комитетінен толымды жауап келді. (Қосымшаға суретін салып отырмыз). Мұнда «Ақ үйдің» болғанын растап, біз бұрын білмеген, академик Әлкей Марғұланның да жазғаны айтылған. Ал осы хатта көрсетілген бір кезде журналист, қазір шенеунік болып жүрген А.Қуантаевтың «Қазақстан мұрағаттары» журналына және «Солтүстік Қазақстан» газетіне шыққан мақалаларын біз де оқыдық. Ол да «ақ үйдің» жанашыры болмақ түгіл маңына жолаған адам емес еді, бірақ облыстық әкімдік дігерлеген соң амалсыз, архивте істейтін басы нәпақасын айырып отырған қызметімнен қуылып қалармын деген болуы керек, қолына қалам алыпты. Өзінің жазбаларында ол біздің тапқан дүниелерімізді тегіс қайталап және бәрін өзі тапқандай айтқан екен. Сілтеме көрсетілмей, өз атынан жариялаған соң мұның аты да қарапайым тілмен айтқанда ұрлық екенін өмірі ғылыми зерттеумен айналысып көрмеген ол тіпті білмейтін де секілді. Ол ол ма, бізді аңыздарды қайталады, ал өзін ғылыми дәлелге

ғана жүгінген «ғалым» етіп, асыра көрсеткен тұстары да бар...

«Күріштің арқасында күрмек су ішеді» деген түстік ағайындарда бір сөз бар, сол айтқандай ежелден біреу негізгі жұмысты атқарады да, жақсы нәтиже шықса оның шалғайына жабысатындар табылады емес пе? Мынау да соның кебі.

Бұдан басқа да «үйге» сіңірген «еңбектерін» айтушылар көбейді. Соның ішінде кейбіреулер бір кезде үн қатып, бір дыбыс беріп қалғандарын да бұлдап жатыр. Мәселен, бір үлкен жиналыста кезінде журналист болған бір ақсақал «Абылайдың ақ үйі» туралы газетке мен де партияның кезінде-ақ жазғанмын, сол үшін таяқта жегенмін дегенді айтты. Ондайы болса сол кісі «үй» үшін күрес жүріп жатқан кезде неге үнін шығармады екен? Демек, мақала жаздым, сол үшін қуғын көрдім дегеніне сену қиын...

Қорыта айтқанда... Қаңқасы ғана қалып, жер бетінен жойылуға шақ қалған осы үйді қайтадан тірілтіп, оны қатарға қосуға еңбек сіңірген ең негізгі төрт-ақ адам екенін атап кетуге тиіспін. **Олар: Қызылжардың байырғы тұрғыны, ұлтжанды азамат, патриот ақсақал – Кенжебек Әбішев.** Осы кісі жаны күйіп, алғашқы боп қозғау салмаса бәлкі басқаларымыз есептен шығарылған актіні де көрмей қалуымыз мүмкін еді. Сосын, өзін-өзі мақтапты деген қаңқу сөзден қорықпай тұрасын айтқанда, осы жолдардың авторы – **Жақсыбай Самрат.** Одан кейін, жанашырлық білдіріп, алғашқы болып, жергілікті билік жағынан қолдау білдірген, облыс әкімінің бұрынғы орынбасары – **Қуат Есімханов** және ең соңғысы, республикалық бюджеттен қаражат бөлдіруге қол жеткізіп, мәселені

түбегейлі шешкізген сол кездегі облыс әкімі Тайыр Мансұров. Ал олардың еңбектері осы кітаптың өне бойында көрінді, сондықтан қайталап жатудың қажеті жоқ деп ойлаймыз.

* * *

Абылайдың ақ үйі 2007 жылдың аяғында толығымен қалпына келтіріліп болды. Оған өте үлкен еңбек сіңіріліп, музей күйінде қызмет ету үшін барлық жағдай жасалды. Музей-кешеннің жалпы аумағы 1,2 гектар, бұрынғы үйді қалпына келтіріп, оның үстіне бөренеден жасалған кеңсе, монша секілді қосымша ғимараттарын салуға барлығы – 606 млн. теңгенің көлемінде қаражат жұмсалыпты. Мұның ішінде тұғыры Күрті гранитінен жасалынған Абылайдың 8 метрлік, ат үстіндегі қола ескерткішінің де шығыны бар.

Хан үйі құрылысының толық жүргізілуі Тайыр Мансұровтың әкім болған тұсында болғанын жоғарыда айттық. «Абылайдың ақ үйі» деген қазақы, қарапайым атау оған қарабайырлау көрінген сияқты, сондықтан ол «Абылай ханның резиденциясы» деп «еуропаландырыпты». Гранит тасқа да солай жазғызып қойған екен, бірақ қазір, Т.Мансұров кеткен соң үй қайтадан қазақы атауымен аталып жүр.

«Абылайдың ақ үйін» ресми түрде ашу бақыты Тайыр Мансұровтан кейін болған әкім Серік Біләловтың мандайына бұйырды. Бұл оқиға 2008 жылдың 21 тамызында болған еді. Сол күні Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары басталған. Осы сапардың кезінде өткізілетін шаралар аясына «Абылайдың ақ үйінің» ресми түрде ашылуы да енгізіліпті.

«Егемен Қазақстан» газетінің тапсырмасымен Президенттің сапарын жазуға барған біз оның ашылу салтанатына қатыса алдық. Бірақ үйді жер бетінен жоғалып кетуден аман сақтап қалған адам ретінде жоғарыда аттары аталған 4 кісінің бірі де салтанатқа ресми түрде шақырту алған жоқ... (Оған сол кезде әкімнің орынбасары болып, өзіне осы шараны ұйымдастыру міндеті жүктелген пенде кінәлі деп ойлаймыз). Айтылған сөздер мен мерекелік лебіздерде де олардың есімдері аталған емес. Бұл біздің бюрократтық, сезімсіз жүйеге ғана тән қылық еді. Ал, өркениеттің өріне шыққан, өрісті елдерде мұндай түйсіксіздікке ешқашан да жол берілмейді.

Президент Н.Назарбаев «Ақ үйдің» ашылғанына қатты қуанғанын жасырмай сөйледі. Осы оқиға туралы жазған «Ұлы рухтың оралған күні» атты мақаламызда оның мынадай сөздерін келтірген екенбіз: «Әрбір халықта есімі ешқашан ұмытылмайтын дара да, дана тұлғалар болады. Біздің қазақ халқы үшін Абылай сондай есім. Ол әрі дана қолбасшы, әрі батыр, әрі үлкен өнер иесі, әрі ғажап дипломат болған жан. Абылайдың елге сіңірген еңбегін жоғары бағалаған ақындар мен жыраулар оның есімін ғасырлар бойы айбынды сүреңмен еске алып, халықтың рухын көтеретін жалынды ұранға айналдырып жіберді. Алайда еліміз егемендігін алып, тәуелсіз болған соң ғана біз Абылайды халқымызға қайтара алдық. Ол қала салып, халқымды отырықшы қыла алмадым, жер емізіп, егіншілікті үйрете алмадым, үш жүздің басын құрап, жауға қарсы тұра алатын біртұтас ел ете алмадым деп өкінген екен. Иншалла, біз қазір соның бәріне қол жеткіздік. Енді бізді ұлы бабамыз Абылайдың айбынды рухы қолдап, еліміз гүлдене берсін». («Егемен Қазақстан», 22 тамыз, 2008 жыл).

Міне, Қызылжардағы «Абылайдың ақ үйінің» қысқаша айтқандағы тарихы осындай. Әрине, үш жүз жылға таяу

тарихы бар оның барлық тағдырын түгел қамтып шығу мүмкін емес. Оны әр заманның, әр кезеңнің зерттеушілері толықтыра жататынына сеніміміз мол.

Қазір ол халықты патриоттық рухта тәрбиелеуге қызмет ететін музей ретінде қызмет етіп тұр. Қаланың осы бағыттағы түрлі шаралары да осында өтетін болыпты. «Егеменге» шыққан мақаласында облыс әкімі Серік Біләлов ол туралы: «Қазір Абылайдың ақ үйіне тек қызылжарлықтар ғана емес, республикамыздың барлық аймақтарынан, сондай-ақ таяу және алыс шетелдерден ағылып келіп жататын қадірлі қонақтар да іздеп барып, тағзым ететін киелі орын саналады» деп жазыпты. (С.Біләлов., «ЕҚ», 30.04.10 жыл). Айтса айтқандай, Абылайдың ақ үйі қызылжарлықтардың барлық қонақтарына орынды мақтанышпен көрсете алатын жәдігері болып тұр. Оның қалпына келуіне қосқан үлесімізді мақтан тұтуға біздің де құқымыз бар деп білеміз...

Ал біздің міндет музейдің қызметін жазу болмағандықтан оның ішкі дүниесіне шолу жасамай-ақ, осымен еңбегімізді аяқтаймыз. Тек, «Солтүстік Қазақстан» газетінің 2008 жылғы 15 қыркүйектегі нөмірінде оның қазіргі күйі жөнінде белгілі журналист Роза Шәкенова толық етіп, төгілте жазғанын еске саламыз.

АСТАНА

21.08.2009 жыл

01.05. 2010 жыл.



МАЗМҰНЫ

Танымдық тағылымы мол еңбек	3
Алғысөз.....	6
I бөлім	8
Сол күнде ел қорғаған Абылайдың Қылсаң да аз қанша тәуәп моласына	
II бөлім.....	47
Қызыл жардың етегінде, “Әулие Петр” қорғанының түбінде туған қала	
III бөлім	86
Абылайдың ақ үйі – халқымыздың бақ үйі	

*Осы кітапты қолдап, жарыққа шығуына
көмек берген биология ғылымның докторы,
абзал азамат Әйіп ЫСҚАҚОВ
пен "Ғылым мен өндірістің
аграрлық одағы" ЖШС-на алғысымды білдіремін.*

Автор

Редакторы *Б. Қуандық*
Беттеген *Н. Абдина*
Мұқабаның дизайнері *Л. Шекен*
Корректоры *М. Самұратова*

Басуға 26.05.2010 ж. қол қойылды
Пішіні 84x108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі "Times New Roman". Шартты баспа табағы 10.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 498.

"Астана полиграфия" акционерлік қоғамының
баспаханасында басылды.
010000, Астана қ., Брусиловский к., 21. Байланыс тел.: 37-05-59.